



2023

Жылдық есеп

Мазмұны

Глоссарий	3
Топтың портреті	6
Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	7
Басқарма төрағасының үндеуі	8
Инвестициялық тартымдылық	9
Өңірлерде орналасу	11
Стратегиялық есеп	12
ЦентрКредит Банкі туралы мәліметтер	13
2023 жылғы негізгі оқиғалар мен марапаттар	14
Макроэкономиканы және банк секторын шолу	16
«Банк ЦентрКредит» АҚ даму стратегиясы	22
Нәтижелерді шолу	24
Бөлшек бизнес	25
Ірі бизнес	47
Шағын және орта бизнес	49
Қоғаммен байланыс	64
Қор нарығындағы және банкаралық нарықтағы операциялар	64
Корпоративтік басқару және корпоративтік оқиғалар	66
Корпоративтік басқару	67
Корпоративтік оқиғалар	68
Директорлар кеңесі	70
Басқарма	78
Акционерлер және капитал. Дивидендтік саясат	80
Ішкі аудит қызметі	82
Комплаенс-тәуекел	84
Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне 2023 жылы төленген сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат	85
«Банк ЦентрКредит» АҚ ұйымдық құрылымы	86
Тұрақты даму	88
Банктің ESG-трансформациясы	89
Әлеуметтік жауапкершілік	92
Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау	107
Қаржы нәтижелері	111
Активтер	112
Міндеттемелер	113
Капитал	114
Кірістілік	115
Кредит беру қызметі	116
Тәуекелдер бойынша есеп	118
Тәуекелді басқару жүйесі	119
2023 жылы сәйкестендірілген тәуекелдер	123
2023 жылы тәуекелді басқару	124
2024 жылы тәуекелді басқару жүйесін дамыту жоспары	126
Еншілес компаниялар	127
«BCC Invest» АҚ	128
«Sinoasia B&R» СК» АҚ	130
«CenterProject» ЖШС	134
«Center Leasing» ЖШС	136
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	140

Глоссарий

ATM	(Automated/Automatic Teller Machine) Банкомат
Bcc.Business	Занды тұлғаларға арналған «Интернет-банкинг» жүйесінің мобильді нұсқасы, мобильді құрылғы (смартфон, планшет) көмегімен динамикалық сәйкестендіру құралын немесе смс-кодты пайдалану арқылы электрондық банктік қызмет көрсетеді.
BCC.KZ	Жеке тұлғаларға қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі, интернет желісіне қосылған әртүрлі техникалық құрылғылардың (компьютер, смартфон, планшет және т.б.) көмегімен банктік шоттарды нақты уақыт (online) режимінде басқаруға мүмкіндік береді.
BCCI	«BCC Invest» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕҰ)
CIR	(Cost-to-Income ratio) Операциялық шығыстың операциялық кіріске қатынасы
CRM	(Customer Relationship Management) Клиенттермен өзара қарым-қатынасты басқару
CVM	(Customer Value Management) Тұтыну құндылығын басқару – өніммен алғаш жанасудан басталып, компаниямен жасалған соңғы өзара іс-қимылмен аяқталатын клиенттің құндылық жолының аспектілерін басқару тәсілі
DAU	(Daily Active Users) Күнделікті белсенді пайдаланушылар
ECB	«Eco Center Bank» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕБ, бұрынғы «Альфа-Банк» ЕБ АҚ)
ESG	Экология (Environmental), Әлеуметтік даму, өркендеу (Social), Корпоративтік басқару (Governance)
FX-платформа	Валюта айырбастауға арналған онлайн алаң
GF	Green Front платформасы - бұл Банк бөлімшелеріндегі клиенттерге қызмет көрсету бойынша бизнес-процестерді автоматтандыруға арналған фронталдық жүйе
HR	(Human Resources) Адам ресурстары
IPO	Акцияларды бастапқы орналастыру, бұл кезде компания өз қағаздарын алғаш рет нарыққа шығарып, оларды инвесторлар сатып алады
JB	JuniorBank
KPI	Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (key performance indicators) – мақсаттарға қол жеткізу дәрежесін немесе процестің оңтайлылығын өлшеуге көмектесетін қызметтің сандық көрсеткіштері, атап айтқанда, нәтижелілік және тиімділік
MAT	Бір айдағы белсенді транзакторлар саны
MAU	(Monthly Active Users) Бір айдағы бірегей пайдаланушылар саны
NIM / ТПМ	(Net interest margin) Таза пайыздық маржа
NPL	(Non-performing loan) Екінші деңгейдегі банктердің мерзімінен 90 күннен астам уақытқа кешіктірілген қарыздары
Open API	Front-end жүйелердің, төмен деңгейдегі кітапхана кодтарының және API түріндегі коммерциялық шешімдердің арасындағы интерфейсті ұсынатын көптеген құралдардың түрленген сипаттамасы мен экожүйесі
OTP	(One Time Password) – тек бір анықтап тану сеансына жарамды құпия сөз
POS-терминал	Төлем карталарын төлеуге қабылдауға арналған электрондық бағдарламалық-техникалық құрылғы
QR	(Quick Response code) Жылдам жауап беру коды
ROAA	(Return on average assets) Активтердің рентабельділігі
ROAE	(Return on average equity) Меншікті капиталдың рентабельділігі
Sinoasia/AO CK «Sinoasia B&R»	«Sinoasia B&R» (Синоазия БиЭндАр) сақтандыру компаниясы» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ ЕҰ)
SLA	(Service Level Agreement – қызмет көрсету деңгейі туралы келісім) – көрсетілетін қызметтің параметрлерін сипаттайтын сыртқы құжат (тапсырыс беруші мен орындаушы арасында болады)
SREP	Supervisory Review and Evaluation Process – Еуропалық орталық банктің тәжірибесі негізінде әзірленген әдіснама, оны ҚНРДА жыл сайын банктердің тәуекелдерін қадағалап бағалауы аясында қолданады
UPI	Бірыңғай төлем интерфейсі (UPI) – қаражатты банктік шоттарға лезде аударуға мүмкіндік беретін төлем тәсілі
UX/UI	UX-дизайн (User Experience – «пайдаланушы тәжірибесі») интерфейсін қалай жұмыс істейтініне жауап береді, UI-дизайн (User Interface – «пайдаланушы интерфейсі») интерфейсін қалай көрінетініне жауап береді
VaR	(Value at risk) – тәуекелді бағалау әдістерінің бірі, ол көбінесе пайызбен есептелетін және белгіленген уақыт аралығы үшін ықтималдығы белгіленген активтің шекті ауытқуын немесе оның құндық бағасын көрсететін көрсеткіш

VOC	(Voice of the Customer) Клиенттердің өнімдер мен қызметтерге деген қажеттілігін түсіну үшін пайдаланылатын пайдаланушылардың күтетін нәтижесі мен қажеттіліктерін зерттеу әдісі
АДМ	Автоматтандырылған депозиттік машина
«Даму» КДҚ» АҚ /«Даму» қоры / Даму	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
ҚНРДА	ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банктер
ЦКБ / Банк/ ВСС	«Банк ЦентрКредит» АҚ
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжат
СЭҚ	Сыртқы экономикалық қызмет
БО	Бас офис
ЦКБ тобы /Банк тобы	«Банк ЦентрКредит» АҚ компаниялар тобы
ЕМС	Ерікті медициналық сақтандыру
ЕҰ	Еншілес ұйым
ЕЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ЕҚДБ	Еуропалық қайта құру және даму банкі
БЖЗҚ	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
ЖЖ	Жалақы жобасы
ЖК	Жеке кәсіпкер
ПИҚ	Пайлық инвестициялық қор – бірлесіп инвестициялау үшін көптеген инвесторлардың (пайшылардың) активтерін жинайтын қор
АТТ	Ақпараттық-төлем терминалдары
АТ / IT	Ақпараттық технологиялар
Кампус	Кампустық картаның негізінде әртүрлі платформаларды бірыңғай жүйеге біріктіретін, ұйымның инфрақұрылымын басқарудың қолайлы жүйесі.
ІБ	Ірі бизнес
ШКЛ	«Шот бойынша кредит лимиті» – ЗТ арналған кредиттік өнім
ҚАК	Қолма-қол ақшалай кредит
КФО	Кредиттік фронт-офис
КО	Кредит орталығы
ШБ	Шағын бизнес
МҚ	Мобильді қосымша
ХТЖ	Халықаралық төлем жүйесі
ШОБ	Шағын және орта бизнес
БТҚЖ	Банкаралық төлем карточкалары жүйесі
АХҚО	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
ҚР ҰБ / Реттеуші	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ИМШ	Иесізденген металл шот – жеке белгілерін көрсетпей, тазартылған бағалы металдарды есепке алу үшін, сонымен қатар иесіз (заттай емес) тазартылған бағалы металдарды қабылдау, орналастыру және сатып алу-сату операцияларын жүргізу үшін банк ашатын металл шот
АЖ/ТҚ	Ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру
БҚ	Бағдарламалық қамсыздандыру
БТ	Басқарма төрағасы
ДҚТ	Директорлар кеңесінің төрағасы
ББ	Бөлшек бизнес
ОБ	Орта бизнес
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ДК	Директорлар кеңесі
ИБЖ	Интернет-банкінг жүйесі
КҚ	Комплаенс қызметі

ЛТЖ	Лездік төлемдер жүйесі
ОТБЖ	Операциялық тәуекелді басқару жүйесі
АШ	Ағымдағы шот
ӨҚКТ	Өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы
ЖТ	Жеке тұлға
ЕТҚ	Еңбекақы төлеу қоры
ӨДҚ	Өнеркәсіпті дамыту қоры
ФЖ	Филиал желісі
ЖТҚ	Жеткізілімдер тізбегін қаржыландыру
ОА	Орталық Азия
БҚ	Бағалы қағаздар
ОЭА	Орталық электрондық архив
Эквайринг	Сауда кәсіпорны үшін тауарлар мен қызметтерге қолма-қол ақшасыз төлемді пластик карталармен қабылдау мүмкіндігі
ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба
ЗТ	Заңды тұлға

Топтың портреті



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

Құрметті акционерлер, серіктестер және
әріптестер!

Соңғы жылдары айтарлықтай турбуленттілік байқалды. Әлемнің көптеген экономикаларын ауқымды қайта құруға алып келген жаһандық пандемия, әлемдегі, сол сияқты еліміздегі геосаяси процестер күрделі шешім қабылдауды талап етті. Еліміздегі саяси жетекшілер республикамыздың жаңа жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етті, экономикалық өсімнің төмендеуіне жол бермеді, барлық әлеуметтік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ете алды.

Осындай жағдайларда ЦентрКредит Банкі жаңа Даму стратегиясын қалыптастырды, оны жүйелі түрде іске асыру айтарлықтай оң нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Пандемия кезеңінде банк технологиялық қайта жарақтандыруға, процестерді түбегейлі автоматтандыруға, жаңа, технологиялық өнімдер әзірлеуге ден қойды. Нәтижесінде біз бүгін банк қызметіндегі оң қаржылық көрсеткіштерді ғана емес, сонымен қатар сапалы жаңа тәсілдерді де атап өтеміз.

2023 жылы Eco Center Bank-пен сәтті бірігуден кейін ЦентрКредит Банкі 135 миллиард теңгеден астам таза кіріске ие болды.

Банк қызметінің барлық көрсеткіштері, активтердің мөлшері, несие қоржынының көлемі, заңды және жеке тұлғалардың депозиттері, клиенттеріміздің саны мен белсенділігі артқанын қуана атап өтеміз. Бүгінде біз елімізде активтер көлемі бойынша үшінші, корпоративтік салымдар бойынша екінші болып отырмыз.

2023 жыл тұрақты даму саласындағы бастамаларға толы болды. ЦентрКредит Банкі бизнесті белсенді түрде ESG-трансформациялауды бастады. Біз бизнесті жүргізудің жауапты тәсілі туралы халықаралық талаптарды іске асыруға ден қоямыз.

Әдеттегідей, Банк өз жұмыскерлерінің кәсіби құзыреттілігі құнды екенін түсіне отырып, оларға лайықты еңбек жағдайларын жасауға ұмтылады, олардың денсаулығы мен әл-ауқатының қамын жасайды, оқуы мен дамуына мүмкіндік жасайды.

Біз корпоративтік басқару, әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаға ұқыпты қарау саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу бойынша алдымызға үлкен міндеттер қойып отырмыз.

Банк қызметінің нәтижелері жетекші рейтингтік компанияларды бағалауда өз көрінісін табады. 2023 жылы банктің ұзақ мерзімді рейтингі бір жылда үш рет көтерілді: B+ бастап BB- дейін (PA S&P), болжам – «Тұрақты», B1-ден Ba2-ге дейін 2 сатыда (PA Moody's), болжам – «Оң».

Бізді банктің кірістілігі мен тұрақтылығын одан әрі қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыс күтіп тұр. Бұрынғыдай біртіндеп дами отырып, озық тәжірибелерді енгізуді жалғастыруға, клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсартуға, өнімдер мен сервистерді жетілдіруге, қолданыстағы барлық процестердің технологиялылығы есебінен өсімді қамтамасыз етуге және серіктестерімізбен бірге өсіп-өркендеуге бел байлап отырмыз.

«Банк ЦентрКредит» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Бақытбек Байсейітов



Банк Президентінің үндеуі

Құрметті серіктестер, клиенттер мен әріптестер!

2023 жылы біз тұрақтылығымыз бен тиімділігімізді растайтын жоғары нәтижеге қол жеткіздік. Біз кредит беру көлемін ұлғайттық, клиенттік базаны кеңейттік, жаңа өнімдер мен сервистерді іске қостық, қызмет көрсету сапасын жақсарттық. Жыл қорытындысы бойынша капиталдандыру көрсеткіштері: к1 нормативі 14,0%-дан 15,4%-ға дейін артып, бизнесті одан әрі кеңейту мүмкіндігін арттырды. Таза пайда 135 млрд теңгені құрады. Банктің өтімділік коэффициенті жоғары деңгейде сақталып отыр: 43%, депозиттік база 23%-ға артты. Moody's және S&P Global Ratings халықаралық агенттіктері банктің рейтингін көтерді: Ba2, болжам – «Оң» және BB-, болжам – «Тұрақты».

Банк құрылғанына 35 жыл толғанын атап өтті. Біз бірнеше жаңа жобаны іске қостық. Бірінші кезекте бұл – біздің дамуымыз үшін стратегиялық бағыт болып саналатын Open API бағыты. Қаржы технологиялары компанияларымен және стартаптармен серіктестік орната отырып, клиенттерімізге жеке ұсыныстар жасау үшін жаңа бизнес-модельдер әзірлейміз.

Visa төлем жүйесімен және Қазақстанның Ұлттық төлем корпорациясымен бірлесіп, цифрлық теңге пайдаланылатын қаржылық операцияларды әзірлеу және тестілеу бойынша бірінші кезеңді сәтті аяқтадық. Бүгінгі өзінде банк соңғы пайдаланушылар үшін өнеркәсіптік пайдалануға өнімдер мен сервистерді ұсынуға дайын. Мысалы, цифрлық теңгемен жалақы алу үшін дебеттік карталар шығару.

«Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығында алғашқы банк бөлімшесі ашылды. Бұл көптеген азаматтар үшін өзара тиімді әрі ыңғайлы шешімге айналды және Қазақстан мен Қытай арасындағы қарқынды дамып келе жатқан халықаралық сауда мен бизнес үшін қозғаушы күштердің бірі болмақ. Біз үшін клиенттеріміз қажет ететін жерде болу маңызды.

Банк – бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына белсенді қатысушы және экономиканың нақты секторына бағытталған барлық негізгі бағдарламалар бойынша ірі кредиторлардың бірі. Сондай-ақ 2023 жылдан бастап Қазақстанда алғаш рет шағын және орта бизнес өкілдері «Даму» қорының бағдарламасы бойынша облигацияларды субсидиялау арқылы қаржыландыруды ала алады. Бірінші мәміле қаржы кеңесшісі ретінде банктің еншілес ұйымы – BCC Invest қатысуымен жүргізілді.

Біз кепілді кредит беру бағыты бойынша көшбасшы орындарды иеленіп келеміз. Процестер цифрландырылды, онлайн-ипотека іске қосылды, оның көмегімен тұрғын үй сатып алуға небәрі 1 күн ішінде және банк бөлімшесіне бармай-ақ, ипотекалық қарыз рәсімдеуге болады.

Біз банктің тұрақты дамуына үлкен көңіл бөлдік. Банк БҰҰ Жаһандық шартына (United Nations Global Compact) қосылды. Бұл келісім – корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақты даму саласындағы әлемдегі ең ірі ерікті бастама. Елімізде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет пен экология салаларын жақсартуға бағытталған 45-тен астам әлеуметтік бастама қолдау тапты.

Банк кредит беру, инвестициялау және клиенттерге қызмет көрсету саласында белгіленген нәтижеге қол жеткізді. Біздің командамыз үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеді. Көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту және бизнестімізді кеңейту бойынша жұмысты жалғастырамыз. Біз сенім білдіргені және қолдау көрсеткені үшін серіктестеріміз бен акционерлерімізге алғыс білдіреміз.


«Банк ЦентрКредит» АҚ
Президенті

Руслан Владимиров


Инвестициялық тартымдылық

	2021	2022	2023
Активтер млн теңге	2 079 304	4 323 966	5 291 039
Кредиттер (нетто) млн теңге	1 138 701	2 009 113	2 928 849
Капитал млн теңге	150 812	273 851	419 366
Таза пайыздық кіріс млн теңге	67 302	135 246	257 551
Резерв құру млн теңге	27 390	41 687	43 075
Таза пайда, млн теңге	20 645	145 129	135 246


ROAE, %



ROAA, %



NIM, %



Дереккөз: Тексерілген шоғырландырылған деректер

Банк тобының құрылымы



«ЦентрКредит Банкі» АҚ

«BCC Invest» АҚ
Брокерлік-дилерлік қызмет

100 %

«CenterProject» ЖШС
Стресті активтерді басқару

100 %

«Center Leasing» ЖШС
Қаржы лизингі және жылжымайтын
мүлікті басқару

100 %

«Sinoasia B&R» СК АҚ
Сақтандыру қызметі

92,45%

Рейтингі

S&P Global
Ratings

BB-

«Тұрақты»
18.07.2023

MOODY'S

Ba2

«Оң»
01.11.2023

Банк қызмет көрсететін өңірлер



21
филиал

152
бөлімше

776
банкомат

273
АТТ

18 018
POS-терминал

Стратегиялық есеп

Банк туралы мәліметтер

«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы 1988 жылғы 19 қыркүйекте құрылған және Қазақстан Республикасының жоғары технологиялы қаржы қызметтерінің толық шоғырын ұсынатын ірі банктерінің бірі. Банктің бүкіл Қазақстан бойынша 21 филиалында 3 миллионнан астам клиентке қызмет көрсетіледі.

Клиенттердің әрбір санатының бірегей өнімі болуы үшін және банк қызметтерін барынша қолайлы пайдалана алуы үшін банк инновациялар мен қолайлылыққа ерекше көңіл бөледі.

Банк кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалардың барлығына дерлік белсенді түрде қатысады, сарапшылар қоғамдастығы оны бірнеше рет Қазақстандағы ШОБ үшін үздік банк деп таныған.

Банктің Call-center орталығы:



505 – жеке тұлғалар үшін Қазақстан бойынша мобильді телефоннан қоңырау шалу тегін

605 – заңды тұлғалар үшін Қазақстан бойынша мобильді телефоннан қоңырау шалу тегін

2023 жылғы негізі оқиғалар



Moody's және S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттіктері банктің рейтингін сәйкесінше Ba2 деңгейіне дейін көтерді, болжам – «Оң» және BB-, болжам – «Тұрақты».



Мемлекеттік қызметтерді енді BCC.KZ мобильді қосымшасында алуға болады. Цифрлық құжаттар, ЖК тіркеу, салық декларациясын тапсыру, тұрғылықты жері бойынша тіркелу, жәрдемақы ресімдеу, автокөлікті иелену тарихын көру және т.б.



Банк Sinoasia B&R сақтандыру компаниясы акцияларының бақылау пакетін сатып алды. Бұл шешім банк қызметі мен сақтандыру бизнесінің синергиясын арттыруға, мүлктік және медициналық сақтандыру саласындағы өнімдер тізбегін кеңейтуге, банк пен Sinoasia клиенттері үшін құрамдастырылған өнімдерді ұсыну есебінен бизнестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.



Кредит беруде банк онлайн-ипотеканы іске қосып, кредит беруден кейінгі қызмет көрсетудің барлық сервистерін онлайн режиміне шығарды.



Банк БҰҰ Жаһандық шартына (United Nations Global Compact) қосылды. БҰҰ жаһандық форумы – корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақты даму саласындағы әлемдегі ең ірі ерікті бастама.



«Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығында алғашқы банк бөлімшесі ашылды. Көрсетілетін қаржылық қызметтерді жеке тұлғалар да, бизнес-клиенттер де ала алады.



Visa төлем жүйесімен және Қазақстанның Ұлттық төлем корпорациясымен бірлесіп, цифрлық теңге пайдаланылатын қаржылық операцияларды өзірлеу және тестілеу бойынша бірінші кезең сәтті аяқталды. Қазақстан қаржыгерлерінің конгресі кезінде жобаның ағымдағы нәтижесі таныстырылып, цифрлық валютаны пайдалана отырып, алғашқы төлем жасалды.



Банк «Астана» халықаралық қаржы орталығы аумағында банктің АХҚО-дағы филиалы ретінде реттелетін қызметті жүргізуге лицензия алды

Банктің 2023 жылдағы марапаттары



Жасыл экономика

ЦентрКредит Банкі «Жобалар портфелі бойынша үздік экологиялық көрсеткіштер» номинациясы бойынша марапатқа ие болды. Қаржы институты – Еуропалық қайта құру және даму банкінің GEFF жаһандық бастамасын қолдаған елдегі алғашқы серіктес банк.



Қазақстан қор биржасынан (KASE) алған 4 марапат

- Акциялар нарығының көшбасшысы
- Облигациялар нарығының көшбасшысы
- Валюта нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін
- Бөлшек сауда инвесторларын дамытқаны үшін




Банк – VISA нұсқасы бойынша 5 номинацияда жеңімпаз

- Алғашқы Цифрлық теңге картасы
- Премиум санатындағы карталар бойынша үздік банк
- Мақұлданған операциялар бойынша үздік көрсеткіш
- Балалар банкингі саласындағы инновациялар үшін
- BCC.KZ қосымшасында ApplePay арқылы карталарды толықтыру сервисін іске қосқаны үшін

Макроэкономиканы және Банк секторын шолу


Қазақстандағы және әлемдегі нақты ЖІӨ артуы, %




- 2023 жылы ел экономикасы 5,1%-ға артты.
- Қазақстанда 2024-2025 жж. экономиканың бірқалыпты (4,3-4,5%) дамуы күтілуде
- Экономика құрылымында тау-кен өнеркәсібі басым болып қалды

Дереккөз: ҚР ҰБ мен Дүниежүзілік банк болжамдары

2023 жығы Қазақстандағы ЖІӨ құрылымы



Инфляция және базалық мөлшерлеме, %



Доллардың теңгедегі бағамы және BRENT мұнайының бағасы (АҚШ долларымен)




- 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚР-дағы инфляция 9,8%-ға дейін қарқын алды.
- 2023 жылы доллардың теңгеге шаққандағы орташа жылдық бағамы 17%-ға, яғни 456,31 теңгеге дейін нығайды.
- Brent маркалы мұнайдың бағасы бір жылда 18,4%-ға, яғни 2023 жылғы желтоқсанда болған барреліне \$77,04 дейін төмендеді.

Дереккөз: ҚР ҰБ болжамдары

Қаржы секторының көрсеткіштері


ЕДБ активтері



ЕДБ несие қоржыны



ЕДБ салымдары




БЖЗҚ активтері



- ЕДБ активтері 2023 жылы 15,4%-ға – 51,4 трлн теңгеге көбейді.
- Банк секторы активтерінің ЖІӨ-ге қатынасы өткен жылдың деңгейінде, яғни 43% болып қалды.
- ЕДБ несие портфелі 23,1%-ға – 29,9 трлн теңгеге дейін артты.
- Кредиттердің ЖІӨ-ге қатынасы 23%-дан 25%-ға дейін артты.
- ЕДБ-дегі салымдар 11,1%-ға – 35,1 трлн теңгеге дейін артты.
- Салымдардың ЖІӨ-ге қатынасы 29%-ға дейін төмендеді.
- БЖЗҚ активтері бір жылда 21%-ға – 17,9 трлн теңгеге дейін көбейді.
- БЖЗҚ активтерінің ЖІӨ-дегі үлесі аздап артты: 2023 жылы 14,9%-ды құрады.

ҚР сыртқы саудасы: серіктестер

2023 ж. САУДА СЕРІКТЕСТЕРІ, млрд АҚШ долл.



- 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қытайдың жалпы тауар айналымында үлесі 30%-ға, 22,5%-ға дейін артты.
- Ресейдің жалпы тауар айналымындағы үлес салмағы, керісінше, 19,9%-дан 18,6%-ға дейін төмендеді (РФ-дан импорттың 9,4%-ға төмендеуі есебінен).
- Бұл үрдіс Батыстың РФ-ға қатысты санкцияларының сақталуына байланысты әлі ұзақ уақыт жалғасады.

ҚР сыртқы саудасы: құрылымы

2023 жылғы тауар құрылымы, %



- 2023 жылы тауар экспорты \$79 млрд құрады (-7%).
- Тауар импорты 20,1%-ға, \$61 млрд дейін артып, қатарынан екінші жыл жоғары өсу қарқынын сақтап отыр.
- Сыртқы саудадағы тауар құрылымы бұрынғыдай болып қалды, экспортта шикізат айтарлықтай басым, ал импортта жоғары қайта өңдеу тауарлары басым.


Бизнес-көрсеткіштер бойынша бәсекелестер арасындағы ЦКБ орны

- Нарық активтерінің **52%-ы** ЕДБ үздік үштігінің үлесінде
- ЦКБ 2023 жылы барлық көрсеткіштер бойынша нарықтағы орнын сақтап қалды
- ЦКБ 3Т салымдарының көбею қарқыны бойынша 2023 жылы № 1


Мәні
Өсім

ҚР ҰБ 01.01.2024 деректері және 2023 жылғы өсім (Отбасы банкін ескермегенде)
**Ағымдағы және карточкалық шоттар ескерілген депозиттер*


Активтер, млрд теңге




3Т салымдары*, млрд теңге



ЖТ салымдары*, млрд теңге



Кредиттер, млрд теңге



Банктің даму стратегиясы

2023 жылдың 5 сәуірінде «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі банктің өзекті етілген 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясын бекітті.

2025 Стратегиясын өзекті етудің алғышарттары:

Жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктер

Жаңа сын-қатерлер

2022 жылы Қазақстанның ЕАЭО елдерімен саудасы \$28,3 млрд құрады, бұл 2021 жылға қарағанда 6,5%-ға артық

Бәсекелестер қосымша кіріс алу үшін экожүйелерді белсенді түрде дамытуда

Клиент үшін күрес тек өнім ұсыну ғана емес, бизнес жүргізудің жауапты тәсілін де білдіреді

Жаңа мүмкіндіктер

ЕЭО/ОА қамтылмаған нарығы

- Бизнесі, оның ішінде ОА мен ЕАЭО-дағы импорт-экспорт операцияларын кеңейту мүмкіндігі

Даму векторының ӨЗГЕРУІ

- Серіктестік экожүйені дамыту
- Топпен бірге күш жұмылдыру есебінен қол жеткізілетін ЦКБ жоғары әлеуеті

ESG

- ESG стандарттарын тұрақты дамыту және Банк қызметіне енгізу
- ESG стандарттарының болуын ескере отырып, Банктің сыртқы рейтингін белгілеу: Банктің брендин күшейту және қосымша мүмкіндіктер

ЦКБ 2025 жылға дейінгі даму стратегиясының негізгі ережелері



Миссия

Біз ұзақ мерзімді серіктестік қарым-қатынас құра отырып, клиенттеріміздің қамы үшін оң әрі тез шешім ұсынамыз



Болашақта көздегені:

ЦКБ – клиенттерге, серіктестерге және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарайтын сенімді банк

Стратегиялық мақсаттар:

1

Кірістілік көрсеткіштері бойынша жетекші орындарды сақтау және бизнес тиімділігі көрсеткіштерін айтарлықтай жақсарту

2

Ағымдағы клиенттердің белсенділігі мен банкке бейілділігін арттыру

3

Топтың және ОА мен ЕАЭО-дағы серіктестік экожүйенің құрамында ЦКБ-нің тұрақты дамуын қамтамасыз ету

Нәтижені шолу

Бөлшек бизнес

2023 жылғы негізгі оқиғалар:

Нарықтың 57%-ын өз үлесіне ала отырып, коммерциялық ЕДБ арасында ипотекалық кредиттеуде № 1

Нарықтың 50%-ын өз үлесіне ала отырып, кепілді кредит беруде № 1

Нарықтың 25%-ын өз үлесіне ала отырып, автокредит беруде № 1

ЕДБ арасындағы ЛТЖ аударымдары бойынша № 1

Премиум санатындағы карталарды BCC.KZ-те онлайн шығару қызметі іске қосылды

Банкоматтарда рубльмен және юаньмен ақша алу/толықтыру сервисі іске қосылды

Жеке тұлғаларға арналған кредиттер бойынша кредит беруден кейін қызмет көрсетудің онлайн сервистері бойынша № 1

Жылжымайтын мүліктен ауыртпалықты онлайн алып тастау енгізілді

Автокөліктен ауыртпалықты онлайн алып тастау енгізілді

Онлайн ипотека бойынша 353 қарыз берілді

ЦКБ карталарына телефон нөмірі бойынша РФ-дан ақша аудару сервисі іске қосылды

BCC.KZ-те SWIFT жүйесі арқылы онлайн ақша аудару қызметі іске қосылып, мобильді қосымша арқылы ақша аударудың жалпы санының 42%-ын өз үлесіне алды

BCC.KZ-те ұшаққа билет сатып алу сервисі іске қосылды

BCC.KZ-те Қолма-қол ақшалай кредит өнімі іске қосылды, қолма-қол ақшамен онлайн кредит беру бойынша нарықтағы үлесі 20%-ға жетті

Премиум санатындағы карталар саны артты: TravelCard + 54%, IronCard + 52%

Бірегей клиенттер саны және FX-платформадағы ЖТ операцияларының саны 2 есе артты

Алтын құйма сату көлемі екі есе артты

BCC.KZ мобильді қосымшасын белсенді қолданатын клиенттер саны артты: күнделікті пайдаланушылар + 22%, ай сайынғы пайдаланушылар + 16%

Бөлшек кредит беру


Банк тобының жеке клиенттерінің несиелік портфелі 2024 жылдың 1 қаңтарында 1 769 млрд теңгеге («7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламалары аясында берілген қарыздарды қоспағанда) жетіп, бір жылда 607 млн теңгеге немесе 52,3%-ға артты.

2023 жылы берілген автокредит көлемі айтарлықтай 2,7 есе ұлғайып, 395 млрд теңгеге жетті, ипотекалық қарыз көлемі («7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламалары аясында берілген қарыздарды қоспағанда) 1,5 есе ұлғайып, 918 млрд теңгеге жетті, жыл қорытындысы бойынша тұтыну кредиттері 1,2 есе, яғни 456 млрд теңгеге дейін артты. Бұл ретте 2023 жылдың қорытындысы бойынша бөлшек портфель құрылымы өзгерді: ипотека – 52% (2022 жылы – 54%), тұтынушылық кредит – 26% (2022 жылы – 33%), автокредит – 22% (2022 жылы – 13%).

Бұл ретте 01.01.2024 ж. коммерциялық ЕДБ арасында ипотекалық кредит беруде банктің нарық үлесі – 57%, автокредит беруде – 25%, кепілді кредит беруде – 50%.


«Баспананы» қоса алғанда, ипотекалық кредиттер динамикасы

(брутто), млрд теңге




Тұтынушылық кредиттер динамикасы

(брутто), млрд теңге



Автокредит динамикасы


(брутто), млрд теңге




Дереккөз: Тексерілген шоғырландырылған деректер

ЖТ депозиттері

ББ клиенттерінің қаражаты*, млрд теңге



Бірегей клиенттер саны



2023 жылғы жетістік

- Депозитті онлайн жабу
- Депозитті қағазсыз ашу
- Ағымдағы шотты онлайн ашу үшін жаңа валюталарды қосу
- Депозиттер мен ағымдағы шоттар бойынша онлайн үзінді көшірме алу процесін жақсарту
- BCC.KZ-тегі салымдар бойынша ақпараттық беттер


2024 жылға белгіленген мақсаттар

- Редизайн/ BCC.4.0-ге өту
- «Менің мақсатым» салымын дамыту.
- «Ұлттық қор – балаларға» мемлекеттік жобасын іске асыру
- Балаларға арналған білім беру депозитін әзірлеу
- Сервистік Push-хабарламаларды іске асыру
- Долларсыздандыру – валюталық салымдарды инвестициялық өнімдерге қайта орналастыру


* Тексерілген шоғырландырылған деректер

ЖТ FX-ақша айырбастау


Операциялар саны




Бірегей клиенттер саны



Жалпы көлемі, млрд тг



Кіріс, млрд тг



2023 жылғы жетістіктер

- FX-айырбастау ребрендингі және редизайны
- 8 валюта жұбын қосу: KZT-XAG, USD-XAU, USD-XAG, EUR/RUB, AED/KZT, KZT/CNY, USD/CNY, USD/AED
- Нарықта алғашқы болып FX-айырбастауға күміс сатып алуды/сатуды қосты
- BCC.KZ-тегі FX-айырбастауға толық onboarding процесі
- FX-айырбастаудағы операциялар тарихын қосу
- Жаңа валюталар бағамын жеткізуші – NT PRO-ға көшу


2024 жылға белгіленген мақсаттар

- Болашақ күнмен ақша айырбастау (TOM&SPOT)
- Редизайн/ BCC.4.0-ге өту
- 5 күнге кейінге қалдырылған ордер
- TOM/SPOT дамуының 2-кезеңі


Алтын және ИМШ

Алтын құйма

Нарықтағы үлесі




Сатылғаны, кг.




ИМШ

Бірегей клиенттер



Сатылғаны кг.



2023 жылғы жетістіктер


- Нарықтағы үлесі 70%-дан астам
- Алтын/күміс сатып алу/сату 24/7 онлайн
- ЗТ үшін алтын құйма сатуды іске қосу

2024 жылға белгіленген мақсаттар


- Reverse жобасы (металл шоттардан құйма түрінде алу және кері салу)
- Алтын құймаларды онлайн брондау

Сейф қызметі


Кіріс,
млн. тг




Ұяшық саны



Онлайн ұзарту үлесі



Жаңа шарттар



2023 жылғы жетістік


- ВСС.KZ-те мерзімді ұзарту процесін жаңарту
- Сейф операцияларын OTP көмегімен растау
- 4 жаңа депозитарий ашу

2024 жылға белгіленген мақсаттар


- ВСС.KZ-те сейф ұяшығын онлайн жалға алу
- 3 жаңа депозитарий ашу
- SafePRO MS PRO TECT сейфтік депозитарийіне қол жеткізуді бақылау жүйесін орнату

ЖТ үшін инвестициялық өнімдер


Брокерлік шоттар саны



Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі



Қайталама нарықтағы өтінімдер саны



2023 жылғы жетістік

- 40 000 брокерлік шот
- SPO KEGOC аясында жеке инвесторлардан түскен өтінімдер көлемінің сомасы бойынша көшбасшы
- 24/7 режимінде брокерлік шот ашу
- Барлық клиенттерге KASE қайталама нарығын іске қосу
- Инвестициялардың жаңа дизайны (басты беттің редизайны, зерттеулерге сай VoC жақсарту)
- Сауда күні бойынша клиенттердің деректерін өзекті ету (қосуды өтінімдер, жолдағы сауда, күтудегі қағаздар)
- ЦКБ IPO облигациялары (мобильді қосымша арқылы өтінім беру мүмкіндігі іске асырылды)
- Салық декларациясы іске асырылды – реттеушілік міндет


2024 жылға белгіленген мақсаттар

- Air Astana IPO өткізу
- 100 000 брокерлік шот
- KASE GLOBAL іске қосу
- AIX биржасымен бірігу
- Саудаға қосуға болатын барлық облигацияларды көрсету

Сауда эквайрингі


Айналым

(млрд теңге)




Қосулы құрылғылар саны

(мың)



Құрылғылар саны



2023 жылғы жетістік:

- BCC.Business арқылы сауда эквайрингінің Онлайн сату арнасын іске қосу
- 3-еуі 1-еуінде BCCBOX жобасы іске қосылды
- Сауда эквайрингі өнімдері бойынша жаңа Landing page
- Қағазсыз офис жобасы – OTP-код бар құжаттарға қол қою

2024 жылға белгіленген мақсаттар:

- Терминалдарға бағдарлама қосуды автоматтандыру
- QR – BCC, ЛТЖ, mVisa, UPI, AliPay, WeChat дамыту
- Online өтеуді іске қосу
- Төлем жасауға шотты қашықтан ұсыну
- BCC.Office платформасы арқылы өтінімді Online Onboarding
- PushAlert іске қосу – қосулы емес құрылғылар бойынша хабарлау процесі

АТМ/ӨҚКТ

2023 жылғы жетістік



- МШЖ (көзі көрмейтіндер) үшін АТМ-да қызмет көрсету
- Чек таспасынсыз АТМ/АТТ-да операция жүргізу
- АТМ-да рубльмен және юаньмен операция жүргізу
- АДМ іске қосу


2024 жылға белгіленген мақсаттар




- АТМ/АТТ-дағы қызметтер редизайны
- АТМ-дан картасыз ақша алу
- Паркті жаңарту және ұлғайту (154 АТМ)

E-com


Жалпы көлемі,
млрд тг



Қосылған терминалдар саны



Операциялар саны,
млн дана



2023 жылғы жетістік


- Картаға төлеу өнімін іске қосу
- BCC Business арқылы клиенттерді қосуды автоматтандыру
- Web-Shield қосу арқылы алаяқтық операцияларға мониторинг жүргізуді жақсарту

2024 жылға белгіленген мақсаттар

- Card2Business өнімін әзірлеу
- Электрондық ақша өнімін әзірлеу
- E-com Жеке кабинетін әзірлеу
- «Төлем сілтемесі» функционалын әзірлеу

Сақтандыру

Ком. кіріс,
млн тг



2023 жылғы жетістік


- Мүлікті сақтандыру және #кепілзатты кредит өнімін титулдық сақтандыру іске қосылды
- GF пен BCC.KZ-тегі алаяқтық әрекеттерден карталарды сақтандыру іске қосылды
- GF жазатайым жағдайдан сақтандыру іске қосылды
- GF-те толық аяқталған мүлікті сақтандыру іске қосылды
- GF-те шетелге шығушыларды сақтандыру енгізілді
- Клиенттің құжаттарын банктің ОЭА-тен «Синоазия» СК CRM-ге алу бойынша автоматтандырылған сервис іске қосылды
- Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде, қарыз бойынша берешектің жоқтығы туралы растаманы банктен «Sinoasia» СК-ге алу сервисі іске қосылды
- Банктің жұмыс уақытынан тыс қоңырауларды пысықтауы үшін банктің КО мен «Sinoasia» КО біріктірілді

2024 жылға белгіленген мақсаттар


- ШОБ кредит беру өнімдерінде сақтандыруды іске қосу
- BCC.KZ-те кемінде 3 қораптық сақтандыру өнімін іске қосу
- Сақтандыру бойынша онлайн шарттарды іске қосу

Ақша аудару


Пайда,
млн теңге



Бірегей клиенттер саны




MAU аударымдары



2023 жылғы жетістік

- Орта Азияда vcc.kz-те ApplePay арқылы картаны толықтыру сервисін бірінші болып іске қосты
- vcc.kz-те SWIFT онлайн аударымдары іске қосылды
- РФ-дан ЦКБ карталарына телефон нөмірі бойынша ақша аудару іске қосылды
- QR платформасы іске асырылды
- Цифрлық теңге жобасы аясында Ұлттық банк торабымен біріктірілген платформа іске асырылды
- «Ақша жинау» сервисі іске қосылды
- ҚР ҰБ лездік аударымдар жүйесіндегі аударымдар бойынша №1 банк
- Ақша аудару аясында алаяқтыққа қарсы жоба іске асырылды

Халықаралық аударымдар көлемі,
млрд теңге




2024 жылға белгіленген мақсаттар

- «TransferHub» меншікті транзакциялық платформасын дамыту
- Әмбебап QR платформасын іске асыру
- Халықаралық аударымдар бойынша онлайн сервистердің мүмкіндіктерін арттыру
- SWIFT төлемдерін онлайн режимде іске қосу
- Сұрату бойынша қосымша құжаттарды онлайн режимде ұсыну мүмкіндігі
- BCC 4.0 аясындағы аударымдар бөлімінің редизайны




BCC төлемдері (ЖТ)


Төлем саны



Бірегей клиенттер саны



Жалпы көлемі, млрд тг



2023 жылғы жетістік

- Салықты және айыппұлды қоса алғанда, «Алсеко» АҚ үшін төлемге шот ұсыну жүйесі енгізілді
- Мобильді байланыс үшін төлем жасау екі рет басуға дейін оңайлатылды
- Ұшаққа билетті онлайн сатып алу бойынша қызмет көрсететін «Тревел» бағдарламасы іске қосылды
- Ойын-сауыққа билет сатып алу іске асырылды
- QR-код көмегімен ХҚКО/Арнайы ХҚКО қызметіне ақы төлеу функциясы енгізілді
- Салық төлеу үшін онлайн-сервистер және деректемелер бойынша салық төлеу мүмкіндігі іске қосылды

2024 жылға белгіленген мақсаттар


- Жаңа бэкэндке өту: Өнімділікті арттыру және жаңа қызмет жеткізушілердің бірігуін жеңілдету үшін жаңа бэкэнд платформасына көшуді аяқтау
- Технологиялық стектерді оңтайландыру: Өзірлеуді бірыңғайландыру және қолдау шығынын азайту үшін Android пен iOS-тен Flutter-ге өтуді бастау
- QR-төлемді іске асыру: 2000 қызмет бойынша төлем жасау процесін оңайлату, клиент тәжірибесін жақсарту үшін QR-код функционалын енгізу
- Коммуналдық компаниялармен бірігуді жақсарту: Барлық коммуналдық компаниялар үшін шот ұсынуды автоматтандыру, ақы төлеу процесінің тиімділігін арттыру.
- Қызмет жеткізушілер үшін жеке кабинетті әзірлеу: Қызмет ұсынуды басқаруға және қаржы ағынын қадағалауға мүмкіндік беретін жеткізушілер үшін ыңғайлы әрі функционалды интерфейс құру.

Карталық бизнес

Мақсатты аударымдар


Аударым жасалатын жалақы жобаларының саны

дана




Аударым жасалатын жалақы карталарының саны,

дана




Аударым сомасы,

млрд теңге



Қалдық сомасы,

млрд теңге



2023 жылғы жетістік

- Зейнетақы карталары үшін банкоматта теңгерімді көрсету қызметі іске қосылды
- Картаның қолданыс мерзімі аяқталған соң, жалақы картасын автоматты түрде қайта шығару іске қосылды
- Жалақы жобасына планшеттік қызмет көрсету іске қосылды (картаны тіркеу және шығару)
- eGov.kz порталында әлеуметтік төлемді, жәрдемақы мен зейнетақыны ресімдеген кезде, арнайы шот ашу үшін ЦентрКредит Банкін таңдау мүмкіндігі пайда болды
- GreenFront жүйесінде зейнетақы және әлеуметтік карталарды қайта шығару, жабу, бұғаттау процестері іске асырылды


2024 жылға белгіленген мақсаттар

- #bcsspay (#monocard) іске қосу
- Шағын эмбоссер арқылы лезде карта шығару
- BCC Business-ті 1С-пен біріктіру
- GOV платформасы арқылы карта шығару (Еңбек министрлігі арқылы ашу)
- BCC Office-те жалақы шартын тіркеу және карта шығару
- Жаңартылған #bcsspay (#monocard) картасын таныту
- Жаңа дебеттік картаны (UPI) іске қосу
- Center Market-те/тендерлік алаңдарда жалақы жобасы туралы ұсыныстар шығару


Премиум санатындағы карталар




Барлық карта,
дана




Қалдық,
млрд теңге



Барлық карта,
дана



Қалдық,
млрд теңге



2023 жылғы жетістік

- #IronCard – ҚР және ТМД ЕДБ арасында Visa Infinite шығарылымы мен айналымы бойынша № 1, CEMEA-да үздік 11-дің бірі
- Тапсырыс берген кезде, цифрлық картаны лезде ашу және іске қосу
- ҚР үшін жаңа пішімде жүлде қоры бар «#IronCard-пен эмоцияға инвестиция салыңыз» акциясы
- 2023 жылға арналған VIP залға (Алматы) тегін кіру (Visa-мен жасалған айрықша шарт)
- Бейрезиденттердің өтінімдерін растау

2024 жылға белгіленген мақсаттар


- BCC.KZ-те картаны онлайн шығару
- MC World #Black Edition және UPI Asia Prestige Diamond жаңа өнімдерін іске қосу
- #IronCard үшін жазылу моделі (Visa-мен жасалған айрықша жоба)
- Жаңа silver дизайндарын іске қосу
- AED, GBP жаңа валюталары
- #IronCard жаңадан орналастыру
- премиум санатындағы карталарды жеткізу
- Негізгі серіктестермен бірлесу: Technodom,
- Kaztour Premium, Lamoda, Bolashaq және т.б.

Барлық карта **67 328**
Қалдық **117,8 миллиард теңге**




Visa нұсқасы бойынша
«Премиум санатындағы үздік карталар банк»


Корпоративтік карталар



Жыл соңындағы карталар портфелі, дана



Жыл соңындағы белсенді карталар саны, дана



2023 жылғы жетістік

- Виртуалды кобрендтік бизнес-картаны іске қосу бойынша (банктің серіктесі PayDa-мен)
- премиум санатындағы № 1 #businessprime бизнес-картасы іске қосылды
- Атаулы корпоративтік карталар мен банк қызметкерлеріне арналған карталарды GreenFront жүйесінде шығару және оларға қызмет көрсету
- Карталардың транзакциялық белсенділігін арттыру мақсатында бизнес-карта ұстаушылар үшін алғаш рет акция өткізілді

2024 жылға белгіленген мақсаттар


- bcc.business web/mobile қосымшасында #BUSINESSPRIME цифрлық картасын шығару
- Жеке карточкалық шотпен #BUSINESSPRIME бизнес-картасын шығару
- #business шотына карта бойынша негізгі және қосымша карталар балансын бөлу
- Visa Commercial Pay арқылы виртуалды бизнес-карталар (Visa ұсынған жаңа сервис)
- #businesscredit цифрлық кредиттік бизнес-картасы (MC World Business Credit)
- Бизнес-карталарға арналған ниеттестік бағдарламасы (bcc.business-тегі бонустық шот)
- #businessunion бизнес-картасы жаңа өнімін іске қосу (UPI Business)
- Отын бизнес-картасы
- Нарықты талдау және зерттеу, балдық ынталандыру, бренд танымал болуы үшін жарнамалық және маркетингтік іс-шаралар өткізу

Кредиттік карталар




2023 жылғы жетістік

604 мың
#картакарта сатылды



Онлайн-платформада кредит лимиті бар #картакарта ашу іске қосылды



Банктің қазіргі және жаңа клиенттері үшін:

- 24/7 онлайн ашу
- Процесс жылдамдығы – 5-7 минут
- Картаны ашылған сәттен бастап бірден пайдалану мүмкіндігі
- Қазақ және орыс тілдеріндегі қарапайым интерфейс



2024 жылға белгіленген мақсаттар

- 180 күндік жеңілдікті кезеңмен жаңа кредиттік карта іске қосылды
- Дебеттік #картакарта сатуды жабу
- ВСС 4.0-де бар және жаңа картаны шығару (daily функционалы + онлайн ашу)
- #картакарта портфелінің қолданылуын арттыру

Диспут және транзакциялық алаяқтыққа қарсы жүйе

2023 жылғы жетістік

- Клиенттердің операцияларына қаржылық мониторинг жүргізу үшін онлайн Дашбордтар іске асырылды
- Cash Management – АТМ/АТТ тиімді жүктеу және алу бойынша талдама жүйесі енгізілді

2024 жылға белгіленген мақсаттар

- Алаяқтыққа қарсы бірнеше арналы онлайн жүйені іске қосу
- АРІ-ді ҚР ҰБ-ның алаяқтыққа қарсы жүйесімен біріктіру – ЕДБ арасында алаяқтыққа қарсы тиімді өзара іс-қимыл үшін
- Card Management – карта шығару процесін тиімді бөлу, есепке алу және болжау бойынша талдама



2023 жылы Visa нұсқасы бойынша қоржындағы Approval rate үлесі (мақұлданған карталық транзакциялар) бойынша № 1

BCC Junior балалар банкингі



BCC Junior: 2023 жылғы жетістіктер



2023 жылы Visa нұсқасы бойынша №1 инновациялық балалар банкингі




Балалар мобильді қосымшасының үздік рейтингі JuniorBank App Store-да – 4,3 және Android-та – 4.5



18 жастағыларды джуниор банктен бcc.kz-ке бірден көшіру



2023 жылы 41 452 Джуниор картасы және 2 500-ден астам бала депозиті ашылды



Джуниор банкте киноға және ойын-сауыққа онлайн билет сатып алу сервисі іске қосылды



BCC Junior 2024 жылға белгіленген мақсаттары

- BCC.KZ-те картаны онлайн жабу;
- JB көрсету нұсқасы (API сату үшін функционалды көрсетуге арналған);
- JuniorAPI – микросервистік архитектура құру (балалар картасы, балалар портфелі). Бірыңғай дизайн дайындау;
- JuniorAPI – микросервистік архитектура және whitelable JuniorBank құру.
- Мультивалюталы карта;
- Үш тілде қаржылық білім берудің онлайн нұсқасы;
- Оқушыларға арналған ЮНЕСКО-мен ко-бренд (күтілетін қамту саны – 10 000 белсенді карта);
- «Супер Лаки» WEB-ойыны.

Карточкалық технологиялар

2023 жылғы жетістік



- Өнімдерді іске қосу және UnionPay халықаралық төлем жүйесіне қызмет көрсету жобасын бастау
- «Purchase with cashback» сервисін қолдау бойынша пысықтау жұмысы енгізілді, соның арқасында карталарымызды ұстаушылар шетелде POS-терминалдарда ақы төлеген кезде, кэшбекті қолма-қол ақшамен ала алады
- Екі жаңа Ассоциат – «КоммерцБанк» және «Душанбе Сити» қосылды
- «БТКЖ мақсатты үлгісі» сынамалы жобасы іске қосылды

2024 жылға белгіленген мақсаттар




- UnionPay жобасын толық көлемде іске қосу (эмиссия және эквайринг)
- MasterCard World Black Edition және World Business өнімдері бойынша эмиссияны жаңарту
- ҚР алғашқы банктері қатарында «БТКЖ мақсатты үлгісі» жобасын сәтті іске қосу
- Жобаны аяқтау және премиум санатындағы карталар бойынша жаңа валюталарды енгізу
- VISA-ның өзара есеп айырысудың жаңа валютасын – түрік лирасын қосу жобасын бастау
- Ислам картасы жобасын бастау
- in-house процессингінде PIN тексеруге көшу жобасын сәтті іске асыру
- Мерзімі өткен карталар бойынша токендерді жоюды автоматтандыру жобасын сәтті іске асыру
- Жазылымдарды басқару жобасын сәтті іске асыру


ВСС.KZ мобильді қосымшасы

2023 жылдың қортындысы

- 2023 жылы ВСС.KZ қосымшасының белсенді клиенттерінің саны ол 16 %-ға артты, бұл қазіргі уақытта 2023 жылдың соңында қосымшаның 1 223 000 белсенді клиентін құрайды.
- 2023 жылы ВСС.KZ қосымшасының белсенді транзакторларының саны (MAT) 18 %-ға артты, бұл қазіргі уақытта 2023 жылдың соңында 819 000 клиентті құрайды.
- Мобильді қосымшаны күнделікті пайдаланушылар саны (DAU) 22 %-ға артты, 2023 жылдың соңында 329 000 клиентті құрайды.



Online клиенттер үлесі



2023 ж. жетістіктер



БСС.KZ мобильді қосымшасында
ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША КРЕДИТІ
іске қосылды



2023 жылы:

**Кредит беру саны
– 14 000 мыңнан астам**



**Берілген сома
– 10 млрд тг.**




bcc.kz -те мыналар пайда болды:

- IPO-ға қатысу мүмкіндігі бар инвестициялар;
- Іс-шараларға билеттер;
- Ұшақ/пойыз билеттерін сатып алу;
- Gov.Tech бөлімі;
- сыйлықақы карталарын онлайн шығару;
- Биометрия арқылы құпия сөзді қалпына келтіру;
- Ақша жинау;
- Apple Pay арқылы карталарды толықтыру;
- Бағалы металдарды сатып алу/сату;
- Сақтандыру.

Жаңа bcc.kz 4.0 қосымшасы

Банк қызметкерлеріне жаңа bcc.kz 4.0 мобильді қосымшасының сынамалы нұсқасы іске қосылды




Корпоративтік блок: Ірі бизнес

ІРІ бизнеске кредит беру

01.01.2021ж. Ірі бизнестегі корпоративтік клиенттердің несие портфелі бір жылда 84 млрд теңгеге немесе 19%-ға артып, 531 млрд теңгені құрады. Ірі бизнес портфелінің бірқалыпты артуы стратегиялық мақсаттарға сәйкес келеді. Банк болашағы бар жаппай өнімдерді белсенді түрде дамытуды қолға алды.

ІБ несие портфелінің қарқыны

(брутто), млн теңге



Дереккөз: Тексерілген шоғырландырылған деректер

ІБ сегментіндегі клиенттердің қаражаты


01.01.2024ж. жай-күйі бойынша Ірі бизнес клиенттері орналастырған жалпы қаражат - 699 млрд теңге. 2022 жылғы және 2023 жылғы деректер талдамасына сай орналастыру бойынша өсімнің жиынтық сомасы 71%-ға артып, 290 млрд теңгені құрады.

Сондай-ақ ағымдағы шотында және депозитінде қалдығы бар ірі бизнес клиенттерінің саны 2023 жылы 38%-ға артқаны байқалады.


Бұл ретте 01.01.2024ж. онлайн ашылған салымдар үлесі – 97% (01.01.2023ж. – 94%).

ІБ клиенттерінің АШ және депозиттегі қаражатының динамикасы,

млн теңге



АШ және депозитінде қалдықтары бар ІБ клиенттері санының динамикасы



Дереккөз: Банктің жеке есептілігі

ІБ сегментіндегі 2023 жылғы жетістіктер

Аккредитив көлемі бойынша ЕДБ арасындағы үздік үштікке қосылды	→	3-орыннан 2-орынға шықтық
Импорттық аккредитив бойынша банктің кірістілігі артты	→	7-орыннан 3-орынға шықтық
Мемлекетпен жасалған келісімшарт бойынша қаржыландыру	→	162 млрд теңге сомасына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ бағдарламасы бойынша 24 жайлы мектеп
BCC Invest-пен күш жұмылдыру, кредиттерді қор нарығына аудару	→	Жалпы сомасы 13 млрд теңгеге 4 кейс

ІБ сегментіндегі 2024 жылға белгіленген мақсаттар


АХҚО алаңындағы даму және өзара іс-қимыл
Инфрақұрылымдық даму жобаларына қатысу
BCC Invest-пен және SinoAsia-мен бірлесіп, жаңа өнім жасау
Квазимемлекеттік секторды тарту арқылы Корпоративтік бизнес портфелін арттыру
Бір клиентке Cross Selling көлемін арттыру
Cash Pooling енгізу және «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін бірыңғай жеке шот
РФ нарығы көшбасшыларының серіктестері болу (санкциялық емес, ҚР-да тіркелген)
Сауданы қаржыландыру құралдары бойынша контрсеріктестер желісін кеңейту
ЕДБ арасында импорттық аккредитив шығару бойынша көшбасшы орынды ұстап тұру

Корпоративтік блок: шағын және орта бизнес


ШОБ клиенттеріне кредит беру

01.01.2024 ж. ШОБ клиенттерінің несие портфелі бір жылда 169 млрд теңгеге артып, 593 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар 2023 жылы кредит алушы ШОБ клиенттерінің 13%-ға артқаны байқалады. 2023 жылы несие портфелінің және клиенттердің артуы ШОБ-қа арналған «Дамушы бизнес», «Шот бойынша кредит лимиті», «Бизнеске кредит» және «Жаңартылатын кредит желісі» танымал кредиттік өнімдерінің дамуына байланысты, бұл банктің бекітілген стратегиясына сәйкес келеді.

ШОБ несие портфелінің динамикасы (брутто), млн теңге



Кредит алушы ШОБ клиенттерінің саны




Дереккөз: Тексерілген шоғырландырылған деректер


ШОБ сегменті клиенттерінің қаражаты

01.01.2024 ж. жай-күйі бойынша ШОБ клиенттері орналастырған қаражат бір жылда 1,1 есе артып, 1 150 млрд теңгені құрады. Ағымдағы шотында және депозитінде қалдығы бар ШОБ клиенттерінің саны 2023 жылы 1,2 есе артып, 192,7 мың клиент болды. Онлайн ашылған салымдардың үлесі – 97%. Банктің қор құру көзін әртараптандыру жөніндегі стратегиясына сәйкес ШОБ үлесі артып жатыр.

ШОБ клиенттерінің АШ және депозиттегі қаражатының динамикасы, млрд теңге



АШ және депозитінде қалдығы бар ШОБ клиенттері санының динамикасы




Дереккөз: Банктің жеке есептілігі

ШОБ болашағы бар өнімдері

Кепілсіз дамушы бизнес

Кепілсіз дамушы бизнес портфелі

(млн теңге)



2023

ЖК бойынша ЖТ кепілдігін қабылдау

Кредитті қайтару кезіндегі тәуекелді азайту

01.07.2023

АГРО (ДАМУ) өнімі енгізілді

Клиенттік базаны кеңейту

12.09.2023

АГРО (Банк) өнімі енгізілді

Клиенттік базаны кеңейту

20.10.2023

2024

Кредит бойынша 3-тұлға жеке тұлғалардың кепілдігін қабылдау

Клиенттік базаны кеңейту, кредит портфелін арттыру

01.04.2024

ЖШС бойынша құрылтайшылардың кепілдігін қабылдау

Кредитті қайтару кезіндегі тәуекелді азайту

01.04.2024

Шешім қабылдау бойынша жаңа стратегия енгізу

Клиенттік базаны кеңейту, кредит портфелін арттыру

01.03.2024

Онлайн кредит беру



2023 жылғы нәтиже

Онлайн кредит беруді
іске қосу

**ВСС Business алаңында ішкі
клиент ЖК үшін онлайн кредит
беру – наурыз**

Кредит портфелін арттыру

**Даму кепілдігімен және
субсидиясымен онлайн кредит
беру**

Кредит портфелін арттыру

АГРОөнім – қыркүйек

Клиенттік базаны кеңейту, кредит портфелін
арттыру

**ВСС.KZ сайтында сыртқы клиент
ЖК үшін онлайн кредит беру –
қазан**

Клиенттік базаны кеңейту, кредит портфелін
арттыру

**ВСС Business алаңында ішкі
клиент ЖШС үшін онлайн кредит
беру – желтоқсан**


Кредит пртфелін арттыру



2024 жылға белгіленген мақсаттар

Факторинг бойынша онлайн
процестерді және лимитті іске қосу

Берілген несие көлемі,
мың теңге




Жеткізілім тізбегін қаржыландыру

Банк 2020 жылдан бастап ЕДБ нарығында Жеткізілім тізбегін қаржыландыру бағдарламасы бойынша бірегей өнімдерді, оның ішінде:

- дистрибьюторларды қаржыландыру;
- келісімшарттық қаржыландыру;
- факторинг өнімдерін белсенді түрде дамытып жатыр.

ЖТҚ өнімдері бойынша портфель

млн теңге



2023 жылғы нәтиже

- Серіктестер желісін құру арқылы ЖТҚ бойынша өнімдер желісін танымал ету
- Түпкілікті тұтынушылар үшін қаржыландыруды арзандату үшін мемлекеттік бағдарламаларды дамыту

2024 жылға белгіленген мақсаттар

- Серіктестердің маркетингтері арқылы онлайн факторинг бойынша бірегей автоматтандырылған процесті іске асыру
- Түпкілікті тұтынушылар үшін қаржыландыруды арзандату үшін факторинг бойынша мемлекеттік қаражатты орналастыру
- Экспорттаушы компанияларға қолдау көрсету

Шот бойынша кредит лимиті


2023 жылғы нәтиже

- Жаңа клиенттер үшін BCC Office арқылы ШКЛ онлайн белгілеу;
- ШКЛ өнімі бойынша Push-хабарламалар;
- Клиентпен Қосымша келісімге қол қоюдың техникалық мүмкіндігін іске асыру (GF-да ШКЛ бойынша талаптар өзгерген кезде)
- ШКЛ бойынша кейінге қалдырудың техникалық мүмкіндігін іске асыру;
- ШКЛ шарты аяқталмаған ШКЛ тоқтата тұру;
- Green Front жүйесінде Шешімді/Хаттамалық шешімді автоматты түрде әзірлеу.

2024 жылға белгіленген мақсаттар

- Бар клиенттер үшін BCC Office арқылы ШКЛ онлайн белгілеу;
- ШКЛ бөліп төлеуге болатын цифрлық карта;
- Банктің сыртқы клиенттері үшін Уәкілетті орган арқылы ШКЛ белгілеу;
- Web BCC.Business арқылы ШКЛ қарау және басқару.

Портфель, млрд теңге



Кепілдік

2023 жылғы нәтиже

- Тендерлік кепілдік шығару үшін бланкілік лимитті Online ашу ескі ИБЖ-ден жаңа BCC Business-ке және GF-ке ауыстырылды
- Online бланкілік лимит аясында тендерлік кепілдікті Online шығару ескі ИБЖ-ден жаңа BCC Business-ке және GF-ке ауыстырылды
- Кепілзатты КЛ аясында тендерлік және төлем кепілдігін Online шығару ескі ИБЖ-ден жаңа BCC Business-ке және GF-ке ауыстырылды
- ЖК үшін нарықтағы жаңа, бірегей өнім – «Кепілзатсыз төлем кепілдігі» іске қосылды
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ білім беру саласындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы «Төлем кепілдігі» жаңа өнімі іске қосылды

2024 жылға белгіленген мақсаттар

- Ақшаны кепілсалымға беру арқылы Online кепілдік шығару процесін ескі ИБЖ-ден жаңа BCC Business-ке және Green Front-қа ауыстырамыз
- ЖШС үшін «Кепілзатсыз төлем кепілдігі» өнімін іске қосамыз
- Онлайн процестерді КФО-дан BCC Business-ке және GF-ке ауыстырамыз
- ЖШС үшін тендерлік кепілдік шығаруға API кепілдігін әзірлеу 1к1
- Жаңа BCC Business және Green Front арқылы депозит-кепілдікті кепілзатқа беру арқылы Online кепілдік шығару процесін іске қосамыз

Кепілдік портфелі

87,3 млрд теңге (бір жылдағы өсім + 4%)

Кепілдік бойынша алынған кіріс


– 3,2 млрд теңге (өсім + 52%)

Тендерлік кепілдік сату

– 32 250 дана, жалпы сомасы 110 млрд теңге (өсім + 45%) (өсім + 96%)

Төлем кепілдігін сату

– 3 819 дана (өсім + 6%), жалпы сомасы 179 млрд теңге (өсім + 163%)



«StartUp Бизнес»

2023 жылғы қазанда


«StartUp Бизнес» жаңа кредиттік өнімі іске қосылды.

Мақсатты аудитория

ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер
(бизнесін бастаған мерзімі – 3 жылдан кем)

2023 жылы берілген кредит, мың теңге

Өнім бойынша берілген кредит



Артықшылығы

- ЕДБ нарығында ұқсас нұсқа жоқ
- Құжаттар жиынтығы барынша аз
- Шешім қабылдау мерзімі қысқа
- Қаржы талдауы оңайлатылған
- Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға болады

Бизнес Кредит және Жаңартылатын кредит желісі


2023 жылдың қорытындысы

- 2022 жылдан бастап портфельдің өсімі – 2,8 есе;
- ЖК бойынша ЖТ кепілдігін қабылдау (кредиттік тәуекелді азайту мақсатында);
- ЖШС бойынша құрылтайшылардың кепілдігін қабылдау (кредиттік тәуекелді азайту мақсатында);
- Шешім қабылдау бойынша жаңа стратегия енгізу (айналым қаражатына қажеттілікті талдау, тұрғын үй нарығына кредит беруден бас тарту)


2024 жылға белгіленген мақсаттар

- 2024 жылдың қорытындысына сай портфель бойынша мақсат – 270 млрд теңге;
- Green Front платформасына көшу;
- Green Front жүйесінде Шешімді/Хаттамалық шешімді автоматты түрде әзірлеу.

БК және ЖКЖ портфелі,
млрд теңге



СЭҚ



2023 жылғы жетістік

- Шығыс аударымды автоматты түрде мақұлдау үлесі 28%-дан 68%-ға дейін артты, валюталық аударымды өңдеу уақыты үш есе қысқарды
- Экспорттық түсімді автоматты түрде аудару үлесі 0%-дан 62%-ға дейін, аудару жылдамдығы 17 есе артты
- Келісімшартты тіркеу уақыты 8 есе қысқарды

2024 жылға белгіленген мақсаттар

- СЭҚ операциялары бойынша комиссиялық пайда – 34 млрд теңге
- Валюталық төлем жасайтын белсенді клиенттер бойынша үлес – ОБ 40% және ШБ 10%
- Ақша айырбастайтын белсенді клиенттер бойынша үлес – ОБ 40% және ШБ 10%

2023 жылы банктің кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларына қатысуының нәтижесі



Қор құру:

- «Даму» ҚДҚ» АҚ қор құру бойынша Банктің жалпы лимиті 46 млрд теңгеге дейін артты;
- «Даму» ҚДҚ» АҚ бағдарламалары бойынша жалпы сомасы 12,8 млрд теңгеге қосымша қор құру қаражаты тартылды;
- ШОБ субъектілерін, бизнестегі әйелдерді қаржыландыру үшін жалпы сомасы 28 млрд теңге болатын ЕҚДБ қор құру және GEFF бағдарламасы аясында жасыл технологияларды қаржыландыру қаражаты тартылды;
- Аграрлық-өнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландыру үшін 4,9 млрд теңге сомасында АКК қаражаты тартылды.



Субсидиялау/ кепілдік беру:

- «Даму» ҚДҚ» АҚ субсидиялау құралы бойынша 2023 жылы банк 169 млрд теңге сомасына 4 911 жобаны қаржыландырды;
- «Даму» ҚДҚ» АҚ кепілдік беру құралы бойынша 2023 жылы желтоқсандағы дерек бойынша банк 135 млрд теңге сомасына 4 592 жобаны қаржыландырды;
- Сондай-ақ 2021–2025 жылдарға арналған Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту жобасы аясында портфельдік кепілдік беруге және субсидиялауға 22,5 млрд теңге тартылды.



2024 жылға белгіленген жоспар:

- «Даму» ҚДҚ» АҚ қор құру қаражатын тарту үшін банктің лимитін 10 млрд теңгеге арттыру;
- Портфельдік субсидиялауға және шағын бизнеске кепілдік беруге лимит тарту арқылы шағын кәсіпкерлерге кредит беру ауқымын арттыру;
- ҚДБ-дан кепілдік беру және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді қолдау түрінде ірі бизнес үшін қолдаудың жаңа құралдарын кредит беруге тарту (субсидиялаудың және кепілдік берудің жаңа құралдары).

BCC.BUSINESS мобильді қосымшасы

2023 жылдың қорытындысы

BCC Business интернет банкингінің жаңа платформасын іске қосу.

Жаңа платформаға 100 мыңнан астам кәсіпкер көшті. Пайдаланушылар теңгедегі және валютадағы операцияларды, карталарды, тарифтерді, онлайн бухгалтерияны және тағы да көптеген онлайн сервистерді пайдалана алады.

Жиі қойылатын сұрақтарға жауап беру функционалы және Клиенттер онбордингі

клиенттерге функционалмен оңай танысуға мүмкіндік береді, хабардарлықты арттырады және байланыс орталығы мен бөлімшелерге жүктемені жеңілдетеді.

VoC өлшемдері


интернет банкинг сервисі мен жұмыс сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Клиенттер дайын жауапты таңдай алады, өзі түсіндірме жаза алады, бұл функционалды тұрақты түрде жетілдіруге негіз болады.

ҚР мен РФ-дегі контрагенттерді тексеру сервисі іске қосылды:

пайдаланушылар ЖСН/БСН және ССН/НМТН бойынша өз серіктестерін тексере алады. Сервис сенімділік мәртебесі туралы ақпарат ұсынады, сондай-ақ іскерлік қатынас жүргізу жөнінде шешім қабылдау үшін толық есеп алуға мүмкіндік береді.

Теңгедегі төлемдер бойынша процестерді автоматтандыру және оңтайландыру:

қолмен өңдеуге түсетін операциялар санын азайту жұмыстары жүргізілді, автоматты түрде өңделетін төлемдер көлемі 98%-дан астам болды. Банктен төлем жіберуді жеделдету жұмыстары жүргізілді және қазіргі таңда төлем басқа банктерде алушы контрагенттерге ең көбі 30 минут ішінде аударылады.




Жаңа «Онлайн бухгалтерия» өнімін іске қосу.

Банк клиенттеріне арналған жаңа платформада «Онлайн бухгалтерия» өнімі сәтті іске қосылды. Енді BCCBusiness клиенттерінің өз бизнесін онлайн бухгалтерия қызметіне қосуға мүмкіндігі бар.

Функционалы:

- Бизнес жүргізу үшін салық төлеу
- Қызметкерлер үшін салық төлеу
- Енді BCC Business клиенттері салық жылын жоспарлап, төлемді уақытылы төлей алады.
- Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және олардың кадрлық қозғалысын басқару
- Клиенттер қандай қозғалысқа қатыса алады:
 - еңбекке уақытша жарамсыздық парағын ашу;
 - демалыс алу;
 - жұмыстан шығу;
 - Жалақыны өзгерту;
 - сыйлықақы алу;
 - әлеуметтік мәртебе алу;
 - тағы басқа.



Валюта айырбастау/ауыстыру.

Банк клиенттеріне арналған жаңа платформада валюта айырбастау бойынша функционал сәтті іске қосылды. Енді BCCBusiness клиенттерінің валютаны кез келген сомаға айырбастауға мүмкіндігі бар.

Банк ішінде валютамен ақша аудару.

Банк клиенттері өз шоттары арасында, сондай-ақ басқа клиенттерге ақша аудару қызметін қолдана алады.

Валютамен жасалатын халықаралық аударымдар.

Клиенттердің халықаралық аударымдарды негізгі валюталармен (USD, EUR, RUB) қатар басқа валюталармен де жіберуге мүмкіндігі бар.

ВА досье (келісімшартты қарап шығу және редакциялау).


Енді клиенттердің келісімшартты тіркеумен қатар тіркелген келісімшарттың параметрлерін онлайн өзгертуге мүмкіндігі бар.

Жеке бағаммен ақша айырбастау.

Клиент баламасы 50 000 \$ асатын соманы жеке бағаммен айырбастай алады.

Қолданыстағы бағаммен ақша айырбастау.

FX-платформа ашылмаған жағдайда, клиент қолданыстағы бағаммен ақша айырбастау функционалын қолдана алады.



Тарифті басқару функционалы:


Банк клиенттеріне арналған жаңа платформада есептен шығару күні мен тегін төлем санын қоса алғанда, қосылған тариф жөнінде ақпарат алуға, сондай-ақ ұсынылған қолданыстағы тордан жаңа тариф таңдау және ауыстыру мүмкіндігін ұсынатын функционал іске қосылды.

Бизнес карталарды басқару функционалы:

- шығарылған бизнес карта жөнінде ақпарат алу;
- атауын өзгерту;
- лимитті басқару
- бұғаттау/бұғаттан босату;
- PIN-код белгілеу;
- жабу.

Интернет-банкте қолдану мүмкіндігін басқару функционалы:

- клиентті тіркеу;
- құпия сөзді қалпына келтіру;
- құпия сөзді ауыстыру;
- пайдаланушыны құру (қол қою құқығынсыз).




BCC Business мобильді қосымшасындағы жаңа функция

Клиенттерге банк бөлімшесіне бармай-ақ, банктің қызметтері мен сервистерін онлайн пайдалануға мүмкіндік беретін мынадай әзірлемелер енгізілді:

- құпия сөзді биометрия арқылы ауыстыру;
- бірыңғай төлем;
- тарифтік пакетті қосу және ауыстыру;
- Push-хабарламалар тарихы;
- корпоративтік карта шығару және басқару;
- Open API жұмыс кабинеті;
- эквайринг жұмыс кабинеті;
- валюталық операциялар бойынша СЭҚ ТН анықтамалығын енгізу;
- валютадағы төлемді тергеп-тексеруді автоматтандыру

Қосымшамен жұмыс істеген кезде, клиенттердің қолдану тәжірибесін жақсарту үшін мобильді қосымша модульдеріне редизайн және рефакторинг жүргізілді.



Қоғаммен байланыс

Банк өз қызметін барынша ашық жүргізуге тырысады және барлық мүдделі тараптарға қажетті ақпаратты ұсынуға көңіл бөледі.

Банк Қазақстанның қаржы институттары арасында БАҚ-та аталу рейтингінде 4-орында тұр.

2023 жылы баспасөз қызметі БАҚ-тың әрбір сұратуын қарап, журналистермен бірлесіп, ақпаратты жұртшылыққа қысқа мерзімде жедел жеткізіп отырды. Бұған баспасөз хабарламаларын дайындау, сұхбат ұйымдастыру, журналистердің сауалдарына жауап беру және басқа да коммуникациялық белсенді әрекеттер кіреді.

«ШОБ клиенттерінің тарихы» жобасы іске қосылды, онда еліміздің әртүрлі қалаларынан келген қазақстандық кәсіпкерлер өз қызметі барысында ынталандыратын және шабыт беретін оқиғаларды баяндайды.

Қор нарығындағы және банкаралық нарықтағы операциялар

Корреспонденттік қатынастар және қаржы институттарымен жұмыс жүргізу

ЦентрКредит Банкінің корреспонденттік желісі үлкен, ол жақын және алыс шетелдегі контрагенттерді қамтиды.

2023 жылы банк CIPS халықаралық қытайлық қаржылық хабарлама беру және төлем жүйесінің жанама қатысушысы болды.

2024 жылы клиенттердің қажеттіліктері мен бизнес бағыттарына сәйкес валюта шоғырын кеңейту жоспарланып отыр.

Валюта айырбастау және қор нарығы бойынша онлайн сервистер

	2023 жылғы негізгі жетістіктер	2024 жылға белгіленген мақсаттар
Валюта нарығы	ЗТ және ЖК FX-платформасын оңтайландыру (нарықтағы баға белгіленімдерін алуды 3 минуттан 10 секундқа дейін қысқарту)	Мәмілелерді автоматты түрде жабу аясында ЗТ және ЖТ FX-платформасын жақсарту ЗТ және ЖК FX-платформасына валюталық кестелер енгізу Сауда роботын енгізу
	Валюта нарығындағы мәмілелерді сауда жүйелерінен Банктің есепке алу жүйесіне импорттау процесін автоматтандыру (Дилинг, Мидл-офис және Бэк-офис мәмілелерін сүйемелдеу уақытын 2-3 сағатқа қысқарту) уақытын 2-3 сағатқа қысқарту)	BCC.BUSINESS қосымшасына ЗТ-клиенттер үшін форвардтық мәмілелер жасасуды автоматтандыру BCC.KZ қосымшасында ЖТ арналған FX-платформаға Tom/Spot мәмілелерін енгізу BCC.KZ-тегі ЖТ арналған FX платформасында 24/5 сауда
Қор нарығы	Компаниялардың теңгемен көрсетілген акциялары бойынша KASE қайталама нарығы	Компаниялардың АҚШ долларымен көрсетілген акциялары бойынша KASE қайталама қор нарығы
	ЖТ брокерлік қызмет көрсету процесін жақсарту (процестерді автоматтандыру есебінен операциялық тәуекелдерді азайту)	

Кастодиандық қызмет

млн теңге	2021	2022	2023
Бағалы қағаздар	326 492	556 305	406 714
Инвестициялық қорлардың пайлары	25	25	25
Банк депозиттері	44	67	47
Өзге активтер	6 048	6 216	6 261
Жиынтығы	332 609	562 613	413 047

2023 жылы банк 9 кастодиандық шарт жасасты.

Жыл қорытындысы бойынша 10 клиент – банктің кастодиандық қызмет көрсетілетін ірі клиенттері.

Корпоративтік басқару және корпоративтік оқиғалар

Корпоративтік басқару

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару мынадай қағидаттарға негізделген:

1. Корпоративтік басқару акционерлер мен банк қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге негізделген және оның тиімді қызметіне, соның ішінде активтер құнының артуына, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға, жұмыс орындарын құруға қпал етеді.
2. Банктің тиімді қызметі мен инвестициялық тартымдылығының негізі – корпоративтік басқарудың барлық қатысушыларының өз қызметін ашық жүргізуі. Корпоративтік басқару қағидаттары банкті басқаруға байланысты туындайтын қатынастарда сенім қалыптастыруға бағытталған.
3. Бұл қағидаттар «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Корпоративтік басқару қағидаттарын, корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибені және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін ескере отырып қалыптастырылған.
4. Корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану банк қызметіне объективті талдау жүргізу және аналитиктерден, қаржы кеңесшілерінен, рейтингтік агенттіктерден тиісті ұсынымдар алу үшін тиімді тәсілді құруды қамтамасыз етеді.
5. Тәуекелді басқару жүйесі корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру, банк қызметіне тән елеулі тәуекел туралы толық, анық және уақытылы басқарушылық ақпараттың болуы арқылы тәуекелге жауап беретін шешім қабылдайтын банктің уәкілетті алқалы органдарының хабардар болуын қамтамасыз етеді.

Корпоративті оқиғалар

Акционерлер жиналысы

Жиналыстың атауы және күні	Күн тәртібі	Қабылданған шешімдер
«ЦентрКредит Банкі» АҚ акционерлерінің 12.05.2023 ж. жылдық жалпы жиналысы	1. 2022 жылғы Банк қызметінің нәтижесі туралы есеп	1.1. «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының 2022 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі бекітілсін.
	2. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2022 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігін бекіту	2.1. «KPMG» аудиторлық компаниясы растаған «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2022 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.
	3. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту	3.1. 2022 қаржы жылы үшін «Банк ЦентрКредит» АҚ жай акциялары бойынша дивиденд төленбесін. 3.2. 2022 жылғы 144 915 млн теңге (жүз қырық төрт миллиард тоғыз жүз он бес миллион теңге) сомасындағы таза кіріс «Өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (өтелмеген шығыны)» шотында қалсын.
	4. «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы, «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциясын бекіту және «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 05.06.2020 ж. хаттамасымен бекітілген «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің күші жойылды деп тану туралы	4.1. «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының ұсынылып отырған редакциядағы Жарғысына енгізілген өзгеріс және толықтыру бекітілсін. 4.2. 4.2. «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілсін. 4.3. «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 05.06.2020 ж. хаттамасымен бекітілген «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің күші жойылды деп танылсын. 4.4. «Банк ЦентрКредит» АҚ Президенті Владимиров Руслан Владимировичке «Банк ЦентрКредит» АҚ атынан және соның мүддесі үшін «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілген өзгеріс және толықтыруға қол қоюға өкілеттік берілсін. 4.5. «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасы «Банк ЦентрКредит» АҚ Жарғысына енгізілген өзгеріс және толықтыруды мемлекеттік тіркеу рәсімін жүргізісін.

Жиналыстың атауы және күні	Күн тәртібі	Қабылданған шешімдер
«Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің 12.05.2023 ж. жылдық жалпы жиналысы	5. «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы	5.1. 2024 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін өкілеттік мерзімімен 6 (алты) адамнан тұратын Директорлар кеңесінің қазіргі сандық құрамы сақталсын. 5.2. «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына мына тұлғалар сайлансын: ● Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы; ● Ли Владислав Сединович; ● Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы; ● Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы – тәуелсіз директор; ● Werner Frans Jozef Claes – тәуелсіз директор; ● Қожахметов Қуат Бәкірұлы – тәуелсіз директор. 5.3. «Банк ЦентрКредит» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің 18-бабына сай Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін төленетін сыйақы мен шығыс өтемақысының мөлшері мен оны төлеу талаптары айқындалсын.

Директорлар кеңесі

2023 жылы Директорлар кеңесі 5 күндізгі отырыс өткізіп, оларда мынадай мәселелерді қарады: 2022 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық есептілікті алдын ала бекіту, акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім, Басқарманың сандық және дербес құрамы, Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау, 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жай-күйі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ басқарушылық есептілігі, ESG жобасын іске асыру барысы туралы ақпарат, банктің 2023–2025 жылдарға арналған Даму стратегиясының іске асырылу жағдайы, банктің 2024 жылға белгіленген бюджетінің жобасы және т.б. Есепті кезеңде Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы 242 қаулы қабылдады.

Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалау

Банктің Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес өзін-өзі бағалау әдісімен (сауалнама жүргізу арқылы) 2022 жылдың нәтижесі бойынша Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізілді, оның нәтижесі 2023 жылдың 12 мамырында өткен банк акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына ұсынылды.

31.12.2023 ж. жай-күйі бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

№	Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні	Лауазымының атауы	Директорлар кеңесінің құрамына сайланған/қайта сайланған күні	Соңғы үш жылда атқарып жүрген лауазымдары
1	Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы	2023 жылғы 12 мамыр	1996 ж. – қазіргі уақытқа дейін Қазақстан банктері қауымдастығының президенті 1997 ж. – қазіргі уақытқа дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы 2003 ж. – қазіргі уақытқа дейін «BCC Invest» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы 2020 жылғы наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін Еуразиялық ынтымақтастықтың Қаржы-банк қауымдастығының (ЕАЫ ҚБҚ) Іскерлік кеңесінің төрағасы 31.05.2023 ж. – қазіргі уақытқа дейін «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭнДар)» сақтандыру компаниясы «АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
2	Ли Владислав Сединович	Директорлар кеңесінің мүшесі	2023 жылғы 12 мамыр	2000 ж. – қазіргі уақытқа дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі 04.07.2016 ж. – 2021 ж. дейін «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі 31.07.2018 ж. – қазіргі уақытқа дейін «ҚБТУ» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі

№	Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні	Лауазымының атауы	Директорлар кеңесінің құрамына сайланған/қайта сайланған күні	Соңғы үш жылда атқарып жүрген лауазымдары
3	Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі	2023 жылғы 12 мамыр	2011 ж.* – қазіргі уақытқа дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі 2022 ж. мамыр – 2022 ж. қазан «Еco Center Bank» АҚ («Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес банкі) Директорлар кеңесінің мүшесі
4	Claes Werner Frans Josef	Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор	2023 жылғы 12 мамыр	2008 ж. – қазіргі уақытқа дейін «Жаһандық қаржылық консалтинг» Президенті 2010 ж. – қазіргі уақытқа дейін «International Financial Consulting» Ltd аға кеңесшісі 2011 ж. – қазіргі уақытқа дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры 2016 ж. – 01.11.2022 ж. «Hamkorbank» АҚБ Директорлар кеңесінің мүшесі 2017 ж. – 26.04.2023 ж. «ОРАЛСІБ» ЖАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі 2019 ж. – қазіргі уақытқа дейін «AccessBank» ЖАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі 01.12.2022 ж. – қазіргі уақытқа дейін «Эсхата банк» ААҚ Қадағалау кеңесінің тәуелсіз мүшесі
5	Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор	2023 жылғы 12 мамыр	2018 ж. ақпан – қазіргі уақытқа дейін «Хоум Кредит Банкі» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры 2018 ж. қазан – қазіргі уақытқа дейін «Қазақстанның даму банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры 2019 ж. сәуір – қазіргі уақытқа дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры 2020 ж. тамыз– 01.03.2022 ж. Директорлар кеңесінің мүшесі, «Private company «Unicorn Holding» тәуелсіз директоры 2022 ж. 1 сәуір – 2023 ж. 25 желтоқсан компания директоры «50 North Capital Limited» 2022 ж. мамыр – 2022 ж. қазан «Еco Center Bank» АҚ («Центр Кредит Банкі» АҚ еншілес банкі) Директорлар кеңесінің төрағасы 2022 ж. 3 қазан – 2023 ж. 25 желтоқсан «Unicorn Holdings Limited» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

№	Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні	Лауазымының атауы	Директорлар кеңесінің құрамына сайланған/қайта сайланған күні	Соңғы үш жылда атқарып жүрген лауазымдары
6	Қожахметов Қуат Бәкірұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор	2023 жылғы 12 мамыр	10.03.2016 ж. – 07.04.2023 ж. «АХҚО әкімшілігі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Аудит және ішкі бақылау комитетінің мүшесі 22.09.2020 ж. – қазіргі уақытқа дейін «АХҚО әкімшілігі» АҚ Басқарушы АХҚО бас кеңесшісі 01.04.2022 ж. – 2023 ж. қыркүйек «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі, Стратегия және инвестициялар комитетінің төрағасы 27.08.2022 ж. – қазіргі уақытқа дейін «Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры 19.10.2022 г. – қазіргі уақытқа дейін «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры 14.12.2022 ж. – қазіргі уақытқа дейін «Банк ЦентрКредит» АҚ Кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры 04.04.2023 ж. – қазіргі уақытқа дейін «ҚҰБ Банктік сервистік бюросы» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі 31.05.2023 ж. – қазіргі уақытқа дейін «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭнДар)» сақтандыру компаниясы «АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі 11.09.2023 ж. – қазіргі уақытқа дейін «First Heartland Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

Директорлар кеңесі жанында мынадай комитеттер жұмыс істейді:

1. Аудит комитеті
2. Қаржыны және тәуекелді басқару комитеті
3. Стратегиялық жоспарлау комитеті
4. Директорлар кеңесінің Кредит комитеті
5. Тағайындау, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет
6. Тұрақты даму комитеті (ESG)

Аудит комитеті

Комитеттің құрамы:

Werner Claes – Комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.

Ө.Ф. Сәйденов – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;

В.С. Ли – Директорлар кеңесінің мүшесі.

Аудит комитеті – Директорлар кеңесінің уәкілетті алқалы органы. Комитет өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала жан-жақты зерделеу және Директорлар кеңесінің негізді және ақылға салынған шешім қабылдауы үшін ұсынымдар дайындау мақсатында құрылған.

2023 жылы Аудит комитеті алты отырыс өткізіп (оның ішінде екеуі сырттай), 14 мәселені қарады, оның ішінде:

- Есептерді қарау бойынша 7 мәселе:
 1. ішкі бақылау және тәуекелді басқару жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігі бойынша аудиттің нәтижелері мен ұсынымдарын қамтитын ІАҚ (тоқсан сайынғы) қызметі туралы;
 2. Банктің жылдық қаржылық есептілігі (KPMG);
- 2024 жылға арналған стратегиялық/жылдық ішкі аудит жоспарын қарау бойынша 1 мәселе;
- Банктің сыртқы аудит қызметіне байланысты 1 мәселе (KPMG жоспарлау таныстырылымы);
- аудиторлық емес қызмет көрсетуге байланысты 1 мәселе;
- ІАҚ ағымдағы қызметі бойынша 4 мәселе (ІНҚ-ға өзгерістерді бекіту, KPI, ІАҚ құрылымы және т.б.).

Қаржыны және тәуекелді басқару комитеті

Қаржыны және тәуекелді басқару комитетінің 01.01.2023 ж. бастап 31.12.2023 ж. дейінгі кезеңдегі құрамы:

1. **Ө.Ф. Сәйденов** – Комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор;
2. **В.С. Ли** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі;
3. **Д.Р. Аманқұлов** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі;
4. **Р.В. Владимиров** – Комитет мүшесі, Президент;
5. **Р.Б. Теңіз** – Комитет мүшесі, Бірінші вице-президент;
6. **М.Т. Кенжеханов** – Комитет мүшесі, Бірінші вице-президент, **Комитет құрамынан 12.05.2023 ж. шыққан**
7. **Н.Ө. Шегебаев** – Комитет мүшесі, Вице-президент, **Комитет құрамына 05.04.2023 ж. кірген**
8. **А.С. Овсянникова** – Комитет мүшесі, Вице-президент, **Комитет құрамына 04.07.2023 ж. кірген**

Қаржыны және тәуекелді басқару комитеті 2023 жылы 12 кезекті мәжіліс және кезектен тыс 22 мәжіліс өткізді, үш жүзге жуық шешім қабылдады.

Комитет бір жылда банк қызметінің мәселелері бойынша, атап айтқанда:

- активтердің, міндеттемелердің құрылымын және капиталды басқару;
- ағымдағы пайыздық саясатты басқару;
- бөлшек және бизнес-клиенттер үшін кредиттік және депозиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу;
- тәуекелді (нарықтық, кредиттік, операциялық тәуекел, пайыздық тәуекел, өтімділік тәуекелі, қаржылық емес және өзге де қаржылық тәуекел) басқару;
- пруденциялық және басқа реттеуші нормативтерді, ішкі лимиттерді орындау;
- қаржы нарығын, бәсекелес ортаны, ҚР-дағы банк секторын талдау және т.б. мәселелерді қарастырып, өзекті және уақытылы шешім қабылдады.
- Қабылданатын шешімдердің тиімділігі қаржылық және бизнес көрсеткіштерін одан әрі жақсартуды қамтамасыз етті;
- банк операцияларының кірістілігі артты;
- меншікті капиталдың табыстылық және жеткіліктілік көрсеткіштері артты;
- активтерді әртараптандыру және бизнестің орнықтылығы жақсарды;
- клиенттерге арналған банктік өнімдердің тартымдылығы артты және т.б.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау комитетінің 01.01.2023 ж. бастап 31.12.2023 ж. дейінгі кезеңдегі құрамы:

1. **1. Ө.Ф. Сәйденов** – Комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор;
2. **2. Б.Р. Байсейітов** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің төрағасы;
3. **3. Қ.Б. Қожахметов** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор.

Комитеттің міндеттері, атқаратын қызметі, мәжіліс өткізу және шешім қабылдау тәртібі Директорлар кеңесінің 12.02.2021 ж. № 3-0212-05 қаулысымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып бекітілген «Директорлар кеңесі жанындағы Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ережеде» көрсетілген. Стратегиялық жоспарлау комитетінің бэк-офисі – Жоспарлау және қаржы орталығы

2023 жылы Стратегиялық жоспарлау комитеті 6 отырыс өткізіп, оларда мынадай мәселелерді қарады:

- «Банк ЦентрКредит» АҚ қызметінің қаржылық нәтижелері туралы есеп;
- Банктің табыстылығына қатысты жағдайды қысқаша талдау;
- Банктің 2025 жылға дейінгі стратегиялық дамуының пессимистік сценарийі;
- 01.01.2023 ж. жай-күйі бойынша банктің Даму стратегиясының орындалуы жөніндегі есеп.

Директорлар кеңесінің Кредит комитеті

Директорлар кеңесінің 22.01.2019 ж. № 3-0122-02 қаулысымен Директорлар кеңесінің Кредит комитеті туралы ереже бекітілді. Директорлар кеңесінің Кредит комитеті туралы ережеге соңғы өзгерістер Директорлар кеңесінің 14.12.2022 ж. №3-1214-07 қаулысымен бекітілді.

Комитеттің құрамы:

Комитет құрамына Директорлар кеңесі мүшелері мен қажетті және кәсіби білімдері бар сарапшылардан тұратын 10 мүше кіреді:

1. Комитет төрағасы (немесе оның орнын басатын тұлға); Директорлар кеңесінің мүшесі **Д.Р. Аманқұлов**. Ол болмаған кезде, Комитет төрағасының орынбасары – Директорлар кеңесінің мүшесі **В.С. Ли**
2. Бірінші вице-президент, Бизнесі қолдау тобының жетекшісі **Р.Б. Теңіз**
3. Вице-президент, Басқарма мүшесі, Корпоративтік бизнес блогының жетекшісі **Н.Ө. Шегебаев**
4. Тәуекелді басқару блогының басшысы/Кредиттік тәуекелді бағалау орталығының басшысы **Ю.В. Воронин** (Кредиттік тәуекелді бағалау орталығының басшысы лауазымына тұлға бекітілгенге дейінгі кезеңге)
5. Корпоративтік бизнес блогы бөлімшесінің басшысы (корпоративтік бизнес портфелі бойынша) **Н.Н. Нурмамедов**
6. Өндіріп алу жөніндегі вице-президент, Кредиттерді басқару блогының жетекшісі (КББ және «CenterProject» ЖШС проблемалы қарыз мәселелері бойынша, сондай-ақ банктің балансына мүлкті қабылдау мәселелері бойынша) **Ж.С. Мұхамеджанов**
7. Заң орталығының атқарушы директоры **Е.М. Мұратов**
8. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығының атқарушы директоры **Қ.Ө. Медетов**
9. Банк Президенті (жалпы берешегі банктің МК 1%-ынан асатын қарыз алушылардың/өзара байланысты қарыз алушылар тобының қаржылық қиындықтарына байланысты қарыздарды қайта құрылымдау мәселелері бойынша) **Р.В. Владимиров**
10. Бизнесі қолдау тобының Баланстық мүлкті сату дирекциясының басшысы (банктің баланстық мүлкін басқару, оның ішінде қабылдау және сату мәселелері бойынша) **Ә.Ә. Мұратбаев**

2023 жылы Директорлар кеңесінің Кредит комитеті 42 кезекті және 31 кезектен тыс отырыс өткізді, 227 мәселені қарады.

Директорлар кеңесінің Кредит комитетінің 01.01.2023 ж. бастап 31.12.2023 ж. дейінгі кезеңдегі құрамы:

№	ДК мүшесінің аты-жөні	Лауазымының атауы	ДККК құрамына кірген күн	ДККК құрамынан шыққан күн
1	Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі	22.01.2019 ж.	
2	Ли Владислав Сединович	Директорлар кеңесінің мүшесі	22.01.2019 ж.	
3	Теңізев Рустам Болатқанұлы	Бірінші вице-президент, Басқарма мүшесі, Бизнесі қолдау тобының жетекшісі	05.11.2019 ж.	
4	Шегебаев Нұрлан Өмірбекұлы	Вице-президент, Басқарма мүшесі, Корпоративтік бизнес блогының жетекшісі	03.09.2020 ж.	
5	Әбішев Рүстем Нұржанұлы	Тәуекелді басқару блогының вице-президенті	26.07.2023 ж.*	
6	Нәбиев Біржан Бағданұлы	Кредиттік тәуекелді бағалау орталығының басшысы	26.07.2023 ж.*	19.09.2023 ж.*
7	Воронин Юрий Викторович	Тәуекелді басқару блогының басшысы/ Кредиттік тәуекелді бағалау орталығының басшысы	30.06.2023 ж.*	19.09.2023 ж.*
8	Нурмамедов Намиг Нураимович	Корпоративтік бизнес блогының Басқарушы директоры	28.10.2022 ж.*	
9	Мұхамеджанов Жанат Серікқалиұлы	Өндіріп алу жөніндегі вице-президент, Кредиттерді басқару блогының жетекшісі	08.02.2021 ж.	
10	Мұратов Ерлан Мұратұлы	Заң орталығының атқарушы директоры	22.01.2019 ж.	
11	Медетов Құдайберген Әбдірахманұлы	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығының атқарушы директоры	04.05.2021 ж.	
12	Владимиров Руслан Владимирович	Банк Президенті	28.10.2022 ж.*	
13	Дұрыскелдинов Нұрлан Ерғалиұлы	Сату басқармасының бастығы	11.08.2020 ж.	30.06.2023г*
14	Мұратбаев Әкімжан Әкрамұлы	Бизнесі қолдау тобының Баланстық мүлікті сату дирекциясының басшысы	26.07.2023 ж.*	

Тағайындау, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Директорлар кеңесінің 01.10.2020 ж. № 3-1001-02 қаулысымен Тағайындау, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет туралы ереже бекітілді. Тағайындау, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет туралы ережеге өзгерістер Директорлар кеңесінің 14.12.2022 ж. №3-1214-09 қаулысымен бекітілді.

Комитеттің құрамы:

Werner Claes – Комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;

Б.Р. Байсейітов – Директорлар кеңесінің төрағасы;

Ә.Ғ. Сәйденов – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.

Комитет есепті жылы 5 отырыс өткізіп, оларда мынадай мәселелерді қарады:

1. Басқарма мүшесі лауазымына үміткерді ұсыну.
2. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың мүдде қайшылығын реттеу жөніндегі саясатына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы
3. «Банк ЦентрКредит» АҚ ұйымдық құрылымына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы
4. Банктің басшы жұмыскерлеріне сыйлықақы беру туралы
5. «Банк ЦентрКредит» АҚ топ-менеджментінің 2023 жылға арналған мақсаттар картасы (KPI)

2023 жылы Комитет мүшелері келісу арқылы банктің вице-президенті лауазымына үміткерлерді алдын ала келісуді жүргізді.

Тұрақты даму комитеті

Комитеттің құрамы:

Werner Claes – Комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.

Қ.Б. Қожахметов – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;

Р.Б. Теңізев – Бірінші вице-президент, Басқарма мүшесі;

А.С. Овсянникова – Вице-президент, Басқарма мүшесі;

Н.Ө. Шегебаев – Вице-президент, Басқарма мүшесі;

К.Э. Ермекбаева – Басқарушы директор.

Тұрақты даму комитеті – Директорлар кеңесінің уәкілетті алқалы органы. Комитет Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі шешімі негізінде банктің тұрақты дамуына байланысты шешім қабылдау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыным беру мақсатында құрылды.

2023 жылы Тұрақты даму комитеті бір отырыс өткізіп, онда мынадай үш мәселені қарады:

1. Тұрақты даму комитетінің бэк-офисінің функцияларын орындайтын банк бөлімшесін таңдау туралы.
2. «Директорлар кеңесі жанындағы Тұрақты даму комитеті отырысының регламенті» ІНҚ бекіту туралы.
3. Тұрақты даму жөніндегі есепті дайындау жағдайы туралы.

Басқарма

Банк Басқармасы есепті жылы Басқарманың 80 күндізгі отырысын өткізіп, оларда басқарушылық есептілікке қатысты мәселелерді қоса алғанда, Банктің негізгі қызметі, бизнесті дамыту және қолдау мәселелері, банк қызметінің процедуралық мәселелері бойынша 895 мәселені қарады, комитеттер мен комиссиялардың шешімдерін бекітті және т.б.

Басқарманың 01.01.2023 ж. бастап 31.12.2023 ж. дейінгі кезеңдегі құрамы

№	Басқарма мүшесінің аты-жөні	Басқарма құрамына кірген күн	Лауазымы	Басқарма құрамынан шыққан күн	Сайлау туралы шешімнің нөмірі мен күні	Өкілеттігерді мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімнің нөмірі мен күні
1	Владимиров Руслан Владимирович	25.06.2018 ж. 22.10.2022 ж. 12.05.2023 ж.	Басқарма мүшесі Басқарма төрағасы (Президент) Банк Президенті	13.05.2022	Директорлар кеңесінің 25.06.2018ж. қаулысы Директорлар кеңесінің 22.10.2022 ж. №3-1022-01 қаулысы «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі отырысының 12.05.2023 ж. хаттамасы	Директорлар кеңесінің 19.05.2022 ж. №3-0519-01 қаулысы
2	Теңізев Рустам Болатқанұлы	31.03.2020 ж. 03.08.2022 ж. 22.10.2022 ж. 12.05.2023 ж.	Төрағаның орынбасары, Басқарма мүшесі Төрағаның орынбасары, Басқарма мүшесі Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі (Вице-президент) Бірінші Вице-президент, Басқарма мүшесі		Директорлар кеңесінің 31.03.2020 ж. №3-0331-03 қаулысы «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі отырысының 03.08.2022 ж. хаттамасы Директорлар кеңесінің 22.10.2022 ж. №3-1022-01 қаулысы «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі отырысының 12.05.2023 ж. хаттамасы	

№	Басқарма мүшесінің аты-жөні	Басқарма құрамына кірген күн	Лауазымы	Басқарма құрамынан шыққан күн	Сайлау туралы шешімнің нөмірі мен күні	Өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімнің нөмірі мен күні
3	Овсянникова Анастасия Сергеевна	12.05.2023 ж.	Вице-президент, Басқарма мүшесі		«Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі отырысының 12.05.2023 ж. хаттамасы	
4	Шегебаев Нұрлан Өмірбекұлы	15.12.2022 ж.	(Вице-президент), Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі		М«Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі отырысының 15.12.2022 ж. хаттамасы	
		12.05.2023 ж.	Вице-президент, Басқарма мүшесі		«Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі отырысының 12.05.2023 ж. хаттамасы	
5	Кенжеханов Марат Төлеуғазыұлы	03.08.2022 ж.	Төрағаның орынбасары, Басқарма мүшесі		«Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі отырысының 03.08.2022 ж. хаттамасы	
		2022.10.2022 ж.	«Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі (Вице-президент)	12.05.2023 ж.	Директорлар кеңесінің 22.10.2022 ж. №3-1022-01 Оаулысы	«Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі отырысының 12.05.2023 ж. хаттамасы

Акционерлер және капитал. Дивидендтік саясат

2024 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған жай акциялар саны 188 029 035* дананы, артықшылықты акциялар 39 249 255* дананы құрады (оның ішінде Банк 38 953 841* артықшылықты акцияны сатып алды), жарғылық капитал 65 842** млн теңге сомасында төленді. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған акциялардың кемінде 5,0%-ына (Банк сатып алғандарды қоспағанда) иеленетін акционерлер құрамы төмендегідей:

№	Акционердің аты-жөні/атауы	Бағалы қағаздар түрі	Жалпы саны	Бағалы қағаздарды ұстаушыға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының санына қатынасы	
				Орналастырылған, %	Дауыс беруші, %
1	Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы	жай акция	91 146 273	48,47	49,04
		артықшылықты акция	20 278	6,86	-
2	Ли Владислав Сединович	жай акция	20 984 491	11,16	11,29
		артықшылықты акция	0	-	-

Дауыс беруші акциялар бойынша пайыз «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңының 1-бабы 8-тармағына сай есептеледі.

* «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ ұсынған бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің деректеріне сай

** «ЦентрКредит Банкі» АҚ жеке қаржылық есептілігіне сай

Дивидендтік саясат

Акционерлердің дивиденд алу құқығы және оны төлеу рәсімі банктің Директорлар кеңесінің қаулысымен бекітілген банк Жарғысында белгіленген.

Дивидендтік саясат дивидендтік төлем мөлшерін белгілеген, банктің инвестициялық тартымдылығын, қаржылық тұрақтылығын, капиталдандырылуы мен өтімділігін арттырған, салынған капиталдың нарықтық кірістілігін қамтамасыз еткен кезде, «Банк ЦентрКредит» АҚ пен оның акционерлері мүдделерінің теңгеріміне, акционерлердің құқықтарын құрметтеуге, қатаң сақтауға және олардың әл-ауқатын арттыруға негізделеді.

Акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту – «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының құзыреті.

Артықшылықты акциялар бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ Жарғысына және акция шығару проспектісіне сәйкес дивидендтің кепілдік берілген мөлшері белгіленген, ол Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі қосу жылдық 12%-дан 14%-ға дейінгі шекті шектеумен жылдық 3,5% ретінде есептеледі.

Банктің дивиденд төлеу шығысы

Атауы	2022 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2019 ж.	2018 ж.
Артықшылықты акция бойынша, мың теңге	12 397	11 676	10 992	11 207	3
Жай акция бойынша, мың теңге	-	-	-	-	-
Жиынтығы	12 397	11 676	10 992	11 207	3

2018 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі дивидендтің артуына 2019 жылға дейінгі кезеңдерде «Банк ЦентрКредит» АҚ Жарғысына және акция шығару проспектісіне сәйкес дивидендтің бір артықшылықты акция үшін 0,01 теңге мөлшерінде төленгені себеп болды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 21 қаулысымен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және (немесе) қалпына келтіру үшін мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және (немесе) оның еншілес ұйымдарының қаражаты пайдаланылатын екінші деңгейдегі банктің жай және (немесе) артықшылықты акциялар және (немесе) мерзімсіз қаржы құралдары бойынша пайданы бөлу, дивиденд есептеу, сондай-ақ меншікті акцияларды кері сатып алу талаптары (бұдан әрі – НҚА) бекітілді. ЦентрКредит Банкі 2017 ж. бастап ҚР банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасының қатысушысы екенін назарға ала отырып, ЦКБ артықшылықты акциялары бойынша дивидендті осы НҚА-да белгіленген талаптар орындалғаннан кейін ғана төлеуге болады, ол талаптарда НҚА-да белгіленген мөлшерде мемлекеттік қаражатты мерзімінен бұрын қайтару, сондай-ақ тәуелсіз аудиторлық ұйымның дивиденд түрінде бөлінетін пайда мөлшерінің НҚА талаптарына сәйкестігін растайтын жеке есебінің болуы көзделген. Жоғарыда жазылғандарға байланысты 2024 жылы НҚА-да белгіленген талаптар орындалғаннан кейін, 2023 жылғы ЦКБ артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төленеді деп күтілуде. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2023 жылғы бір акцияға шаққандағы пайда 730,46 теңгені құрады.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ деректеріне сай 31.12.2023 ж. жай-күйі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ (ҰСН KZ1C36280010) **бір жай акциясының нарықтық құны 977,06 теңгені құрады.**

Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Банктің Директорлар кеңесіне қойылған мақсаттарға қол жеткізуге, банк қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз етуге жәрдем көрсетеді және өз қызметін тәуелсіздік, объективтілік, кәсіби құзыреттілік және әдеп қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырады. ІАҚ аудит қызметі тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде ішкі бақылау, Тәуекелді басқару және корпоративтік басқару жүйесіне баға береді және бизнес-процестерге тән тәуекелдер деңгейіне негізделеді. Сондай-ақ ІАҚ өз жұмысында ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерін де қолданады. Банк өз кезегінде ІАҚ өз функцияларын кедергісіз және тиімді жүзеге асыруы үшін барлық жағдайларды жасайды. ІАҚ – Аудит комитетіне және Директорлар кеңесіне есеп беретін тәуелсіз құрылымдық бөлімше.

2023 жылы Аудит комитеті алты отырыс өткізіп (оның ішінде екеуі сырттай), 14 мәселені қарады, оның ішінде:

- Есептерді қарау бойынша 7 мәселе:
 - ішкі бақылау және тәуекелді басқару жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігі бойынша аудиттің нәтижелері мен ұсынымдарын қамтитын ІАҚ (тоқсан сайынғы) қызметі туралы;
 - Банктің жылдық қаржылық есептілігі (KPMG);
- 2024 жылға арналған стратегиялық/жылдық ішкі аудит жоспарын қарау бойынша 1 мәселе;
- Банктің сыртқы аудит қызметіне байланысты 1 мәселе (KPMG жоспарлау таныстырылымы);
- аудиторлық емес қызмет көрсетуге байланысты 1 мәселе;
- ІАҚ ағымдағы қызметі бойынша 4 мәселе (ІНҚ-ға өзгерістерді бекіту, KPI, ІАҚ құрылымы және т.б.).

ІАҚ банк қызметінің барлық бағыттары бойынша тексеру жүргізеді, анықталған тәуекелдер деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін тексеру нәтижесі бойынша Басқарма қолданған шаралардың тиімділігіне бақылау жасайды. ІАҚ басшысы Аудит комитетіне және Директорлар кеңесіне ІАҚ-ның Жылдық ішкі аудит жоспарының орындалуы және тиісті есепті кезеңдердегі аудит нәтижесі туралы есептерін ұсынады.

2023 жылға арналған Жылдық ішкі аудит жоспарында көзделген аудиторлық тапсырмалар толық көлемде орындалды, сонымен қатар банк басшылығының тапсырмасы бойынша жоспардан тыс жұмыстар жүргізілді.

Барлық тексеру нәтижесі банктің және филиалдардың басшыларына белгіленген тәртіппен хабарланды, ұсынымдардың орындалуын ІАҚ бақылап отырады. Қызмет басшысы ІАҚ қызметіне байланысты маңызды әрі шұғыл мәселелерді банктің басшылығымен бірге жүйелі түрде талқылап отырады.

2023 жылы ІАҚ:

- Банк пен еншілес ұйымдардың барлығы 104 процесін тексерді (Ақпараттық технологиялар бойынша аудит-процестерді және жоспардан тыс жұмыстарды қоса алғанда);
- үздіксіз аудит үшін екі балама жоба іске қосылды («жалақы жобасы» және «клиенттің деректерін басқару»);
- ішкі аудит қызметінде әдіснама мен тәжірибені жетілдіру аясында ІАҚ жұмыскерлерін қызметтік іссапарға жіберу тәртібі әзірленіп, бекітілді;
- Аудит комитеті туралы ереже пысықталды/жаңартылды/өзгерістер енгізілді;
- Автоматтандырылған мониторинг жүйесі пысықталды;
- ІАҚ қызметкерлері оқуға және DipPIA, DipCPA емтихандарын тапсыруға қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін зерделеу ұдайы жүргізілді.

ІАҚ 2024 жылға белгіленген мақсаттары мен міндеттері:

- 2024 жылға арналған ішкі аудит және жоспардан тыс жұмыстар жоспарының орындалуын қамтамасыз ету;
- Банктегі ішкі аудит сапасын арттыру;
- ішкі аудит жүйесін жетілдіру мақсатында:
 - үздіксіз аудит технологияларын жетілдіру және жаңарту (Continuous Audit);
 - үздіксіз аудит процестерін орындау үшін көрсеткіштер жоспарына енгізілген тексерілетін қызметті автоматтандыру, әзірлеу (орындау жиілігі үшін (күн сайын, апта сайын, ай сайын және/немесе нақты уақыт режимінде) автоматтандырылған скриптілерді/бастапқы кодтарды әзірлеу);
 - іс-шаралар жоспарларының орындалуына автоматты мониторинг жүргізу жүйесін пысықтау;
 - ЭЦҚ арқылы ЭҚА-ға ІАҚ хабарламаларына қол қою бойынша автоматты процесті енгізу;
 - DipPIA, DipCPA сертификаттарын алу үшін ІАҚ жұмыскерлерін оқытуды жалғастыру;
- ІАҚ ІНҚ пысықтау және жетілдіру.

Комплаенс-тәуекел

Банктің Директорлар кеңесі

банкте комплаенс-бақылау бөлімшесін (Комплаенс қызметі) құру арқылы банктің комплаенс-тәуекелін басқару процедураларын бақылайды, Бас комплаенс-бақылаушыны тағайындайды және лауазымынан босатады, комплаенс-тәуекелді басқару саясатын бекітеді.

Тәуекелді басқару мәселелері жөніндегі комитет

Директорлар кеңесі бекітуі керек және комплаенс-тәуекелді басқарудың негізгі қағидаттарын, оның ішінде банкте комплаенс-мәдениет құру қағидаттарын қамтитын комплаенс-тәуекелді басқару саясатын әзірлеуге жауап береді, олардың негізінде банк құрылымының барлық деңгейінде комплаенс-тәуекел анықталады және басқарылады.

Комплаенс-бақылау бөлімшесі

Қазақстан Республикасы заңнамасының (оның ішінде банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының, сондай-ақ банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу тәртібі белгіленетін банктің ішкі құжаттарының) талаптарын сақтау үшін рәсімдерді ұйымдастырады және банктің Директорлар кеңесіне комплаенс-тәуекелдің бар екендігі туралы толық және анық ақпарат береді.

Бас комплаенс-бақылаушы мен Директорлар кеңесі және (немесе) банктің Тәуекелді басқару мәселелері жөніндегі комитеті арасындағы өзара іс-қимыл тұрақты жүзеге асырылады.

Банктегі комплаенс-тәуекелді басқару рәсімдеріне мыналар кіреді, бірақ бұлармен шектелмейді:

1. ішкі құжаттарды дайындау арқылы комплаенс-тәуекелді, оның ішінде АЖ/ТҚ тәуекелін басқару мәселелері бойынша банк жұмыскерлері үшін ішкі нұсқаулықтарды әзірлеу;
2. Банктің және оның жұмыскерлерінің комплаенс-тәуекелді басқару саясаты мен рәсімдерін, оның ішінде қызметкерлердің оқуы арқылы сақтауына мониторинг жүргізу;
3. комплаенс-тәуекел оқиғалары туралы дерек жинау;
4. клиенттердің комплаенс-тәуекелдің болуына шағымдарын (өтініштерін) талдау;
5. Банктің комплаенс-тәуекелге ұшырағыштық дәрежесін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді әзірлеу және талдау;
6. Банктің ішкі құжатында айқындалған тәртіпке сай банк жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерін дербес немесе банктің құрылымдық бөлімшелерімен және (немесе) лауазымды адамдарымен бірлесіп, тергеп-тексеру (тексеру) жүргізу;
7. Банктің нақты бір операциясының (мәмілесінің) немесе оның бір бөлігінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне қатысты сұратулар бойынша кеңес беру;
8. Банкте мүдде қайшылығын анықтау, бағалау және бақылау іс-шараларын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
9. комплаенс-тәуекел бойынша есептілік жүйесін әзірлеп, жүргізу және банктің Директорлар кеңесіне/Тәуекелді басқару мәселелері жөніндегі комитетке банктің комплаенс-тәуекелін басқару мәселелері жөніндегі ақпаратты мерзімді түрде ұсыну.

Комплаенс-бақылау бөлімшесі – банктің өзге құрылымдық бөлімшелердің қандай да бір қызметіне тәуелсіз құрылымдық бөлімшесі.

Комплаенс-бақылау бөлімшесі өз құзыреті аясында мүдделі тараптармен – «реттеуші органмен» өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Реттеуші органдармен өзара іс-қимылды банктің уәкілетті органдары тәртібін бекіткен банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сай Комплаенс-бақылау бөлімшесі жүзеге асырады.

Банкке қатысты қолданылатын қадағалап ден қою шаралары және/немесе реттеу органдарының санкциялары реттеуші органның ашық ресми интернет-кездерінде орналастырылады.

Банк клиенттерге қызмет көрсеткен және операциялар жүргізген кезде, дәстүрлі түрде барлық қолданыстағы халықаралық экономикалық санкцияларды сақтау тәжірибесін ұстанады.

Банк қаржы мониторингі субъектісі бола отырып, қайталама санкция салу тәуекелін болдырмау мақсатында және қолданыстағы халықаралық экономикалық санкцияларды басшылыққа ала отырып:

- санкциялық шектеулерге толық мониторинг жүргізуге қатысты процестерді ауқымды автоматтандыруды жүргізді;
- барлық операция мен мәмілеге мониторинг, төлем мен аударымды бақылау процестерін күшейтті;
- клиенттерді, бенефициарлық меншік иелерін тексеру процестерін күшейтті;
- санкцияланған тауарлардың, оның ішінде қосарлы мақсаттағы тауарларға жататын тауарлардың болуына қатысты сыртқы экономикалық келісімшарттарға бақылау жүргізеді.

Банктің директорлар кеңесі мен басқармасы мүшелеріне 2023 жылы төлеген сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат

Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелеріне сыйақы «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің 21.01.2019 ж. № 3-0121-02 қаулысымен бекітілген «Банк ЦентрКредит» АҚ басшы жұмыскерлеріне және «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесіне есеп беретін тұлғаларға еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы, сондай-ақ материалдық ынталандырудың басқа да түрлерін есептеу жөніндегі саясатқа сәйкес төленеді.


1. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің 2023 жылғы қаржы жылына белгіленген сыйақысының мөлшері банктің жалақы қорының 5%-ынан аспайды және 1,4%-ды құрайды.
2. Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне келесі сыйақы түрлері белгіленген:
 - Директорлар кеңесінің мүшелеріне – қызметінің жеке көрсеткіштері үшін ай сайынғы сыйақы;
 - Басқарма мүшелеріне – кепілдік берілген лауазымдық айлықақы, бір жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы.
3. Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне 2023 жылы сыйақының жалпы мөлшері 1 084,3 млн теңгені немесе банктің жалақы қорының 2,9%-ын құрады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ басшы жұмыскерлерінің жұмыс сапасын айқындайтын өлшемшарттар:

- жылдық қаржылық көрсеткіштердің орындалуы;
- банктің таза кіріс алуы.

Ұйымдық құрылым

2023 жыл ішінде құрылымдық бөлімшелер мен лауазымдардың мынадай сатысы аясында жұмыс жалғасты:



Дирекциядағы/бағыттағы лауазымдар сатысы:




Бөлімшеде бөлімше жұмыскерлері үшін мансап сатысын сақтау маңызды, қызметкерлердің мансабын көтеру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін лауазымдардың кемінде 2 деңгейін енгізу ұсынылады.

Құрылатын бөлімшенің түрі мен деңгейі мынадай факторларға байланысты болуы мүмкін: бөлімшенің жалпы функционалы, Топтың және/немесе Блоктың нәтижесіне ықпал ету ауқымы, жеке Бюджеттің (кіріс не шығыс бөлігі) болуы, бір басшыға бағынышты жұмыскерлер саны, факторларды салғастыру – жауапкершілік, алынатын нәтиженің басқарылуы және болжамдылығы.

2022 жылғы желтоқсанда Банктің жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді, 2023 жылдың ортасында оған өзгеріс енгізілді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ ұйымдық құрылымы



Тұрақты даму

Банктің ESG-трансформациясы

2023 жыл Қазақстанның барлық қаржы секторы үшін тұрақты даму саласындағы бастамаларға толы болды. ҚНПДА ESG қағидаттарын енгізу бойынша Жол картасын бекітті, оның аясында 2023 жылғы сәуірде Қаржы ұйымдарына арналған ESG бөлігінде ақпаратты ашу жөніндегі нұсқаулық жарияланды.

Сонымен қатар банк 2023 жылы бизнесті белсенді ESG-трансформациялауды бастады. Бұл трансформацияның мақсаты – ҚНПДА талаптарына сәйкестік қана емес, сонымен қатар мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) мүддесі үшін ESG саласында елеулі нәтижеге жету. Банк басшылығы алдына корпоративтік басқару, әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаға ұқыпты қарау саласындағы озық тәжірибелерді енгізу бойынша үлкен міндеттер қояды.

2023 жылдың басында банкте Тұрақты даму дирекциясы (ESG) құрылды, ол банктің ESG-трансформациясы процесін үйлестіреді. Дирекцияның негізгі міндеттері мынадай:

- тұрақты даму саласындағы тактикалық бастамалардың орындалуын бақылау,
- стратегиялық ESG KPI әзірлеу және орындалуын бақылау,
- банк бөлімшелерін әдіснамалық қолдау,
- тұрақты даму саласындағы қаржылық емес ақпаратты ашуды қамтамасыз ету.

ESG саласында стратегиялық шешім қабылдау үшін банкте Директорлар кеңесі жанынан Тұрақты даму комитеті құрылды. Қажетті біліктілік пен гендерлік баланс талаптары ескеріле отырып, Комитет төрағасы мен құрамы айқындалды. Комитетті ESG және климаттық тәуекелді басқару саласында құзыретті тәуелсіз директор Вернер Клаас мырза басқарады. Комитеттің функцияларына ESG стратегиясын әзірлеу мен іске асыруды қадағалау, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы жобалар мен бастамаларды әзірлеу кіреді.

2023 жылы банктің 2025 жылға дейінгі жалпы корпоративтік Даму стратегиясының құрамында Тұрақты даму саласындағы стратегия бекітілді. Банк басшылығы клиент үшін күрес тек өнім ұсынуды ғана емес, сонымен қатар бизнесті жауапты жүргізу тәсілін де білдіреді деп санайды.

Стратегия аясында үздік әлемдік тәжірибелер негізінде банк қызметіне ESG қағидаттарын енгізу жөніндегі мақсат тұжырымдалды, мынадай міндеттер айқындалды:

- банк басшылығы үшін KPI жүйесін қалыптастыру;
- портфельдің жағымсыз салдарын есептеу;
- ESG саласындағы ақпаратты ашу;
- жауапты қаржыландыру қағидаттарын енгізу;
- ESG қағидаттарын тәуекелді басқару жүйесіне енгізудің заманауи тәсілдері мен әдістерін енгізу.

Банкте тұрақты даму саласында бірқатар ІНҚ бекітіліп, жаңартылды. Олардың арасында:

- Тұрақты даму саясаты
- Жауапты қаржыландыру саясаты
- Адам құқықтары жөніндегі саясат
- Корпоративтік әдеп кодексі
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
- Контрагенттермен өзара іс-қимыл жөніндегі ереже

ESG-трансформация міндеттерінің бірі банктің топ және мидл-менеджменті үшін тұрақты даму саласындағы KPI айқындау болды. Менеджмент жұмысының нәтижелерін бағалау үшін тұжырымдалған мақсаттар арасында мыналар белгіленген: ESG қағидаттарын тәуекелді басқару жүйесіне енгізу және корпоративтік басқару; әлеуметтік инвестициялар көрсеткішінің артуы; тұрақты даму саласындағы жыл сайынғы есепті дайындау; корпоративтік портфельдің жалпы көлеміндегі «жасыл» қаржыландыру үлесінің артуы.

Тұрақты дамуды басқару жүйесі

Тұрақты дамуды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы ESG аспектілері мен климаттық тәуекелді басқару өкілеттіктерін бөледі:

- Директорлар кеңесі банктің тұрақты даму саласындағы стратегиялық дамуының басым бағыттарын, мақсаттары мен негізгі қағидаттарын және оларды банктің даму стратегиясына енгізу тәсілдерін, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің жауапкершілік саласына сай олардың тұрақты даму мәселелері бойынша міндеттерін, стратегиялық ESG мақсаттарын орындау бойынша KPI айқындайды және олардың орындалуын бақылайды.
- Тұрақты даму комитеті Директорлар кеңесінің кеңес беру-кеңесу органы, ол Директорлар кеңесіне банктің тұрақты дамуына байланысты шешім қабылдау мәселелері жөнінде ұсыным береді. Комитеттің функцияларына ESG мен климаттық стратегияның әзірленуі мен іске асырылуын, сондай-ақ климаттық тәуекел мен мүмкіндіктердің есепке алынуы мен бағалануын қадағалау кіреді.
- Басқарма банктің тұрақты даму саласындағы даму стратегиясының орындалуын, банктің Директорлар кеңесі бекіткен процедуралардың, процестер мен саясаттардың сақталуын қамтамасыз етеді.
- Басқарма жанындағы Тәуекелді басқару комитеті – жедел шешім қабылдау органы. Күнделікті отырыстарда Комитет мүшелері банктің ESG-трансформациясы аясында өзекті мәселелер мен жобаларды қарайды, тұрақты даму аясындағы іс-шараларды, бастамаларды және қызмет нәтижесін алдын ала мақұлдайды.
- Тұрақты даму (ESG) дирекциясы – банктің негізгі үйлестіруші құрылымдық бөлімшесі, ол банктің тұрақты даму саласындағы басқа бөлімшелеріне сараптамалық қолдау көрсетеді, банктің ESG саласындағы стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша іс-шаралар жоспарының іске асырылуын басқарады, осы бағыт бойынша мониторинг жүргізіп, есептілік ұсынады.

Халықаралық ұйымдармен серіктестік барысындағы 2023 жылғы негізгі нәтижелер Organizations



United Nations
Global Compact

2023 ж. Банк БҰҰ-ның жаһандық шартына
(UN Global Compact) қосылды

Бастама бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында негізге алынатын 10 қағидатты қолдау және іске асыру



Банк басшылығы мен қызметкерлеріне жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша 8 басым (көңіл бөлетін) Тұрақты даму мақсаты (БҰҰ ТДМ) және таңдалған мақсаттар аясындағы қосымша міндеттер айқындалды, оларға қол жеткізуге банк айтарлықтай үлес қоса алады



SDG
AMBITION



Банк **SDG Ambition** акселераторына қатысады.

Бағдарлама үлкен корпоративтік мақсаттар қоюда және БҰҰ ТДМ бизнес-процестерге және басқару жүйесіне енгізуді жеделдетуде қатысушы компанияларды қолдауға бағытталған.

Халықаралық тұрақты жобаларды қаржыландыру бастамалары

Банк – мыналар бойынша серіктес:



Green
Economy
Financing
Facility



ЕҚДБ GEFF (Green Economy Financing Facility – Жасыл экономиканы қаржыландыру) жасыл экономиканы қаржыландыру бағдарламасы



БҰҰ ДБ ЖЭК қаржыландыру бағдарламасы

2021 жылдан бастап GEFF бағдарламасы бойынша барлығы **100-ден астам «жасыл» жоба** қаржыландырылды:

~163 632 тонна

2021 ж. бастап жобалар бойынша атмосфераға CO₂ шығарындысын қысқарту



Әлеуметтік жауапкершілік



Банк Жұмыс беруші ретінде іскерлік әдеп тәжірибесін ұстанады, банк жұмыскерлеріне қамқорлық жасайды, адам құқықтарын сақтау негізінде жұмыскерлермен еңбек қатынастарын құрады, корпоративтік басқару тәжірибесін жүйелі түрде жетілдіріп отырады.

Банк экономиканың нақты секторындағы компаниялар мен жеке клиенттерге қаржылық қызмет көрсететін Қаржы институты ретінде клиенттермен ашық және адал өзара іс-қимыл жасайды.

Банк Қазақстан Республикасының ірі компаниясы ретінде азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен экологиялық тұрақтылығына оң үлес қосуға ұмтылады, инновацияларды енгізу мен дамытуға, жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға, азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Банктің әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы жобалар БҰҰ-ның басым ТДМ таңдаумен байланысты. Негізгі бағыттар:

- Тиімді команда
- Банктің қайырымдылық және әлеуметтік жобалары
- Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Әлеуметтік жауапкершілік. Тиімді команда

Саны және ЕТҚ

Нақты саны

2023 жылдың соңында банк қызметкерлерінің нақты саны 6851 адамды құрап, 488 адамға немесе бір жылда 7,7%-ға артты.

Бұл ретте 2023 жылы қызметкерлер санының негізгі өсімі жобаларды дамытумен және ақпараттық технологиялармен айналысатын бөлімшелерде болды.

Филиал желісінің нақты саны жалпы 2023 жылы іс жүзінде өзгерген жоқ. Сонымен қатар 2023 жылдың 4-тоқсанында АХҚО-да банк филиалы ашылды. Ашық қаржы платформаларын дамыту – ЦКБ дамытудың басым бағыттарының бірі.

2021-2023 жж. қызметкерлердің нақты санының динамикасы, адам

	31.12.2021	31.12.2022	31.12.2023
Бас офис	1 945	3 430	3 908
Филиал желісі	2 185	2 933	2 943
Жиынтығы	4 130	6 363	6 851

2023 жылдың соңындағы қызметкерлердің нақты саны, адам

	Саны
ДҚТ және БТ жетекшілік ететін бөлімшелер	625
Бизнесті дамыту тобы	1 581
Бизнесті қолдау тобы	1 702
Филиал желісі оның ішінде:	2 943
Алматы қаласындағы филиал	566
Астана қаласындағы филиал	378
Шымкент қаласындағы филиал	204
Қарағанды қаласындағы филиал	171
Өскемен қаласындағы филиал	157
Ақтөбе қаласындағы филиал	132
Орал қаласындағы филиал	128
Атырау қаласындағы филиал	125
Қостанай қаласындағы филиал	118
Тараз қаласындағы филиал	118
Қызылорда қаласындағы филиал	116
Абай облысындағы филиал	104
Ақтау қаласындағы филиал	103
Павлодар қаласындағы филиал	101
Алматы облысындағы филиал	93
Жетісу облысындағы филиал	79
Көкшетау қаласындағы филиал	74
Петропавл қаласындағы филиал	71
Ұлытау облысындағы филиал	56
Түркістан облысындағы филиал	42
АХҚО филиалы	7
Жиынтығы	6 851

ЕТҚ

Банктегі еңбекақы төлеудің негізгі қағидаттары:

- ішкі әділеттілікті қамтамасыз ету;
- белгіленетін айлықақының жалақы нарығына сәйкестігі арқылы сыртқы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету;
- жұмыскерлердің еңбегіне төленетін ақының орындалатын функциялардың күрделілік деңгейіне сәйкестігі;
- еңбекақы деңгейінің жұмыскерлер мен банктің келісілген мақсаттарға қол жеткізуіне байланыстылығы.

2023 жылы Банк «жеке үстемеақы» сияқты көтермелеу құралын белсенді түрде пайдаланды. Бұл бүкіл банк бойынша айлықақыны жаппай көтермей, орындайтын жұмыстың жоғары сапасы үшін тиімді жұмыскерлердің жалақысын арттыру мәселелерін шешуге, сәйкесінше тиімді жұмыскерлерді сақтау мәселелерін шешуге мүмкіндік берді. Аталған шара грейд әзірлеу кезеңінде қажет болды. Айта кету керек, 2023 жылы банк грейд әзірлеу үшін кеңесшілерді тартты. Кеңесшілердің қатысуымен банктің барлық негізгі лауазымдарына бағалау жүргізілді, грейдтер мен айлықақы кестелері әзірленді. Еңбекақы төлеудің жаңа грейдтік жүйесіне көшу екі кезеңге бөлінді. Бірінші кезеңде 2023 жылдың 4-тоқсанынан бастап филиал желісі ауыстырылды. Бас офистің ауысуы 2024 жылғы 1 қаңтарға жоспарланды.

2023 ж. сәуір-тамыз		2023 ж. қыркүйек		2023 ж. қазан		2024 ж. қаңтар
Кеңесшілердің грейд әзірлеуі	>	Бекіту	>	Филиал желісін грейдтерге көшіру	>	БО-ны грейдтерге көшіру


2023 жылы ЕТҚ тұрақты бөлігі 42,4 млрд теңгені құрап, оның құрылымдағы үлесін 75%-ға дейін арттырды.

2021-2023 жж. айлықақының тұрақты және ауыспалы бөлігінің үлес салмағының динамикасы, %


	2021	2022	2023
ЕТҚ тұрақты бөлігі	81%	73%	75%
ЕТҚ ауыспалы бөлігі	19%	27%	25%
Барлық ЕТҚ	100%	100%	100%

Банк қызметкерлерін гендерлік жіктеу

Банк қызметкерлерін гендерлік жіктеу



Банк басшыларын гендерлік жіктеу



2023 жылдың соңында банктің барлық қызметкерлері арасында ерлер мен әйелдердің пайыздық арасалмағы сәйкесінше 35%-ды және 65%-ды құрады. Банк басшыларының арасында 46% – ерлер және 54% – әйелдер, бұл ерлер үшін де, әйелдер үшін де мансап сатысымен жоғарылауда тең мүмкіндіктер бар екенін көрсетеді.

Бағалау және сыйлықақы беру бағдарламалары

2023 жыл бойы банкте бағалау және сыйлықақы беру бағдарламалары бойынша 4 негізгі тәсіл іске асырылды:

1

Нормативтер/Көрсеткіштердің бірыңғай жүйесі – Баллдық ынталандыру

Фронт-офис бөлімшелерінің басшылары үшін негізгі басым мақсатты бағдарларды ескере отырып, сандық көрсеткіштермен және көрсеткіштердің бірыңғай жүйесімен өлшенетін нормаланатын операциялар бойынша сыйлықақы беру.

Қазаннан бастап фронт-офистің барлық лауазымдары үшін баллдық ынталандыру жүйесі қолданылуда, ол барлық өнімдік ынталандыру түрлерін ауыстырып, сыйлықақы беру жүйесін барынша ашық, қолжетімді және тиімді етуге арналған.

2

SLA

Қолдау бөлімшелерінің (бэк-офис) сервис деңгейі туралы келісімдердің орындалу нәтижелері бойынша сыйлықақы беру

3

Жобалық сыйлық беру

Стратегиялық мақсаттарға жету үшін банк бизнесінің трансформациясы, өнімдер, процестер, технологиялар өзгерістері аясында жоспардан тыс жобаларды/жобалық міндеттерді іске асыру нәтижесі бойынша сыйлықақы беру

4

Мақсат карталары

Жоғары тұрған басшы белгілеген және қызметкер қабылдаған белгілі бір кезеңге (бір тоқсаннан бір жылға дейін) арналған мақсаттарды белгілеу және оларға қол жеткізуді бағалау аясында сыйлықақы беру

Банктің әрбір қызметкері қандай да бір ынталандыру түрімен қамтылған, ал кейде бір мезгілде бірнеше бағдарламаға қатысады (мысалы, жыл сайынғы сыйлықақы беру үшін мақсат картасы және бір жыл ішінде жоспардан тыс жобаларды іске асырғаны үшін жобалық сыйлықақы беру).

Қолдау бағдарламалары

Қазіргі уақытта банкте әлеуметтік пакеттердің мынадай түрлері бар:

1. Барлық жұмыскерлерге қолданылатын және толтырылуы лауазым деңгейіне қарай өзгертін базалық өтемақы пакеті (ЕМС пакеттері, көлік шығыстарын төлеу және паркинг беру, тұрғын үй жалдау ақысын төлеу шығыстарын өтеу)
2. Барлық жұмыскер үшін базалық ынталандыру пакеті, оған икемді кесте және қашықтан жұмыс істеу, банк есебінен оқу және даму, корпоративтік іс-шаралар, серіктестердің корпоративтік жеңілдіктері кіреді
3. BCC Key People жобасы аясында тірек жұмыскерлер үшін қосымша кеңейтілген пакеттер

Тұрақтамау, жасақтау және бейімдеу

2023 жылдың қорытындысы бойынша 2022 жылмен салыстырғанда банктегі қызметкерлердің жалпы тұрақтамауы 3,41 п.т., оның ішінде филиал желісінде 3,44 п.т., бас офисте 2,85 п.т. төмендегені байқалады.

Жалпы тұрақтамау = Көрсеткіш компаниядан өз бастамасымен, сол сияқты компанияның өзінің бастамасымен кеткен қызметкерлердің салыстырмалы үлесін көрсетеді.

Мәжбүрлі емес түрде тұрақтамау = Көрсеткіш өткен кезеңде компаниядан өз бастамасымен кеткен қызметкерлердің салыстырмалы үлесін көрсетеді. Көрсеткіштің жоғары мәні компанияның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігінің төмендігіне, компанияның қызметкерлерді ұстап қалуға қабілетсіздігіне, қолданыстағы іріктеу мен оқыту рәсімдері сапасының төмен болуына, сол сияқты компания жүргізетін қызметкерлерді қысқартуға байланысты болуы мүмкін.

Мәжбүрлі түрде тұрақтамау = Көрсеткіш компанияның бастамасымен есепті кезеңде компаниядан кеткен қызметкерлердің үлесін көрсетеді. Көрсеткіштің жоғары мәні компания жүргізетін қызметкерлерді қысқартуға, бизнес-процестердің өзгеруіне, жұмыстарды автоматтандыруға немесе саны аз, біліктілігі барынша жоғары қызметкерлерді тартуға байланысты болуы мүмкін.

Тараптарға байланысты емес себептер бойынша тұрақтамау = Көрсеткіш есепті кезеңде шарасыз және компанияға байланысты емес себептер бойынша компаниядан кетіп қалған қызметкерлердің үлесін көрсетеді. Бұл көрсеткіш қызметкерлердің жеке өмірінің барысына ғана байланысты және компания тарапынан түзетілуге тиіс емес, көрсеткіштердің жалпы тұрақтамауын құрайтындардың бірі ретінде талдау үшін қажет.

Қызметкерлердің жалпы тұрақтамауы

	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	п.т. өзгеріс
БО	37,9%	39,2%	36,4%	-2,85
ФЖ	40,9%	43,1%	39,7%	-3,44
Банк бойынша барлығы	39,5%	41,6%	38,2%	-3,41

Қызметкерлердің мәжбүрлі емес түрде тұрақтамауы

	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	п.т. өзгеріс
БО	34,5%	36,4%	34,6%	-1,76
ФЖ	41,8%	39,7%	43,1%	3,38
Банк бойынша барлығы	38,9%	38,2%	38,7%	0,48

Қызметкерлердің мәжбүрлі түрде тұрақтамауы

	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	п.т. өзгеріс
БО	4,2%	1,2%	0,7%	-0,53
ФЖ	0,9%	0,6%	1,3%	0,71
Банк бойынша барлығы	2,2%	0,9%	1,0%	0,10

Тараптарға байланысты емес себептер бойынша тұрақтамау

	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	п.т. өзгеріс
БО	0,5%	0,3%	0,2%	-0,11
ФЖ	0,4%	0,5%	0,2%	-0,31
Банк бойынша барлығы	0,4%	0,4%	0,2%	-0,22

2023 жылдың қорытындысы бойынша негізгі қызметкерлердің тұрақтамауы 2022 жылы 6,3%-дан төмендеп, 2,4%-ды құрады.

Сынақ мерзімінде (СМ) тұрақтамау 2023 жылы БО қызметкерлерінің арасында 12%-ды және филиал желісі қызметкерлерінің арасында 13%-ды құрады, сондай-ақ 2022 жылмен салыстырғанда төмендеді.

Негізгі қызметкерлердің
тұрақтамауы 2022

6,3%

Негізгі қызметкерлердің
тұрақтамауы 2023

2,4%

БО СМ-дегі қызметкерлердің
тұрақтамауы 2022

16%

БО СМ-дегі қызметкерлердің
тұрақтамауы 2023

12%

ФЖ СМ-дегі қызметкерлердің
тұрақтамауы 2022

18%

ФЖ СМ-дегі қызметкерлердің
тұрақтамауы 2023

13%

2023 жылы банкке барлығы 3 554 адам жұмысқа қабылданды, оның ішінде БО-ға – 1 861 адам, филиал желісіне – 1 693 адам.

Қызметкерлерді таңдаудың 2023 жылғы негізгі мақсаты – штатты барынша жасақтау.

Оқыту және дамыту

2023 жылғы негізгі мақсат:

- Қызметкерге оқу үшін барынша түсінікті және тиімді құрал беру және оны жұмыс барысына тарту;
- Оқыту бөлімін қамтитын корпоративтік портал құруға көмектесетін Web Soft платформасын енгізу;
- Оқыту процесіне тарту үшін ішкі сарапшыларды дамыту;
- Қызметкерлерді кіші маман лауазымынан сарапшы лауазымына дейін дамыту және ашық бос жұмыс орындарын жабу үшін «мектептер» құру;
- Басшы лауазымдардағы қызметкерлерді оқыту.

2023 жылы мынадай жобалар іске қосылды:

- **IT мектеп** – Solvir мамандарын дамыту
- **BCC Leader** – барлық басшыларға арналған жоба
- **Happy Job сауалнамасы** – банк қызметкерлерінің тартылуы мен қанағаттанушылығы
- Банктің ішкі жаттықтырушыларын **дамыту бағдарламасы/тренингі**
- **Функционалдық жаттықтырушылық** – ішкі сарапшыларды қолдау және дамыту бағдарламасы
- **Web Soft** – жүйені енгізу
- **Амбассадорлар** – BCC брендін дамыту бағдарламасы

Банк компания жұмыскерлерінің кәсіби командасы құнды екенін түсінеді, сондықтан қызметкерлер үшін лайықты еңбек жағдайларын туғызуға, олардың денсаулығы мен әл-ауқатының қамын жасауға, оқуы мен дамуына мүмкіндіктер беруге ұмтылады.

ESG-трансформация міндеттерінің бірі – банк қызметкерлерінің тұрақты даму саласында ақпарат алу деңгейін арттыру. Осының аясында банк қызметкерлері үшін бірқатар курс өткізілді:

- Банк қызметкерлерінің 60%-дан астамы игерген «ESG қағидаттары» онлайн курсы;
- ЕҚДБ-дегі серіктестермен бірлесіп, ESG және тұрақты даму бойынша бірқатар семинарлар;
- бейінді бөлімшелер қызметкерлері үшін: банктің серіктестерінен климаттық стресс-тестілеу бойынша воркшоп; банк ESG-трансформациясы аспектілері бойынша семинарлар.

Жауапты қаржыландыру қағидаттарын енгізуге жауапты бөлімшелердің қызметкерлері ҚНРДА қолдауымен ірі төрттік компаниялары, ЕҚДБ және басқа да ұйымдар іске асырған бірқатар ақпараттық семинарларға қатысты.

Сонымен қатар банк қызметкерлерін:

- алаяқтыққа қарсы іс-қимыл;
- комплаенс-тәуекел;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- серіктестерден экологиялық бастамалар бойынша оқыту тұрақты жүргізілетінін атап өткен жөн.

Сыртқы оқыту

- Service Desk-те өтінімдерді өңдеу процесін автоматтандыру, 175 өтінім (2022 жылы 70 өтінім)
- Шарт ашу және ақы төлеу функционалын ӨӨО-ға беру
- Оқыту жөніндегі ережені жаңарту (қазан-қаңтар)
- 804 қызметкер сыртқы оқытудан өтті (2022 жылы 277), бұл – 436 ер адам және 368 әйел адам

Онлайн оқыту

- 19 жаңа курс ашылды (ESG қағидаттары бойынша бағытталған курстар)
- 20 курстағы ақпарат түзетіліп, жаңартылды
- 124 тест жасалып, түзетілді. Курстарды орташа бағалау – 4.8 балл
- 2023 жылы міндетті курстардан өтудің орташа пайызы – 69%, ал 2022 жылы өтудің орташа пайызы 46% болды. Қызметкерлердің міндетті курстардан өту бойынша белсенділігін арттыру үшін геймификация енгізілді. Уақытылы өткен әрбір курс және «тұспалды затты» тапқаны үшін қызметкерлер балл жинап, оларды брендтік өнімдер мен қосымша оқу курстарына айырбастады.
- BCC Start-та (ФЖ жаңа қызметкерлері үшін бейімдеу бағдарламасы) – корпоративтік менеджер, бөлімше директоры, бөлімше директорының орынбасары, эквайринг жөніндегі маман, автокредит беру жөніндегі маман лауазымдарына арналған жаңа оқу бағдарламалары құрылды.

Ішкі оқыту – «BCC көшбасшылары мектебі», яғни барлық деңгейдегі басшыларды жүйелі дамыту жобасы іске қосылды. 60 қызметкер тренингтен өтті. Тренингке қанағаттанушылық деңгейі 99%-ды құрады.

HR комитетін ұйымдастыру – шақыру қағазынан бастап хаттамаға дейін қарауға шығарылды және басшылық орынға 150 үміткер қаралып, келісілді.

2024 жылға белгіленген стратегиялық басым бағыттар

«Бақытты қызметкер – бақытты клиент»

- HR-де оқыту функциясын орталықтандыру
- Құзыреттер матрицасын әзірлеу, бағалау жүргізу және ЖДЖ құру
- Ішкі жаңалықтар порталы және қызметкерлерді оқыту мен дамыту блоктарын қамтитын Web Soft базасында BCC space ішкі платформасын дамыту
- Well-being бағдарламасы аясында қызметкерлерді қолдау.

Спортқа және ЭКО-ға бейімдеу арқылы HR брендин дамыту

HR коммуникацияларды дамыту

- 2023 жылы Harry Job-тың қанағаттанушылық сауалнамасы іске қосылды. Сауалнама нәтижесі: Қатысу – 88%, Адалдық – 85%, Гарри индекс – 81%. Респонденттердің еңбекақы мен еңбек жағдайларына қатысты тілектері орындалды.
- 2023 жылы @bcc_space Instagram арнасына жазылушылар саны 22 600 жазылушыға дейін 8%-ға артты.
- 2024 жылдың басында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша HR-коммуникацияларды бағалау – 9,4. Сауалнамадан банктің 870 қызметкері өтті.
- Банктің HR жабық ішкі telegram-арнасында BCC team айдарын жүргізеді: бсс жаңалықтары, ECO, байқаулар, BCC оқиғалары және т.б.

Ішкі іс-шараларды дамыту

- 2023 жылы өткізілген бизнес іс-шаралар: 7 жалпы банк іс-шарасы, 7 DemoDay, ашық әңгіме.
- Қызметкерлерді тарту және біріктіру шаралары: амбассадорлық бағдарламасы – 120 амбассадор, 23 тимбилдинг, 3 тақырыптық сайыс.
- Спорттық іс-шаралар: 12 спорттық челлендж, 2 жүгіру марафоны.
- ЭКО іс-шаралар: «Жылу» қорымен ынтымақтастық (қайталама шикізатты жинау және сұрыптау) – қорға 2 тонна киім тапсырылды.
- Филиал желісі мен Бас офис қызметкерлерінің бірігуі арқылы 35 жылдықты жаппай мерекелеу:
 - Футболдан турнир: 600 қызметкер;
 - Әйелдер волейболынан турнир: 180 қызметкер;
 - Жанкүйерлер арасындағы байқау: 1000 қызметкерге арналған финалдық іс-шарада 66 жанкүйер;
 - Қазақстан картасын біріктіру челленджі: барлық филиал;
 - 35 жылдыққа орай барлық филиалда өткізілген тимбилдингтер;
 - BCC Stars – банк қызметкерлерінен құралған 3 топ, олар соңғы іс-шарада ән айтып, өнер көрсетті.

Әлеуметтік жауапкершілік. Қайырымдылық және әлеуметтік жобалар

2023 жылы ЦентрКредит Банкі білім беруге, денсаулық сақтауға, экологияға, шығармашылыққа және спортқа бағытталған **40-тан астам қайырымдылық әлеуметтік бастаманы** қолдады.



Білім беру

- Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтында өткен «HACKATHON-2023» бірінші өңірлік байқауы
- Satbayev University-де «Kazakhstan Smart Space» ғарыш технологиялары бойынша өткен II халықаралық байқау
- Қазақстан-Британия техникалық университетінің (ҚБТУ) 2-4 курс студенттері арасында өткен «Кейс-чемпионат 2023»
- Цифрлық экономика көшбасшыларының еуразиялық саммиті аясында өткізілген Eurasian Rocketly Challenge зымыран жасау турнирі
- «Almaty IT Community club», Қазақстандағы Fintech пен GameDev арасында тиімді таныстық орнату мақсатында арнайы іс-шара өткізу үшін
- Almaty Digitalsales 2023
- «Әйелдер бизнесі. Болашақ әйелдер кәсібі» форумы
- М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетіне арналған «Ақылды кампус» кампустық жобасы



ЦентрКредит Банкі Шымкент қаласындағы сыйымдылығы 3500 орындық Д. Қонаев атындағы ірі жалпы білім беретін мектептердің бірінің құрылысын қаржыландырды. Жоба «Даму» қорының субсидиялау және кепілдік беру құралдарын тарту арқылы іске асырылды. Жан-жақты қаржылық қолдаудың арқасында банк клиенті білім беру мекемесін қысқа мерзімде пайдалануға берді.

Бұл мектеп оқу кабинеттерімен, асханамен, кітапханамен, акт және спорт залымен жабдықталған. Сондай-ақ теннис, робототехника, шахмат, бокс, волонтерлік клуб және т.б. 20-ға жуық үйірме бар.



Спорт

- Алматыда «Доп бер!» атты мектеп баскетбол лигасының финалы өтті, оған 5 жас санаты бойынша 45-тен астам команда қатысты.
- Балтабаев Марат банкте ұзақ жыл жұмыс істеген. 76 жасында Манила қаласында (Филиппин) жеңіл атлетикадан ардагерлер арасындағы XXII Азия чемпионатына қатысуды ұйғарып, үш алтын медальмен оралды.
- Банк жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тегін спортты қолдау мен дамыту аясында бразилиялық джиу-джитсу өнері мен грэпплинг спорттық күресіне машықтандыруға маманданған «Samurai» спорт академиясына қолдау көрсетті.
- Алматыда Орталық Азиядағы «Almaty Geek Games Экспо» ірі гик-фестивалі өтті. Фестивальдің әрбір қонағы бас демеуші ЦентрКредит Банкінің банк карталары мен VISA төлем жүйесінің артықшылықтары туралы, атап айтқанда, #juniorbank және #картакарта өнімдері туралы білді.



Денсаулық сақтау

- Sezual электрондық жолдарының негізгі элементтері болып табылатын 40 дауыстық көмекші.
- Ақтөбе облыстық фтизиопульмонология орталығына арналған автомобильдер.
- Шығыс Қазақстан өңіріндегі көп салалы медицина мекемесіне – Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының «Ана мен бала орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына бөлінген автокөлік құралдары.
- «Шығыс Қазақстан облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ бар КМК қолдау, жедел жәрдем станциясы паркінің ажырамас бөлігіне айналатын көлік құралының кілтін табыстады.



Мәдениет және өнер

Алматыда Панфилов пен Қабанбай батыр көшелерінің бұрышында Қазақстанның заманауи суретшісі Сырлыбек Бекботаевтың «Қара Шапан» жаңа өнер туындысы орнатылды. Бұл – бірлескен жоба және Алматы қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен abg компаниясы мен ЦентрКредит Банкінің алғашқы қоғамдық өнер туындысы.



ШОБ қолдау

Алматыда қазақстандық тауар өндірушілердің ауқымды «ULTYQ ONIM» көрмесі өтті, онда Қазақстанның барлық өңірінен 320-дан астам қатысушы таныстырылды! Көрмені «Даму» қоры Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырды.



Тілек шыршасы

Банк жыл сайын балаларға арналған Тілек шыршасын ұйымдастырады

Осы акция аясында банк мүмкіндігі шектеулі балалар мен жалғызбасты қарттарға арналған шырша ұйымдастырып, көп балалы отбасыларға арналған азық-түлік себеттерін жинады.

Арнайы мекемелердегі ертеңгіліктерге балалар мен олардың ата-аналары шақырылып, жаңа жылдық басты кейіпкерлер – Аяз ата мен Қаршақыздың қатысуымен байқаулар мен концерт өткізілді. Әрине, ешбір бала тәттісіз қалған жоқ.

Ал Добряков клубының қамқорлығындағы аға буын үшін банк жылы жамылғы, ас-шай және концерт түрінде сыйлықтар дайындады, оған да Аяз ата мен оның немересі келді.

Инклюзивтілік – қазіргі қоғам әдебінің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл – маңызды әрі пайдалы тренд. ЦентрКредит Банкі де шет қалмайды.

Қазіргі таңда біздің 168 GRG және 8 NCR банкоматымыз құлаққапқа арналған жалғағыштармен, зағип және нашар көретін адамдарға арналған қосымша функционалмен жабдықталған. Мұндай клиенттер карта шотын оңай толықтырып, қолма-қол ақша ала алады.



Әлеуметтік жауапкершілік. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Мүдделі тараптар	Мүдделі тараптарды толғандыратын негізгі мәселелер	Өзара іс-қимыл тетіктері
Акционерлер мен инвесторлар	1. Қаржылық қызмет нәтижелері, сондай-ақ қызметтегі жетістіктер мен проблемалар жөнінде өзекті және шынайы ақпарат беру. 2. Негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары аясында акционерлердің құқықтарын іске асыру. 3. Банктің тиісінше басқаруын және инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету. 4. Басқару және негізгі шешімдерді іске асыру нәтижелері туралы кері байланыс алу.	● Акционерлердің жалпы жиналысы ● Акционерлермен дербес кездесу ● Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша толық ақпарат беру ● Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы берілетін ақпараттық хабарлар мен жазбаша өтініштер
Қызметкерлер	1. Банктің стратегиялық мақсаттары, қызмет нәтижелері туралы және қызметкерлердің үлесі туралы хабардар ету. 2. Жұмыс берушінің брендині нығайту, негізгі қызметкерлерді сақтау. 3. Жұмыскерлердің қажеттіліктері мен проблемаларына ден қою.	● Менеджерлер, командалар және жекелеген тұлғалар арасындағы ұдайы тікелей байланыс ● Жедел желі (HR жасырын байланыс арнасы) ● Жылдық және аралық қаржылық есептер
Мемлекеттік билік органдары және қадағалау органдары	Реттеуші органдар 1. Қаржылық қызмет нәтижелері және барлық заңнамалық және нормативтік талаптардың сақталуы туралы өзекті және шынайы ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз ету. 2. Банк қызметін жүзеге асыруға берілген лицензияларды сақтау және операциялық тәуекелді барынша азайту. Мемлекеттік билік органдары 1. Елдің дамуындағы серіктес әрі негізгі клиент – мемлекетпен қарым-қатынасты нығайту. 2. Экономикаға және банк қызметіне әсер ететін заңнаманы әзірлеу процестеріне қатысу. 3. Жауапты және адал салық төлеуші болуға ұмтылу	● Кездесу ● Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы берілетін ақпараттық хабарлар мен жазбаша өтініштер ● Хаттар ● Есептілік тапсыру ● Комиссиялар, тексерулер және сұратулар ● Қаржы мекемелерінің қауымдастықтары арқылы өзара іс-қимыл
Клиенттер (желілер және дистрибьюторлар)	Клиенттер (желілер және дистрибьюторлар) 1. Банктің өнімдері мен қызметтері, сондай-ақ оларды алу талаптары туралы хабардар ету.	● Өнімдерге, қызметтерге және өзара іс-қимылға байланысты қанағаттану деңгейін зерттеу, пікірлер мен шағымдар.
Тұтынушылар	2. Жоғары деңгейде қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін клиенттердің күткен нәтижелері мен қажеттіліктерін түсіну. 3. Кәсіби кеңес беру. 4. Клиентке бағдарланған инновацияларды әзірлеу және енгізу. 5. Банкке қатысты клиенттердің адалдығы. 6. Клиенттердің проблемаларына ден қою 7. Тұтынушылар	● Электрондық пошта және/немесе телефон арқылы берілетін ақпараттық хабарлар мен жазбаша өтініштер ● Жылдық қаржылық есептер мен тұрақты даму туралы есептер

Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау



Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтайды және экологиялық жауапкершілік саласындағы әлемнің үздік тәжірибелерін іске асыруға ұмтылады. Банк БҰҰ-ның басым ТДМ ескере отырып, экологиялық бастамаларды белсенді түрде дамытуда.

Қоршаған ортаға қамқорлық жасау саласындағы негізгі бағыттар:

1. Жауапты қаржыландыру қағидаттарын енгізу
2. «Жасыл офис» жобасы: энергия тиімділігі, қалдық
3. Экологиялық жобалар

Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау. Жауапты қаржыландыру қағидаттарын енгізу

Жауапты қаржыландыру – стратегиямыздың негізгі элементі

Банк қаржы институты ретінде экономиканың нақты секторындағы компанияларға қаржылық қызмет көрсетеді, сол арқылы экономиканы декарбонизациялауға жанама әсер етеді. Бұл рөлде банк инвестиция салу және кредит беру қызметіне ESG факторларын енгізіп, көміртектік бейтараптыққа қол жеткізу үшін халықаралық жауапты қаржыландыру қағидаттарына сәйкес болуға ұмтылады.

Ірі бизнес және ШОБ субъектілеріне кредит берудегі банктің белсенді қызметіне байланысты әлеуметтік, экологиялық және басқарушылық факторларды инвестициялық стратегияларға енгізу арқылы ұзақмерзімді инвестициялау тәуекелдерін барынша азайтатын жауапты қаржыландыру қағидаттарының құралдары әзірленді.

Жауапты қаржыландыру құралдарын енгізу арқылы банк екі негізгі мақсатқа қол жеткізеді:

- Assessment and management of lending-related ESG risks
- Providing and supporting the financing for projects demonstrating positive ESG effects

ESG-трансформация аясында қарыз алушылардың/ кредиттердің ESG қағидаттарына сәйкестігін тексеру және олардың қызметіне байланысты тәуекелді бағалау құралдары әзірленіп, енгізілді

Жауапты қаржыландыру қағидаттарын сақтау аясында тәуекелді бағалауға бағытталған іс-әрекеттер:

- клиенттің қызметінің және ол қолданатын тәжірибелердің қолайсыз қызмет түрлерінің тізіміне сәйкестігін тексеру (ҚР нарығының үздік тәжірибелері мен ерекшеліктері негізінде айқындалды)
- Операция жүргізу саласы және арнайы әзірленген сауалнамаға жауаптар негізінде қарыз алушылардың ESG тәуекелдерін жоғары деңгейлі бағалау
- қабылданған барынша азайту шаралары мен бейімдеу бастамаларын ескере отырып, клиенттің ESG тәуекелдеріне ұшырағыштығын толық бағалау

Оң әсер мен тәуекелді бағалау үшін:

- Ірі транзакцияларды (жобаларды) бағалау құралдары – кредиттердің жасыл немесе әлеуметтік топтастыру өлшемшарттарына сәйкестігін тексеру, ESG тәуекелдерін, жобаның оң экологиялық немесе әлеуметтік әсерін, сондай-ақ жобаны басқару тәжірибелерін бағалау

Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау.«Жасыл офис» жобасы: Энергия тиімділігі

Банк өз қызметінің сипатына байланысты қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етпейді. Банк тұтынатын негізгі ресурстар – электр энергиясы, жылу энергиясы және су.

Банк энергияға тиімді технологияларды енгізу, су тұтынуды азайту және офис қажеттіліктері үшін қағаз жұмсауды азайту арқылы ресурстарды артық тұтынуды қысқартуға және қазіргі теріс экологиялық әсерді барынша азайтуға ұмтылады.

- Банктің фронт және бэк-офистерінде жарықдиодты шамдарды пайдалануға көшу;
- ІЖҚ автопарктен бас тарту және меншікті электромобильдер паркіне көшу. 2021 жылдан бастап банк Алматы қаласы бойынша 6 зарядты электромобиль орнатты. 2023 жылдан бастап банк менеджменті электромобильдерге көше бастады, алғашқы 5 электромобиль сатып алынды;
- Сағат 20:00-ден кейін компьютерлік техниканы автоматты түрде сөндіру.
- Сан алуан смартфон түрлері үшін жанаусыз төлем жасау технологияларын енгізу арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту (Apple Pay, Samsung Pay, Google Pay, BCC Pay)

Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау. «Жасыл офис» жобасы: Қалдықты бөлек жинау жүйесі



«Қалдықты жіктеп бөл! Бізде басқа ғаламшар жоқ» жобасын іске асыру барысында банк офистерінде қалдықты бөлек жинау жүйесін енгізу жұмыстарын бастау туралы шешім қабылданды.

Жоба іске қосылған сәттен бастап мынадай қадамдар жасалды:

- Ecosen және Kaizen center компаниясының спикерлерін тарта отырып, банк қызметкерлеріне экологиялық стандарттарды оқыту
- Тазалау қызметінің қызметкерлері үшін қалдықты бөлек сұрыптауға қатысты нұсқама өткізу
- Кейіннен Алматы қ. мамандандырылған кәсіпорындарға қайта өңдеу үшін бөлек жиналған қайталама шикізатты әкетуді ұйымдастыру үшін Ecosen компаниясымен шарт жасалды
- Банктің филиал желісі бойынша жобаны ауқымды ету мақсатында PlastNet желісімен ынтымақтастық туралы меморандум жасалды
- Банк «жасыл» бизнесті дамытуға, қалдықты және жаңартылатын энергетиканы тиімді басқаруға арналған Орталық Азиядағы жыл сайынғы ірі іс-шарада – «Green Energy & Waste Recycling Forum'23» VII еуразиялық бизнес-форумында Бас серіктес ретінде қатысты.
- efficient waste management and renewable energy – the Seventh Eurasian Business Forum “Green Energy & Waste Recycling Forum 2023”.



Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау. «Жасыл офис» жобасы: Қалдықты бөлек жинау жүйесі

- Пластикті қайта өңдеу жобаларына қатысу: қайталама шикізаттан жасалған офистік керек-жарақтарды пайдалану; пластик бөтелкелердің қақпақтарынан жасалған брендтелген сағаттар дайындау
- батарея жинауға және кәдеге жаратуға арналған эко-бокстар орнату: 2023 ж. мердігерге әкетуге және кәдеге жаратуға 35 кг берілді
- Атырау, Астана, Шымкент қалаларында (Алматы қаласына қосымша) бөлек қалдық жинауға шарттар жасасу

Банктің офистері мен бөлімшелерінде қалдықтың пайда болуы, тонна

№	Атауы	2022	2023
1	Макулатура	13	11
2	Бөлек алу (пластик, шыны, алюминий)	д/ж	5
3	Металл сынықтары	д/ж	54
4	Батарея	д/ж	0,035
	Жиынтығы		70

Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау. Экологиялық жобалар

Экологиялық акциялар мен сенбіліктер өткізу – ЦентрКредит Банкінің корпоративтік өмірінің ажырамас бөлігі. Жыл сайын Банк осы экологиялық шараны Қазақстанның барлық өңірінде өткізеді. Банк қызметкерлері ағаш отырғызып, қала аумақтарын жинайды және оларды абаттандырады. Сенбіліктің негізгі идеясы – адамдардың назарын экологияға аудару, қалаларымыздың сыртқы келбеті туралы ойлану, қоршаған табиғатқа қамқорлық жасауды үйрену.

Банк Астанадағы экологиялық акцияға қосылып, «Тұрақты даму» жер қорымен бірлесіп, Президент паркінде аязға төзімді 100 сакура көшетін отырғызды.



Жасыл жобаларды қаржыландыру және «лас» салалардағы компаниялардың экологиялық заңнаманы сақтауы жөніндегі талаптар

ЦентрКредит Банкі – GEFF жасыл экономиканы қаржыландыру бағдарламасы бойынша ЕҚДБ бас серіктес банкі. Мысалы, банк \$4,7 млн сомаға қаржыландырған ЖЭК жобасы атмосфераға CO2 шығарындыларының жылына 14,200 тоннаға азаюына әкелді.

Су мен энергияны жауапты тұтыну

Тұрақты дамуға қол жеткізу мақсатында банк 2023 жылы 123 636 литр су мен 6 122 вт электр энергиясын үнемдей алды.

2024 жылы тұрақты даму қағидаттарын енгізу жоспарлары

2024

ESG саласындағы үздік
тәжірибелерді бизнес-
банкке енгізу

Тұрақты даму туралы есеп беру

- ҚНРДА басшылығының, TCFD, GRI халықаралық стандарттарының талаптарын есепке алу
- Score 1, 2, 3 парниктік газ шығарындылары туралы ақпаратты ашу
- Есепті тәуелсіз аудитордың куәландыруы

ESG факторларын кредит беру және инвестиция салу қызметіне біріктіру

- Банк қызметіне жауапты қаржыландыру қағидаттарын біріктіру
- Қарыз алушылардан ESG жөніндегі сандық деректерді жинау және жинақтау процестерін енгізу және іске асыру
- Қолданыстағы кредит қоржынын ESG өлшемшарттарына сәйкестігіне қатысты таңбалау
- «Жасыл жобаларды», оның ішінде GEFF жасыл технологияларды қаржыландыру бағдарламасы бойынша қаржыландыру

Тәуекелді басқару жүйесіне ESG факторларын енгізу

- ESG-скоринг рәсімін кредит беру процесіне біріктіру
- Баға белгілеу кезінде ESG тәуекелдерін есепке алу
- Климаттық стресс-тестілеуді өткізу үшін тәсілді, әдіснаманы және құрал-саймандарды әзірлеу
- Климаттық стресс-тестілеуді өткізу


Климаттық стратегияны әзірлеу

- Банктің кредит портфелін талдау және диагностикалау
- Климаттық әсері оң жобаларды қаржыландыру мақсаттарын әзірлеу және белгілеу
- Декарбонизациялау мақсаттарына қол жеткізу үшін тұрақты өнімдерді іске қосу
- Климаттық стратегияны бекіту

Қаржы нәтижесі

Активтер

млн теңге	01.01.2022 ж.	01.01.2023 ж.	01.01.2024 ж.
Ақша қаражаты және оның баламалары	261 492	1 135 957	1 353 334
Қаржы құралдары мен бағалы қағаздар	508 235	949 387	745 766
Банктердегі қаражат	12 997	35 799	39 483
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер (нетто)	1 138 701	2 009 113	2 928 849
Өзге активтер	157 879	193 710	223 607
ЖИЫНТЫҒЫ	2 079 304	4 323 966	5 291 039




2023 жылдың қорытындысы бойынша банк тобының жиынтық активтері көлемінің 5,3 трлн теңгеге дейін 1,2 есе артқаны байқалады. Активтердің көлемі бойынша банк 10,2% нарық үлесімен 3-орында қалып отыр. Активтер құрылымында барлық баптар бойынша өсім байқалады, өтімділік коэффициенті 40,4% жоғары деңгейде қалып отыр.

10,2% нарық үлесімен активтер көлемі бойынша ЕДБ арасында 3-орын

Банк тобы клиенттерінің кредиттерінің құрылымы (брутто)*,

млн теңге




2023 ж. қорытындысы бойынша банктің несиелік портфелі айтарлықтай 1,5 есе артты. Несие қоржынының құрылымында бөлшек бизнес пен ШОБ кредиттері бойынша сәйкесінше 1,5 және 1,4 есе едәуір өсім байқалады, бұл банк қабылдаған Даму стратегиясына сәйкес келеді.

Міндеттемелер

млн теңге	01.01.2022 ж.	01.01.2023 ж.	01.01.2024 ж.
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	65 647	158 524	181 891
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	1 353 707	3 273 144	4 022 068
Шығарылған борыштық БҚ	108 074	96 183	70 532
Реттелген облигациялар	63 877	60 405	58 587
Басқа міндеттемелер	337 187	461 859	538 595
ЖИЫНТЫҒЫ	1 928 492	4 050 115	4 871 673

Банк тобы міндеттемелерінің құрылымы, млн теңге



Топ активтерінің артуымен қатар міндеттемелер де сәйкесінше артты. Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша банк тобының жиынтық міндеттемелерінің көлемі 1,2 есе артып, 4,9 трлн теңгені құрады. Есепті кезеңде депозиттік база көлемінің 4,0 трлн теңгеге дейін 1,2 есе айтарлықтай артқаны байқалады. Құрылымда салымдар портфелі жеке клиенттердің қаражаты есебінен 1,2 есе, корпоративтік клиенттердің қаражаты есебінен 1,3 есе ұлғайды. Салымдар депозиттік базаны арттыру, сондай-ақ қашықтан ұсынылатын сервистерді дамыту есебінен артты.

10,9% нарық үлесімен бөлшек салымдар көлемі бойынша ЕДБ арасында 4-орын

11,8% нарық үлесімен корпоративтік салымдар көлемі бойынша ЕДБ арасында 2-орын


Дереккөз: Тексерілген шоғырландырылған деректер

Капитал

млн теңге	01.01.2022 ж.	01.01.2023 ж.	01.01.2024 ж.
Жарғылық капитал	63 554	63 676	64 498
Резервтік капитал	2 346	- 21 194	- 12 285
Бөлінбеген пайда	84 912	231 369	366 527
Бақыламайтын иелену үлесі	-	-	626
Жиынтығы	150 812	273 851	419 366


Банктің реттеуші капиталының құрылымы

01.01.2024 ж.



- Екінші деңгейдегі капитал
- Қосымша капитал
- Негізгі капитал

Банк капиталының жеткіліктілігі көрсеткіштерінің динамикасы, %



- к2 (мин. 10%)
- к1-2 (мин. 8.5%)
- к1 (мин. 7.5%)

2024 жылдың басында банк тобының капиталы өткен жылмен салыстырғанда 53%-ға ұлғайып, 419 млрд теңгені құрады.

Капитал өсімінің негізгі қозғаушы күші – банктің бөлінбеген пайдасының артуы. Пайда негізінен банктің меншікті операциялық пайдасының артуы есебінен айтарлықтай артты. Резервтік капитал бойынша теріс нәтиже әділ құны бойынша есепке алынатын БҚ құнын теріс қайта бағалауға байланысты.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-ның меншікті капиталы пруденциялық нормативтерді (реттеуші капитал) есептеу бойынша реттеушінің әдістемесіне сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтарда 464 898 млн теңгені құрады.

Капиталдың құрылымы


- Негізгі капитал – 397 183 млн теңге;
- Қосымша капитал – 89 млн теңге;
- Екінші деңгейдегі капитал – 67 626 млн теңге.

Кірістілік

млн теңге	2021	2022	2023
Пайыздық кіріс	148 282	285 891	532 404
Пайыздық шығыс	-80 980	-150 645	-274 853
Резерв құрғанға дейінгі таза пайыздық кіріс	67 302	135 246	257 551
Резерв құру	-27 390	-41 687	-43 075
Таза пайыздық кіріс, оның ішінде:	30 190	70 388	98 765
Таза комиссиялық кіріс және дилинг	32 320	73 893	96 369
Өзге кіріс/шығыс	-2 130	-3 505	2 396
Басқа операциялар бойынша құнсыздану резервтерін құру	-2 038	-7 989	-29 893
Резерв құрғанға дейінгі операциялық кіріс	97 492	205 634	356 316
Операциялық шығыс	-46 589	-88 334	-123 091
Тиімді сатып алудан түскен кіріс		84 222	
Таза пайда	20 645	145 129	135 246
NIM, %	4,2%	5,2%	6,6%
CIR, %	47,8%	30,5%	34,5%

Банк тобының таза % және % емес кірісінің динамикасы

млн теңге



2023 жылы пайыздық кіріс 2022 жылмен салыстырғанда 86%-ға артып, 532 млрд теңгені құрады. Бөлшек бизнестің жоғары кірісті кредиттерінің және ШОБ бойынша танымал өнімдердің үлесінің артуы арқасында пайыздық кіріс динамикасы оң болды. Кезеңдегі пайыздық шығыс 124 млрд теңгеге артып, негізінен клиенттердің көбеюі және несиелік қоржынының өсіміне қор құратын депозиттік базаның белсенді артуы есебінен 275 млрд теңгені құрады.

Нәтижесінде 2023 жылы таза пайыздық кіріс 122 млрд теңгеге артып, 258 млрд теңгені құрады. Бұл ТПМ көрсеткішін 5,2%-дан 6,6%-ға дейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді.

2023 жылы таза комиссиялық кіріс және дилинг клиенттік базаның кеңеюі және цифрлық қызметтердің белсенді дамуы нәтижесінде 22 млрд теңгеге артып, 96 млрд теңгені құрады. 2023 жылғы өзге де кіріс/шығыс 2,4 млрд теңге мөлшерінде оң нәтиже көрсетті.

Бизнестің дамуы IT белсенді дамытуды қамтамасыз ету үшін команданың күшеюіне, қызмет көрсетуге және қамтуға шығыстың табиғи түрде (инфляция, валюта бағамы) артуына және банктің маркетингтік ұстанымының күшеюіне (өнімдер ұсыну, сатылымды арттыру) байланысты ЕТҚ артуы есебінен операциялық шығыс 2022 жылмен салыстырғанда 35 млрд теңгеге артты. CIR көрсеткіші 34,5%-ды құрады.

Бизнестің дамуы мен ресурстарды тиімді пайдалану нәтижесінде банк таза пайданы 135 млрд теңгеге дейін 2 есе арттырды (2022 жылы ЕСВ тиімді сатып алудан түскен кірісті есептемегенде, 84 млрд теңге мөлшерінде).


Дереккөз: Тексерілген шоғырландырылған деректер

Кредит беру қызиметі


Кредит беру

2023 жылы банк кредит беру жұмысын белсенді түрде жалғастырды, бұл ЦКБ несие портфелі динамикасының оң болуына ықпал етті, ол жыл қорытындысы бойынша 2 894 млрд теңгеге дейін 42%-ға артып, банкке коммерциялық банктер арасында несие портфелінің мөлшері бойынша үшінші орынды сақтауға мүмкіндік берді.

Банк кредиттері, млн теңге




Валюталық қарыздар үлесі



01.01.2024 ж. валюталық қарыздардың үлесі 8%-ды құрады, бұл 2024 жылы теңге бағамының ықтимал әлсіреуіне байланысты валюталық тәуекелге қатысты банкке айтарлықтай қысым көрсетпейді.

Кредит құрылымы (%)



Банктің несие портфелінің негізгі көлемін бөлшек сауда сегментіне (61%) және ШОБ сегментіне (21%) берілген қарыздар құрайды. Банктің стратегиясына сәйкес осы сегменттер бойынша портфельдің 57%-дан 61%-ға дейін белсенді түрде артқаны байқалады. Бұл ретте корпоративтік портфельдің үлесі 22%-дан 18%-ға дейін төмендейді, ал ШОБ үлесінде елеулі өзгеріс жоқ.

Дереккөз: Тексерілген шоғырландырылған деректер

ІБ және ШОБ портфельінің құрылымы (%)



Корпоративтік портфельді (ірі бизнес және ШОБ) ең көп үлесті «ЖК» (22,4%), «Сауда» (15,0%), «Жылжымайтын мүлікті жалға беру» (8,1%) салаларындағы кредиттер алады.

Несие портфельінің сапасы

2023 жылы несие портфельінің көлемін ұлғайтумен қатар, банктің маңызды міндеттерінің бірі несие портфелі көрсеткіштерін жақсарту жұмысын жалғастыру болды. Бір жыл ішінде жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде несие портфельіндегі қолданыста жоқ қарыздардың (NPL) үлесі 3,4%-дан 2,2%-ға дейін төмендеді. 3-кезеңдегі қарыздар көлемі (кредиттік құнсызданған қарыздар) 150 млрд теңгеден 126 млрд теңгеге дейін төмендеді, бұл ретте үлес салмағы 7,4%-дан 4,4%-ға дейін төмендеді.

Тәуекел бойынша есеп

Тәуекелді басқару жүйесі

ТӘУЕКЕЛДІ СІПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕРІ	ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ
Кредиттік тәуекел Контрагенттердің (қарыз алушылардың) шарт талаптарына сәйкес пайыз бен борыштың негізгі сомасын төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындай алмауы нәтижесінде банктің қаржылық актив бойынша ықтимал ысырап көтеру тәуекелі	Саясат: ● Кредит беру және тәуекелді басқару саясаты; ● Тәуекел мен капиталды басқару саясаты; ● Кепіл саясаты. Тәуекелді басқару комитеті: ● Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелді басқару комитеті; ● Кредит комитеті; ● Басқарма жанындағы Тәуекелді басқару комитеті.	Кредиттік тәуекелді басқарудың негізгі әдістері: ● шешім қабылдау үшін ақпараттың толық және шынайы болуын қамтамасыз ету; ● көпшілік қабылдаған кредит беру қағидаларын, кредиттік тәуекелді басқару бойынша ішкі саясаттар мен процедураларды сақтау; ● бизнес-бөлімшелерге тәуелсіз қарыздарды бағалау процедурасының болуы; ● тәуекел лимиттерінің және/немесе шектеулерінің көп деңгейлі жүйесін пайдалану арқылы кредиттік тәуекелді шектеу; ● мәмілелер бойынша қамсыздандыруды басқару; ● кредиттік тәуекел деңгейіне ұдайы мониторинг жүргізу және бақылау; ● кредиттік тәуекел деңгейі бойынша активтерді жіктеу; ● провизияның жеткілікті деңгейін сақтау. Кредиттік тәуекел бар мәмілелер бойынша кредиттік тәуекелдер контрагент бизнесінің түрі мен сегменті ескеріле отырып бағаланды: ● ірі өтінімдер бойынша корпоративтік кредит беру – контрагенттің қаржылық жай-күйінің көрсеткіштері, кредит тарихы, бизнестің қай салаға тиесілі екені және басқа да сипаттамалары ескеріле отырып айқындалатын кредиттік рейтингтің сараптамалық бағасы мен деңгейінің жиынтығы негізінде; ● ШОБ жаппай өнімдері бойынша корпоративтік кредит беру – кредит өнімі аясында қарыз алушыға қойылатын талаптардың сақталуын автоматты түрде тексеру арқылы; ● бөлшек кредит беру – жүріс-тұрысы туралы ақпарат және сыртқы дереккөзден алынған ақпарат ескеріле отырып құрылған математикалық статистика әдістеріне негізделетін скоринг моделі арқылы.

ТӘУЕКЕЛДІҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕРІ	ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ
Нарықтық тәуекел Нарықтық мөлшерлемелердегі, валюта бағамдарындағы немесе қаржы құралдарына белгіленген бағалардағы өзгерістердің банктің кірісіне немесе капиталына кері әсер ету тәуекелі. Нарықтық тәуекел банк өз қызметі барысында ұшырауы мүмкін пайыздық тәуекелді, валюталық тәуекелді және басқа да баға тәуекелдерін білдіреді.	Саясат: - Нарықтық тәуекелді басқару саясаты; - Тәуекелді және капиталды басқару саясаты. Тәуекелді басқару комитеті: - Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелді басқару комитеті; - Басқарма жанындағы Тәуекелді басқару комитеті.	Пайыздық тәуекелді басқарудың негізгі әдістері: - бекітілген және құбылмалы мөлшерлемелері бар тартылатын ресурстардың қолайлы арасалмағын сақтау; - Топтың ағымдағы қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізу, пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістердің Топқа әсерін және Топтың табыстылығына ықпалын бағалау; - пайыздық тәуекелді басқару лимиттерін есептеу және пайыздық тәуекел деңгейіне ұдайы мониторинг жүргізу. Валюталық тәуекелді басқарудың негізгі әдістері: - ұлттық және шетел валюталарын айырбастау бағамдарының елеулі ауытқуларынан болатын залалды барынша азайту мақсатында ашық валюталық позицияны басқару; - реттеушінің талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында банктің ашық валюталық позициясын бақылау; - ашық валюталық позицияларға, валюталық және пайыздық VaR-ға, төрелік позицияларға лимиттерді және stop-loss және stop-out ысырабы лимиттерін есептеу және олардың сақталуына мониторинг жүргізу. Баға тәуекелдерін басқарудың негізгі әдістері: - нарық жағдаятындағы жағымсыз өзгерістердің нәтижесінде келтірілуі мүмкін ықтимал залалға мерзімді түрде бағалау жүргізу; - рұқсат етілген залал шамасына барабар шектеу белгілеу; - пайда нормасы мен кепілзатпен қамсыздандыруға қатысты талаптарды белгілеу.


ТӘУЕКЕЛДІҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕРІ	ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ
Операциялық тәуекел Жүйелер жұмысындағы жаңылысудың, тұрақсыз ұйымдық құрылымның, қызметкерлердің қателіктері немесе бизнес-процестердің дұрыс құрылмауы салдарынан, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың әсер етуі нәтижесінде ысырып туындауы тәуекелі	Саясат: - Операциялық тәуекелді басқару саясаты; - тәуекелді және капиталды басқару саясаты. Тәуекелді басқару комитеті: - Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелді басқару комитеті; - Басқарма жанындағы Тәуекелді басқару комитеті.	Операциялық тәуекелді басқарудың негізгі әдістері: - операциялық тәуекелді басқару процесіне банктің барлық жұмыскерлерін және басшылығын (Басқарма, Қаржыны және тәуекелді басқару комитеті және Директорлар кеңесі) тарту; - операциялық тәуекелді анықтау, оларға мониторинг жүргізу, оларды банк бөлімшелерінің мерзімді түрде бағалау жүргізуі – банктің күнделікті қызметінің бір бөлігі; - ОТБЖ-дегі кемшіліктер және оларды іске асыру жағдайлары тиісті деңгейдегі басшылардың, банк Басқармасы мен Директорлар кеңесінің назарына уақытылы жеткізіліп, жедел жойылып отырады; - әртүрлі деңгейдегі бөлімше басшылары арасында операциялық тәуекелді басқару бойынша өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу, оларды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, өзара іс-қимыл тәртібі мен есептелікті белгілеу; - операциялық тәуекелді бақылау шараларының құны банк осы тәуекелден болатын ықтимал ысырабының шамасынан төмен болуға тиіс, бұл ретте қосымша операциялық тәуекелді қабылдау тікелей қандай да бір қосымша шығыстың туындауына әкелмейді.

ТӘУЕКЕЛДІҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ САЯСАТТАРЫ ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕРІ	ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ
Комплаенс-тәуекел Банктің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, банктің қаржы нарығында қызмет көрсету және операциялар жүргізу тәртібі белгіленген банктің ішкі құжаттарын, сондай-ақ банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамаларын сақтамауы салдарынан ысырап туындауы тәуекелі	Саясат: - Комплаенс-тәуекелді басқару саясаты; «Өз клиентіңді біл» саясаты; - Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясаты; - Ішкі бақылау саясаты; - Мүдде қайшылығын реттеу саясаты.	Комплаенс тәуекелді басқарудың негізгі әдістері: - ішкі құжаттар әзірлеу арқылы комплаенс-тәуекелді, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша банк жұмыскерлері үшін басшылыққа алынатын ішкі құжаттарды (нұсқаулықтарды) әзірлеу; - Банктің және оның жұмыскерлерінің комплаенс-тәуекелді басқару саясаттары мен процедураларын сақтауына мониторинг жүргізу; - комплаенс-тәуекел оқиғалары туралы деректер жинау; - клиенттердің (контрагенттердің) банктің және оның жұмыскерлерінің іс-әрекетіне шағымдарын (өтініштерін) комплаенс-тәуекелдің бар-жоғы бойынша талдау жасап, оны жою (алдын алу) шараларын қолдану; - Банктің комплаенс-тәуекелге ұшырағыштық дәрежесін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді әзірлеу және талдау; - өз бетінше немесе банктің құрылымдық бөлімшелерімен және (немесе) лауазымдық тұлғаларымен бірлесіп, банктің ішкі құжатында белгіленген тәртіпке сай банк жұмыскерлерінің банктің қаржы нарығында қызмет көрсету және операциялар жүргізу мәселелері реттелетін Қазақстан Республикасы заңнамасын, сондай-ақ банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасын бұзу фактілеріне тергеп-тексеру (тексеру) жүргізу.

2023 жылы сәйкестендірілген тәуекелдер

Банк жыл сайын тәуекелді тиімді басқару үшін оларды анықтайды, сәйкестендіреді және жинақтайды.

2023 жылы банк келесі тәуекел түрлерін сәйкестендіріп, орынды тәуекел ретінде белгіледі, олардың ішінде орынды емес тәуекелдер де анықталды:



Ескертпе: X – орынды емес тәуекелдер

2023 жылы тәуекелді басқару

Шешім қабылдау стратегиясы және модельдер әзірлеу

- Цифрлық өнімдер үшін шешім қабылдау стратегияларын іске асыру және жаңарту
- Барлық байланыс операторлары үшін алаяқтыққа қарсы сервистер әзірлеу және біріктіру
- Тиімді өндіріп алу үшін кепілсіз және кепілді өнімдерге арналған Pre-Collection и Collection модельдерін енгізу
- Клиенттің мобильді қосымшадағы тәртібі негізінде стратегия әзірлеу

Технологиялық процесс және инновация

- ModelOps іске асыру – модельдердің өміршеңдік циклін әзірлеудің және басқарудың бірыңғай ортасы
- AutoML JupyterHub әзірлеу – модельдерді автоматты түрде өздігінен оқытуға арналған жүйе
- Коллекторлық дауыстық роботты дамыту және ауқымын кеңейту
- Кепілді және кепілсіз кредит беруде жеке модельдерді, сондай-ақ #картакарта бойынша кірістілік моделін әзірлеу
- Деректер көзін туғызудың микросервистік архитектурасына өту

Risk data

- Тәуекел мен алаяқтықты азайтуға, мақұлдау деңгейін және жинау тиімділігін арттыруға бағытталған ағындық талдау
- Метадеректерді оқудың жеке сервистерін және үзінді көшірмелерді жүйелеуді іске асыру.
- Preapprove компанияларын жандандыру: адал клиенттер үшін кепілсіз өнімдер бойынша алдын ала мақұлданған ұсыныс берудің 2 есе артуы

Жеке кредит беру

- Корпоративтік қарыз алушылар бойынша бағалау өлшемшарттарын оңтайландыру және жетілдіру
- Кредит алуға өтінімдерді қараудың қолайлы әрі жедел процесін құру
- Дабыл сигналдарының мониторингін ескере отырып, кредит лимитін игеруге рұқсат беру/тоқтату процесін автоматтандыру
- Заңды тұлғалар үшін жаңа рейтингтік модельді енгізу

ШОБ көпшілік сараланымына кредит беру

- Кепілсіз кредит беру аясында ЖК үшін скорингтік картаны енгізу
- Алаяқтықты анықтау және алдын алу жүйесін (AntiFraud) енгізу
- Тендерлік кепілдіктер, ЖК кепілсіз кредит беру бойынша шешім қабылдаудың іске асырылған стратегияларын жаңарту
- ЖШС үшін кепілсіз өнімдер бойынша стратегияларды енгізу және ШКЛ өнімі бойынша лимиттерді басқару
- шешім қабылдау жүйесін Connectivity-мен біріктіру
- Андеррайтинг және анықтау процесін оңтайландыру

Кепілзатпен қамсыздандыру құнын бағалау объективтілігі

- Тәуелсіз бағалаушылардың рейтингтік бағалау моделін жетілдіру
- Көпшілік сараланым бойынша құнды анықтауды бақылау аймақтарын кеңейту
- Ірі қалаларда (8 қала) пәтерлер құнын онлайн айқындау құралын жасау
- Жеңіл автокөлік құралының құнын айқындау құралын жасау
- Банк өнімдері аясында кепілзатқа қойылатын талаптарды қайта қарау

Тәуекелді басқару жүйесі

2023 жылы ҚНРДА ЕДБ қызметінің және тәуекелдерінің сандық және сапалық сипаттамаларына бағалау жүргізді (SREP).

Банкке 4 балдық жүйе бойынша 2-ге тең жалпы балл берілді. Алынған нәтиже банктің өмірге бейімдік бойынша тәуекелдің орташа немесе төмен деңгейіне ұшырағыштығын білдіреді.

Score	Supervisory view	Considerations
1	Банк өмірге бейімділік бойынша тәуекелдің төмен деңгейіне іліккіш	- Банктің бизнес-моделі мен стратегиясы қауіп тудырмайды - Ішкі басқару және жалпы ұйымдық бақылау тетіктері қауіп тудырмайды - Банктің капитал мен өтімділік үшін тәуекелдері – материалдық емес/өте төмен тәуекел - Өтімділік позициясы мен банкті қор құру құрылымы қауіп тудырмайды
2	Банк өмірге бейімділік бойынша тәуекелдің орташа немесе төмен деңгейіне іліккіш	Мыналар бойынша төмен деңгейден орта деңгейге дейін қауіп бар: - банктің бизнес-моделі мен стратегиясы - банкті басқару тетіктері немесе жалпы банктік бақылау - өтімділік позициясы және/немесе банктің қор құру бейіні - банктің жалпы өндіріп алу қабілеті
3	Банк өмірге бейімділік бойынша тәуекелдің орташа деңгейіне іліккіш	Мыналар бойынша орташа деңгейден жоғары деңгейге дейін қауіп бар: - Банктің бизнес-моделі мен стратегиясы - Банкті басқару тетіктері немесе жалпы банктік бақылау - өтімділік позициясы және/немесе банкті қор құру бейіні - банктің өндіріп алуға жалпы қабілеті - Айтарлықтай пруденциялық әсер ету тәуекелінің орташа немесе жоғары деңгейі бар
4	Банк өмірге бейімділік бойынша тәуекелдің жоғары деңгейіне іліккіш	Мыналар бойынша жоғары деңгейлі қауіп бар: - Банктің бизнес-моделі мен стратегиясы - Банкті басқару тетіктері немесе жалпы банктік бақылау - өтімділік позициясы және/немесе банкті қор құру бейіні - банктің өндіріп алуға жалпы қабілеті - Айтарлықтай пруденциялық әсер ету тәуекелінің жоғары деңгейі бар

2024 жылы бөлшек тәуекелді басқаруды дамыту жоспарлары



2024

RiskTech = HighTech



Ішкі клиентті дамыту және әрбір клиентке жеке ұсыныс

- Үзінді көшірмемен және кіріс туралы анықтамамен клиенттер бойынша кірісті бағалау модельдерін іске асыру
- Телко операторларының РТВ модельдерін және ішкі әзірлемелерді Preapprove процесіне енгізу
- Шығу мәнін 1+ -ге азайту мақсатында модельдерді сегменттік сипаттау (барлық өнім бойынша Precollection модельдері)
- Беру сапасын арттыру және тәуекелді азайту мақсатында модельдерді сегменттік сипаттау



Технологиялық процесс

- Бірнеше арналы алаяқтыққа қарсы жүйені іске асыру
- Адал клиенттерге сату үлесін арттыру үшін Offer Store әзірлеу
- Soft Collection үшін oCRM (in-house) енгізу және дамыту
- #картакарта бойынша лимиттерді басқарудың онлайн модулін іске асыру



Инновациялар

- Тілдік талдау жүйесін енгізу және дамыту
- Цифрлық ізді және транзакциялық деректерді қолдана отырып, онлайн арналардағы ысырапты азайту

Еншілес компаниялар

«BCC INVEST» АҚ

«BCC INVEST» инвестициялық компаниясы – Қазақстанның ең ірі инвестициялық компанияларының үздік үштігіне кіретін және брокерлік қызмет көрсету, корпоративтік қаржыландыру, активтерді, оның ішінде зейнетақы активтерін басқару қызметтерін көрсететін «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы. Компания бағалы қағаздар нарығында мынадай қызмет түрлерін көрсетеді:



Компанияның 2023 жылғы негізгі жетістіктері

2023 жылы компания өткен кезеңдердегі барлық қиындықтарды еңсере отырып, қарқынды өсім көрсетті. BCC Invest қоржынды басқарушылар мен брокерлік қызмет көрсететін компаниялардың бәсекелестік алаңында сенімді орынға ие. Осылайша, компания 2023 жылдың қорытындысы бойынша үлеспұлдық инвестициялық қорларды басқаруда үздік нәтижелерге қол жеткізді, олардың біреуі «ЦентрКредит – Валюталық» бойынша 12 айда АҚШ долларымен 13%-дан астам кірістілікті қамтамасыз етіп, жақын бәсекелестерді басып озды. BCCI-ге қоржынды басқарушылар арасында бағалы қағаздар нарығында екінші орынды қамтамасыз ете отырып, 59 млрд теңгеге дейін жоғарылаған басқарудағы меншікті активтердің артуын тамаша нәтиже деп атап өтуге болады.

Компания ішінде де оң өзгерістер болып жатыр. Мәселен, қысқа мерзім ішінде мобильді қосымшада ҚР ҰБ Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбаны және биометриялық немесе динамикалық сәйкестендіру құралдарын пайдалану арқылы клиенттермен іскерлік қарым-қатынас орнату бөлігінде қажетті өзгерістер іске асырылды. Шот ашу операцияларын сүйемелдеу бөлігінде оң өзгерістер болды, олар шот ашу процесін 3 жұмыс күнінен 1 сағатқа дейін оңтайландыруға және сол арқылы өткізу қабілетін бірнеше есе арттыруға мүмкіндік берді, нәтижесінде компанияда шот ашудың жыл басында айына 40-тан 2023 жылдың қарашасында айына 300-ге дейін артуына әкелді. Келесі қадам – жаңа мобильді қосымшаны әзірлеу және процестерді одан әрі оңтайландыра отырып, жаңа ішкі есепке алу жүйесін өрістету және оларды өңдеуді жеделдету.

Қаржы тобының ішіндегі өзара іс-қимылда да оң елеулі өзгерістер бар. Мәселен, 2023 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ пен BCC Invest арасындағы өзара қарым-қатынас консультациялық қызмет көрсетуге және


банктің бөлшек сауда блогының жұмыскерлеріне компанияның өнімдері мен қызметтерін оқытуға арналған шартқа қол қою арқылы заңдастырылды. 2023 жылдың соңына қарай осы шарт пен банкпен өзара іс-қимыл инвестициялық өнімдер сатылымының артуы және компанияның осы сату арнасындағы комиссиялық кірісінің артуы түрінде нәтижелер әкелді. Банк пен компания жұмыскерлерінің SPO KEGOC-пен жұмыс істеу барысындағы өзара іс-қимылы – жеке кейс, оның нәтижесінде «Банк ЦентрКредит» АҚ қаржылық тобы банктер мен брокерлер (қаржылық топтар) арасындағы өтінімдер көлемі бойынша екінші орынды иеленді. Ал «жеке тұлғалардан жиналған өтінімдердің ең көп саны» санатында BCCI бірінші орынды иеленді (жалпы өтінімдер санының 40%-дан астамы).

BCCI жаңа өнімдерді жасау және бар өнімдерді дамыту жұмысын үнемі жүргізеді. Осындай мысалдардың бірі – «Даму» қорымен бірлесіп субсидияланған облигациялар шығару бойынша бірегей кейс. Бұл кейстің бірегейлігі қор нарығы үшін бірінші бағдарламаның пайда болуында, ал бұрын аталған бағдарламаны тек банк секторы ғана қолдана алатын. BCCI ұйымдастырған мұндай субсидияланған облигациялардың бірінші шығарылымы бәсекелестер шығарған, бірақ компания әзірлеген бағдарлама мен талаптар бойынша бірнеше келесі шығарылымға бастама болды.


2023 жылдың нәтижелері бойынша BCC Invest негізгі қаржы көрсеткіштері:

- 31.12.2022 жылмен салыстырғанда, 31.12.2023 ж. жай-күйі бойынша активтер 38,9 млрд теңгеден 59 млрд теңгеге дейін 52%-ға немесе 20 млрд теңгеге артты және компания активтер мөлшері бойынша инвестициялық компаниялар арасында екінші орынды иеленді;
- 31.12.2022 жылмен салыстырғанда, 31.12.2023 ж. жай-күйі бойынша компанияның меншікті капиталы жыл басынан бері 25,2 млрд теңгеден 32,2 млрд теңгеге дейін 28%-ға немесе 6,9 млрд теңгеге артты;
- Таза пайда 1 млрд теңгеден 2,9 млрд теңгеге дейін артып, 2,8 есеге жуық өсімді көрсетті. Бұл ретте компания таза пайда мөлшері бойынша үшінші орында қалды;
- 2022 жылмен салыстырғанда, 2023 жылы сыйақы бойынша кіріс 3,4 млрд теңгеден 4,2 млрд теңгеге дейін 23%-ға немесе 783 млн теңгеге артты;
- 2022 жылмен салыстырғанда, 2023 жылы комиссиялық кіріс 1,4 млрд теңгеден 2 млрд теңгеге дейін 44%-ға немесе 600 млн теңгеге артты.


Активтер,
млрд. теңге



Меншікті капитал,
млрд. теңге



Пайда,
млрд. теңге



BCC Invest-тің 2024 жылға белгіленген мақсаттары да үлкен:

- Активтерді 70 млрд теңгеге дейін арттыру;
- Таза пайданы 2,9 млрд теңгеден 5,7 млрд теңгеге дейін арттыру (+ 96%);
- Жаңа ААЖ (есепке алу жүйесі) және жаңа мобильді қосымшаны енгізу. BCC Invest пен банктің IT инфрақұрылымдары арасында ықпалдастық жөніндегі жобаны іске қосу;
- 16% деңгейінде ROE көрсеткішіне, 50%-дан асатын CIR көрсеткішіне, 6%-дан асатын NIM көрсеткішіне, бір қызметкерге жылына 24 млн теңгеден астам орташа таза пайдаға қол жеткізу;
- Таза комиссиялық кірісті 2,4 млрд теңгеге дейін арттыру, оның ішінде IPO Air Astana өткізуге белсенді қатысу.

«Sinoasia B&R» CK» АҚ

«Sinoasia B&R» CK» АҚ – Орталық Азия аумағында сақтандырудың барлық түрін ұсынатын сақтандыру компаниясы.

2023 жылғы мамырда ЦентрКредит Банкі Sinoasia жай дауыс беретін акциялар пакетін сатып алды, сатып алғаннан кейін банктің капиталдағы үлесі 90%-дан асты. 2023 жылғы тамызда банк өзіне тиесілі артықшылықты акцияларды Sinoasia жай акцияларына айырбастады. Айырбастау нәтижесінде банктің еншілес компанияның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі 92,45%-ға дейін артты.



Қызмет түрлері

Ерікті сақтандыру:

- Жазатайым жағдайлардан
- Ауырған және қайтыс болған жағдайда
- Сот шығыстарынан
- Мүлікті залалдан
- Жүкті
- Автокөлікті
- Кепілдікті және кепілгерлікті
- Кәсіби жауапкершілікті
- Титулдық

Міндетті сақтандыру:

- Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы АҚЖ
- Туристерді
- Қызметі зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің АҚЖ
- Экологиялық

Қайта сақтандыру


2023 жылдың қорытындысы бойынша компанияның нәтижелері

2023 жылдың қорытындысы бойынша қол қойылған сыйлықақы көлемі 2,2 есе артып, 25,9 млрд теңгені құрады.

Есепті кезеңде банктік кредиттік өнімдермен сатылымды біріктіру есебінен «Автокөлікті сақтандыру» және «Мүлікті сақтандыру» бойынша қол қойылған сыйлықақы көлемінің айтарлықтай артқаны байқалады.

Қол қойылған сыйлықақы, млн тг

Өнім	2021	2022	2023
Автокөлікті сақтандыру	137	1 193	15 530
Ерікті медициналық сақтандыру	4 900	9 651	7 473
Мүлікті сақтандыру	76	524	2 219
Travel (ШША + ТМС)	437	451	467
Басқа қаржы шығынынан сақтандыру	229	606	90
Басқа	52	131	140
ЖИЫНТЫҒЫ	5 831	12 556	25 919



2023 жылдың қорытындысы бойынша құрылымда қол қойылған сыйлықақы айтарлықтай өзгерді: «Автокөлікті сақтандыру» және «Мүлікті сақтандыру» үлесі артып, медициналық сақтандыру үлесі қысқарды.

2023 жылғы қаржы нәтижесі



2023 жылдың қорытындысы бойынша компания активтерінің көлемі 2,2 есе артып, **29,2 млрд теңгені** құрады.



2022 жылмен салыстырғанда, есепті кезеңде қол қойылған сыйлықақы көлемінің **2,1 есе айтарлықтай артқаны байқалады**.



2022 жылмен салыстырғанда, капитал мыналардың есебінен 1,9 есе артты:
таза пайданың 2,2 есе артуы: **1 млрд теңгеге қосымша** капиталдандыру



Көрсеткіш, млрд тг

АКТИВТЕР	29,2
МІНДЕТТЕМЕЛЕР	21,1
КАПИТАЛ	8,1
ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН СЫЙЛЫҚАҚЫ	25,9

Сақтандыру қызметінен түсетін таза кіріс	2,4
Инвестициялық кіріс	1,97
Таза пайда	2,4



Коэффициент, %

LR залалдылық коэффициенті	78,2%
CIR алынған кірістің 1 теңгесіне шаққандағы операциялық шығыс	20,3%

ROE салынған капиталдың 1 теңгесіне шаққандағы пайда	41,6%
ROA салынған активтің 1 теңгесіне шаққандағы пайда	12,4%

2024 жылға белгіленген мақсаттар



Бірлескен әріптестік жобаларды іске асыру және халықаралық нарыққа шығу есебінен Қазақстанда ЕМС бойынша көшбасшылық орынды нығайту.



«Банк ЦентрКредит» АҚ-пен ынтымақтастық аясында SABR азық-түлік желісінің ең жоғары ұсынысы, банк және сақтандыру өнімдерінің бірлескен ұсынысы бойынша жаңа бағдарламаларды әзірлеу.



Облигаторлық сақтандыру шарттарын көбейту, брокерлермен және сақтандыру компанияларымен серіктестік аясындағы жобалар.



Мүліктік сақтандыру саласындағы серіктестермен, оның ішінде брокерлермен бірлескен бизнес-жобалармен жұмыс.



Жалпы сақтандыру саласындағы сақтандыру/қайта сақтандыру қызметінің барлық түріне (КҚИ АҚЖМС қоспағанда) лицензия алу.

«CenterProject» ЖШС

«CenterProject» ЖШС – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 100 % еншілес компаниясы



Компания қызметінің негізгі бағыттары

- Бас банктің күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтарын сатып алу және іске асыру.
- Сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепілге берілген мүлікті өндіріп алу нәтижесінде бас банктің меншігіне өткен жылжымайтын және жылжымалы мүлікті және (немесе) аяқталмаған құрылыс объектілеріне меншік құқығын сатып алу және іске асыру.
- Жер учаскелері және (немесе) аяқталмаған құрылыс объектілері түріндегі күмәнді және үмітсіз активтер бойынша жылжымайтын мүлік объектілерін салуға, аяқтауға және (немесе) пайдалануға беруге бағытталған қызметті жүзеге асыру.
- Сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепіл (бас тарту төлемі немесе қамсыздандыру) ретінде қабылданған жағдайда, заңды тұлғалардың акцияларын және (немесе) жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін сатып алу және іске асыру.
- Бас банктен сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепіл, өзге қамсыздандыру ретінде болған немесе бас тарту төлемі түрінде алынған мүлікті өндіріп алу нәтижесінде меншігіне өткен жылжымайтын мүлікті жалға беру немесе осындай мүлікті уақытша өтеулі пайдаланудың өзге түрін қолдану.
- Активтердің сапасын жақсарту, болашақтағы залалды амортизациялау және бас банктің алдындағы міндеттемелерді толық орындау мақсатында берешекті өндіріп алудан және активтерді бағалы қағаздарға өткізуден алынған бос ақша қаражатын инвестициялау.

«CenterProject» ЖШС негізгі көрсеткіштері

Портфельдің құрылымы:

22%	Жобалар
42%	Активтер
27%	ДБ
9%	Инвестициялық портфель

млн. теңге	01.01.2023	01.01.2024	+/-	%
Барлық портфель, соның ішінде	91 569	100 614	9 045	10%
Жобалар (дисконтты қоспағанда)	25 371	22 324	-3 047	-12%
Жобалар	40 804	36 940	-3 864	-9%
Дисконт	-15 433	-14 616	817	-5%
Активтер	44 951	42 073	-2 878	-6%
Дебиторлық берешек	13 840	26 885	13 045	94%
Инвестициялық портфель	7 407	9 333	1 926	26%
Жобалар (журнал есебінде)	35 841	51 671	15 830	44%

2023 жылғы жетістіктер

- Жалпы сомасы 8,1 млрд теңгеге 3 жоба – ТК (20 мың ш.м. астам) салу бойынша бірлескен жобалар жасалды.
- Бағалы қағаздар портфелі 3 млрд теңгеге артты.
- Операциялық шығыс 25%-ға оңтайландырылды
- Таза пайыздық кіріс өткен жылмен салыстырғанда 66%-ға артты

«CenterProject» ЖШС 2024 жылға белгіленген мақсаттары

Мақсаты	Жоспар, мың теңге
Өндіріп алу тиімділігін арттыру	7 551 973
Жобаларды қаржыландыру	10 776 109
Жобаларды оңалту	22 000 000
Банк алдындағы берешекті өтеу	15 043 258

«Center Leasing» ЖШС

«Center Leasing» ЖШС – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2002 жылдан бері Қазақстанның лизинг нарығында жұмыс істейтін 100% еншілес компаниясы.

Компания қызметінің негізгі бағыттары:

1

Мүлікті басқару:

- Жылжымайтын мүлік объектілерін жалға/қосалқы жалға беру
- Жылжымайтын мүлік объектілерін бақылау, мониторинг жүргізу, жақсарту
- Банктің қажетіне жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу, сату

2

Лизинг қызметі:


- Әлеуетті клиенттерді тарту және оларға кеңес беру
- Жаңа сату арналарын енгізу және дамыту
- Жаңа өнімдік шешімдерін әзірлеу және енгізу
- Лизинг нарығындағы брендтің танымалдылығына көңіл бөлу

«Center Leasing» ЖШС 2023 жылғы негізгі қорытындысы




2021–2023 жылдардағы қаржы көрсеткіштері


Активтер



Міндеттемелер



Меншікті капитал



2022 жылмен салыстырғанда, активтер 46%-ға, міндеттемелер 150%-ға артты, ал меншікті капитал 1%-ға төмендеді.

2023 жылғы қорытынды:


- Лизинг өнімі бойынша портфельдің қарқынды түрде артуына байланысты, кредиторлық және дебиторлық берешектің көбеюі
- Инвестициялық мүлікті арттыру
- Банктің пайдалануы үшін MEA сатып алу
- BCC Center құрылысына негізгі құралдар сатып алу

2021–2023 жылдардағы қаржы көрсеткіштері

2023 жылғы негізгі жетістіктер:

- 2023 жылдың соңында несие портфелі 11,8 млрд теңгеге дейін артты, бұл 2022 жылға қарағанда 261%-ға артық.
- 2023 жылдың қорытындысы бойынша 10,4 млрд теңгеге 109 мәміле жасалды, бұл мәмілелер саны бойынша 304%-ға және сомасы бойынша өткен жылмен салыстырғанда 197%-ға артық.
- 99 жаңа клиент тартылды, бұл 2022 жылға қарағанда 371%-ға артық.
- Қазақстанда лизингтік компаниялар рейтингісінде 2 тармаққа жоғары көтерілді, 2023 жылдың соңында BCC Leasing рейтингіде 6-орында тұр.
- «Даму» АҚ-пен лизингтік мәмілелерді қаржыландыру үшін 5 млрд теңге сомасында кредит желісін беру туралы келісім жасалды.
- Серіктестік желісі іске қосылды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 4%-ға дейін агенттік сыйақысы бар 11 ірі серіктес қол қойды.
- Яндекс таксимен белсенді ынтымақтастық орнатылды, таксилер парктеріне арналған өнім іске қосылды.
- Жаңартылған өнімдер каталогы іске қосылды.
- Жаңа кіріс көзі – GPS, Сақтандырудан және Серіктестерден алынатын агенттік сыйақы.
- Awareness бөлігіндегі белсенді маркетингтік іс-шаралар: сайт әзірлеуді бастады, әлеуметтік желілерде өз аккаунттарын іске қосты, мақалалар жариялады
- Серіктестерден кері комиссия бойынша өнім бекітілді, бұл клиенттер үшін пайыздық мөлшерлемені төмендетуге мүмкіндік береді.
- Операциялық жалдау бойынша барлық клиенттер үшін жалдау ақысы көтерілді.
- BCC Center сатып алуға алынған кредит ішінара мерзімінен бұрын өтелді.

Пайданың динамикасы, мың теңге



2024 жылға белгіленген негізгі мақсаттар

Center Leasing-тің 2024 жылға белгіленген негізгі стратегиялық бастамалары:

1

Қазақстандағы үздік 3 лизингтік компания қатарына кіру

- жаңа қаржыландыру көздерін тарту
- жаңа сату арналарын дамыту

2

Кеңейтілген өнім желісін әзірлеу

- Лизинг беру процестерін автоматтандыру және оңтайландыру
- Жаңа өнімдерді әзірлеу және енгізу : Жылжымайтын мүлік лизингі, Жасыл лизинг, шетелдік өндірушілерді тарту

3

Ауқымды серіктестер желісін құру

- Қазақстанның негізгі серіктестерімен серіктестік қарым-қатынасты дамыту
- Халықаралық дистрибьюторлармен, өндірушілермен серіктестікті дамыту

4

Лизинг нарығында ең танымал брендтердің бірі болу

- Лизинг нарығындағы brand awareness-ке көңіл бөлу

5

Жылжымайтын мүлік объектілерін тиімді басқару

- Жылжымайтын мүлік объектілерін сенімгерлікпен басқаруға беру
- Компаниядағы бизнес процестерді автоматтандыру және оңтайландыру

Тәуелсіз аудиторлар есебі

«Банк Центркредит» акционерлік қоғамы

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша пайда және зала туралы шоғырландырылған қаржылық есеп (акцияға шаққандағы теңгемен көрсетілген пайданы есептемегенде, қазақстандық миллион теңгемен)

	Ескертпе	2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы есептелген пайыздық кіріс		528,744	282,862
Басқа пайыздық кіріс		3,660	3,029
Пайыздық шығыс		(274,853)	(150,645)
Пайыздық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалға резерв құрғанға дейінгі таза пайыздық кіріс	6	257,551	135,246
Клиенттер мен банктерге берілген несиелердің күтілетін құнсыздануына бөлінген резервті құру	7	(43,075)	(41,687)
Таза пайыздық кіріс		214,476	93,559
Қызметтер бойынша кіріс және алынған комиссиялар	8	86,509	48,708
Қызметтер бойынша шығыс және төленген комиссиялар	8	(45,134)	(21,933)
Таза комиссиялық кіріс		41,375	26,775
Таза пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары бойынша таза пайда/ (залал)	9	9,270	(6,266)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерді сатудан және өтеуден түсетін таза пайда		882	358
Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза пайда	10	45,598	56,148
Өзге қаржылық активтер мен банктегі қаражат бойынша күтілетін кредиттік залалға құрылған резерв		(2,359)	(1,412)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	30	(27,534)	(6,577)
Өзге қаржылық емес активтер бойынша құнсызданудан болған залал	20	(756)	(3,122)
Өзге кіріс/(шығыс)	20	2,396	(3,505)
Таза пайыздық емес кіріс		68,872	62,399

	Ескертпе	2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Операциялық кіріс		283,348	155,958
Операциялық шығыс	11	(123,091)	(88,334)
Салық салғанға дейінгі операциялық пайда		160,257	67,624
Тиімді сатып алудан түскен кіріс	4	-	84,222
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда		160,257	151,846
Табыс салығы бойынша шығыс	12	(25,011)	(6,717)
Бір жыл ішіндегі пайда		135,246	145,129
Пайда:			
Банк Акционерлеріне қатысты		135,061	145,129
Бақыланбайтын қатысу үлестері		185	-
Бір акцияға шаққандағы кіріс			
Базалық (теңге)	13	730.46	791.34
Ажыратылған (теңге)	13	730.46	790.94

8-109-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2024 жылғы 4 наурызда бекітті және оның атынан қол қойғандар:



Владимиров Р.В.

Президент

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



Овсянникова А.С.

Вице-президент, Басқарма мүшесі

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



Нурғалиева А.Т.

Бас бухгалтер

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

(акцияға шаққандағы теңгемен көрсетілген пайданы есептемегенде, қазақстандық миллион теңгемен)

	2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА	135,246	145,129
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС		
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар		
Кезең ішінде инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен таза пайда (салықты алып тастағанда)	9,888	(21,854)
Кезең ішінде іске асырылған инвестициялық бағалы қағаздар бойынша қайта жіктеу (нөл теңге салықты алып тастағанда)	(882)	(358)
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	9,006	(22,212)
ТАБЫС САЛЫҒЫН ШЕГЕРГЕНДЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	9,006	(22,212)
БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	144,252	122,917
Барлық жалпы жиынтық кіріс:		
Банк Акционерлеріне қатысты	144,067	122,917
Бақыланбайтын қатысу үлестері	185	-

8-109-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2024 жылғы 4 наурызда бекітті және оның атынан қол қойғандар:



Владимиров Р.В.

Президент

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



Овсянникова А.С.

Вице-президент, Басқарма мүшесі

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



Нургалиева А.Т.

Бас бухгалтер

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

2023 жылғы 31 желтоқсанда жай-күйі бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

Активтер:

	Ескертпе	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
Ақша қаражаты және оның баламалары	14	1,353,334	1,135,957
Өділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары			
Топтың меншігіндегі	15	44,988	27,580
"РЕПО" мәмілелері бойынша кепілмен жүктемеленген	15	10,426	8,388
Инвестициялық бағалы қағаздар			
Топтың меншігіндегі	16	615,833	837,101
Банктердің несиелері бойынша кепілмен ауыртпалық салынған	16	74,519	76,318
Банктердегі қаражат	17	39,483	35,799
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер	18		
Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер		951,687	731,754
Жеке клиенттерге берілген несиелер		1,977,162	1,277,359
Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер		15,607	525
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	19	69,341	65,753
Өзге активтер	20	138,659	127,432
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		5,291,039	4,323,966

Міндеттемелер:

	Ескертпе	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	21	181,891	158,524
Клиенттердің қаражаты	22		
Корпоративтік клиенттердің қаражаты		1,787,543	1,357,726
Жеке клиенттердің қаражаты		2,234,525	1,915,418
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	23	70,532	96,183
Кейінге жылжытылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	12	11,399	11,620
Реттелген облигациялар	24	58,587	60,405
Басқа міндеттемелер	25	527,196	450,239
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕ		4,871,673	4,050,115

Меншікті капитал:

	Ескертпе	31 желтоқсан 2023 жыл	31 желтоқсан 2022 жыл
Бас банктің акционерлеріне қатысты меншікті капитал:			
Жарғылық капитал	26	64,498	63,676
Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві		(14,315)	(23,321)
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан құрылған резерв		2,030	2,127
Бөлінбеген пайда		366,527	231,369
Банк акционерлеріне қатысты меншікті капиталдың жиыны		418,740	273,851
Бақыланбайтын қатысу үлестері		626	-
Барлық меншікті капитал		419,366	273,851
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕ МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛ		5,291,039	4,323,966

Бір жай акцияның баланстық құны (теңге)	13	2,175	1,397
Бір артықшылықты акцияның баланстық құны (теңге)	13	6	232

8-109-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2024 жылғы 4 наурызда бекітті және оның атынан қол қойғандар:



Владимиров Р.В.

Президент

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



Овсянникова А.С.

Вице-президент, Басқарма мүшесі

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



Нурғалиева А.Т.

Бас бухгалтер

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал	Өділ құнының өзгерістеріне бөлінген резерв	Негізгі құралдарды қайта бағалаудан құрылған резерв	Бөлінбеген пайда	Банк акционерлеріне қатысты барлық меншікті капитал	Бақыланбайтын қатысу үлестері	Барлық меншікті капитал
2022 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	63,554	(1,109)	3,455	84,912	150,812	-	150,812
Барлық жиынтық кіріс							
Кезең ішіндегі пайда	-	-	-	145,129	145,129	-	145,129
Өзге жиынтық кіріс							
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар Өділ құнның таза өзгеруі	-	(22,212)	-	-	(22,212)	-	(22,212)
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	-	(22,212)	-	-	(22,212)	-	(22,212)
Барлық өзге жиынтық кіріс	-	(22,212)	-	-	(22,212)	-	(22,212)
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	(22,212)	-	145,129	122,917	-	122,917
Меншікті капиталдағы өзге өзгерістер							
Амортизация және меншіктен шығып қалу нәтижесінде қайта бағалаудан пайда болған соманы көшіру	-	-	(1,328)	1,328	-	-	-
Меншікті капиталдағы барлық өзге өзгерістер	-	-	(1,328)	1,328	-	-	-
Меншік иелерімен жүргізілген, тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген операциялар Акция шығару (26-ескерте)	122	-	-	-	122	-	122
Меншік иелерімен жүргізілген барлық операциялар	122	-	-	-	122	-	122
2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	63,676	(23,321)	2,127	231,369	273,851	-	273,851

	Жарғылық капитал	Әділ құнының өзгерістеріне бөлінген резерв	Негізгі құралдарды қайта бағалаудан құрылған резерв	Бөлінбеген пайда	Банк акционерлеріне қатысты барлық меншікті капитал	Бақыламайтын қатысу үлестері	Барлық меншікті капитал
2023 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	63,676	(23,321)	2,127	231,369	273,851	-	273,851
Барлық жиынтық кіріс							
Кезең ішіндегі пайда	-	-	-	135,061	135,061	185	135,246
Өзге жиынтық кіріс							
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар	-	9,006	-	-	9,006	-	9,006
Әділ құнның таза өзгеруі	-	9,006	-	-	9,006	-	9,006
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	-	9,006	-	-	9,006	-	9,006
Барлық өзге жиынтық кіріс	-	9,006	-	-	9,006	-	9,006
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	9,006	-	135,061	144,067	185	144,252
Меншікті капиталдағы өзге өзгерістер							
Амортизация және меншіктен шығып қалу нәтижесінде қайта бағалаудан пайда болған соманы көшіру	-	-	(97)	97	-	-	-
Меншікті капиталдағы барлық өзге өзгерістер	-	-	(97)	97	-	-	-
Меншік иелерімен жүргізілген, тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген операциялар							
Еншілес компанияны сатып алу кезіндегі бақыламайтын қатысу үлесі (4-ескертпе)	-	-	-	-	-	479	479
Бақыламайтын қатысу үлесінің азаюы (1-ескертпе)	-	-	-	-	-	(38)	(38)
Акция шығару (26-ескертпе)	822	-	-	-	822	-	822
Меншік иелерімен жүргізілген барлық операциялар	822	-	-	-	822	441	1,263
2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	64,498	(14,315)	2,030	366,527	418,740	626	419,366

8-109-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2024 жылғы 4 наурызда бекітті және оның атынан қол қойғандар:



Владимиров Р.В.

Президент

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



Овсянникова А.С.

Вице-президент, Басқарма мүшесі

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



Нурғалиева А.Т.

Бас бухгалтер

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

(Егер өзгесі көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

	2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Алынған пайыздар	499,122	264,329
Төленген пайыздар	(265,243)	(136,888)
Қызметтер бойынша алынған кіріс және алынған комиссиялар	85,746	49,425
Қызметтер бойынша төленген шығыс және төленген комиссиялар	(44,181)	(20,467)
Туынды құралдармен жүргізілген операциялар бойынша таза түсімдер/(төлемдер)	10,238	(5,835)
Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза пайда	39,905	46,422
Басқа кірістер/(шығыстар) бойынша түсімдер/(төлемдер)	2,396	(2,316)
Төленген операциялық шығыс	(111,223)	(78,849)
Операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының түсімі	216,760	115,821

Операциялық активтердің өзгеруі:

Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	(19,130)	(3,314)
Банктердегі қаражат	(8,471)	(29,276)
Клиенттерге және банктерге берілген несие	(915,585)	(469,889)
Басқа активтер	(8,866)	14,113

Операциялық міндеттемелердің өзгеруі:

Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	22,590	90,741
Клиенттердің қаражаты	768,065	1,635,698
Басқа міндеттемелер	20,529	14,039
Салық салғанға дейін операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының келіп түсуі	75,892	1,367,933
Төленген табыс салығы	(40,226)	(6,886)
Операциялық қызметтен ақша қаражаты ағынының таза түсімі	35,666	1,361,047
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Бизнесерді біріктіру салдарынан сатып алынған ақша қаражаты және олардың баламалары	1,758	38,408
Еншілес ұйымды сатып алу	(3,982)	(50,000)
Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден және сатудан түскен түсім	3,985,421	2,495,144
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(3,740,266)	(2,946,158)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(17,193)	(14,943)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	726	105
Инвестициялық қызметтегі ақша қаражаты ағынының таза түсімі/(пайдаланылуы)	226,464	(477,444)

	2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Меншікті акцияларды шығарудан түскен түсім, нетто	аяқталған жыл	122
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	-	13,879
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу және өтеу	(25,999)	(29,040)
Шығарылған реттелген облигацияларды өтеу	(3,499)	(5,000)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	(519)	(251)
Қаржылық қызметте ақша қаражаты ағынының таза пайдаланылуы	(29,195)	(20,290)
Шетелдік валюта бағамы өзгерісінің ақша қаражатына және олардың баламасына ықпалы	(15,558)	11,152
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА АРТУЫ	217,377	874,465
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында	1,135,957	261,492
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында (14-ескертпе)	1,353,334	1,135,957

8-109-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2024 жылғы 4 наурызда бекітті және оның атынан қол қойғандар:



Владимиров Р.В.

Президент

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



Овсянникова А.С.

Вице-президент, Басқарма мүшесі

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



Нургалиева А.Т.

Бас бухгалтер

2024 жылғы 4 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің толық нұсқасы Банктің сыртқы сайтында орналастырылған, келесі сілтемені басу арқылы танысуға болады:
<https://www.bcc.kz/about/finansovye-rezultaty/>



2023